

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# *Қазақстан* **КОММУНИСТІ**

---

**10**

**ОКТЯБРЬ**

**1966**

**АЛМАТЫ**

КАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# *Қазақстан* **КОММУНИСТІ**

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

—  
ШЫҒУЫНА 45 ЖЫЛ

---

10

ОКТЯБРЬ

1966

---

## **Бұл номерде:**

*Шаруашылық реформасы  
жүзеге асуда*

*Қазақстан миллиарды—  
береке, құт, мол дәулет*

*Бастауыш партия ұйымдарының  
есеп беру-сайлау жиналыстары*

*Партия оқуы жүйесінің  
жаңа жылы*

*Даңқты қос мереке алдында*

*Ұлт-азаттық қозғалысы—  
әдебиеттің өзекті тақырыбы*

# МАЗМҰНЫ

## КПСС XXIII СЪЕЗІНІҢ ТАРИХИ ШЕШІМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАЙЫҚ

Бас мақала — Партия ұйымдары және өндірістің тиімділігі . . . . .	3
Ауыл шаруашылығының жауапты кезеңі . . . . .	9
Б. Сәдуақасов — Берік жемшөп қоры — мал шаруашылығын өркендетудің негізі . . . . .	15
Ғ. Мүсірепов — Әдебиетіміздің ізгі дәстүрі (әдеби шығармалардағы ұлт-азаттық қозғалысы тақырыбы) . . . . .	21

## ДАҢҚТЫ ҚОС МЕРЕКЕ АЛДЫНДА

А. Сармұрзин — Коммунистік партия — қазақ халқының ұлттық мемлекетін құрушы . . . . .	25
---	----

## ӨНДІРІС ЖӘНЕ КОЛЛЕКТИВ

М. Аяпов — Ащысай полиметалл комбинаты — советтік индустрияның алыбы . . . . .	30
--	----

## ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

О. Батырбеков — Жергілікті Советтердің ролі күшейтілсін . . . . .	34
Б. Әдетов — Колхоз коммунистерінің ойлары мен ұсыныстары . . . . .	40
Жұмыла көтерген жүк жеңіл. (Сұраққа жауап) . . . . .	44

## МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ТЕОРИЯСЫН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК. МЕТОДИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

В. И. Лениннің өмірбаянын оқып-үйренуге арналған материал. Россиядағы маркстік партияның негізін қалаушы және көсемі . . . . .	45
Т. Жұмағазин — Қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықтарды жою мәселесі . . . . .	51
Г. Пряникова — Насихатшы кезекті сабаққа қалай даярланады? . . . . .	56


## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Н. Локтев — Жаңа жүйе — жаңа қадам . . . . .	59
М. Бөлекбаев — Игі шаралар алға бастайды . . . . .	64

## ҒЫЛЫМ. МӘДЕНИЕТ. ИДЕОЛОГИЯ.

Қ. Жанаев — Білім бұлағы мектепте . . . . .	68
Г. Жәркешева — Абай шығармаларындағы ақындық сөз орамы . . . . .	72
А. Қалиғожин, Ғ. Зұлхаров — «Интернационалдың» авторы (Э. Потъенің туғанына 150 жыл) . . . . .	76

Партия тұрмысының хабарлары . . . . .	79
Журнал оқушыларына . . . . .	80



# КПСС XXIII СЪЕЗІНІҢ ТАРИХИ ШЕШІМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАЙЫҚ

## ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІҢ ТИІМДІЛІГІ

Бұдан бір жыл бұрын партияның Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы еліміздің халық шаруашылығының жетекші саласы — социалистік өнеркәсіпте экономикалық реформа жүргізу, яғни жоспарлауды жетілдіру және өнеркәсіп өндірісін экономикалық жағынан көтермелеуді күшейту туралы тарихи шешім қабылдады. Бұл экономикалық реформаның мақсаты — халық шаруашылығына басшылық жасауда экономикалық әдістер мен көтермелеудің ролін күшейту, мемлекеттік жоспарлауды жетілдіре отырып, кәсіпорындардың шаруашылықты жүргізудегі дербестігі мен инициативасын арттыру, коллективтің және әрбір жұмысшы мен қызметкердің өндірістің тиімділігі үшін мүдделілігі мен ынталылығын арттыру болатын.

Партия белгілеген бұл шараларды бүкіл совет халқы қызу қолдап, оны жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етуде. Жаңа экономикалық реформа қазір уақыт талқысынан, өмір сынынан өтті. Сондықтан да халық шаруашылығына экономикалық әдістер арқылы жоспарлы басшылық жасауды партияның тарихи XXIII съезі жаңа бесжылдық жоспарды орындаудың шешуші шарттарының бірі деп көрсетіп, оны жаппай жүзеге асыруды міндеттеді. Съездің шешімінде былай деп көрсетілген: «Шаруашылықты жүргізудің жаңа жүйесі еліміздің орасан зор өндіргіш күштерін тиімді пайдалану үшін, халықтың әл-ауқатының шапшаң өсуі үшін, социалистік құрылыстың артықшылықтарын толық ашу үшін анағұрлым қолайлы жағдайлар жасап береді».

Партияның Орталық Комитетінің март және сентябрь Пленумдары, КПСС XXIII съезі партияның халық шаруашылығына басшылық жасау қызметіне мүлде жаңа бардар көрсетіп, елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау дәуіріндегі оның экономикалық саясатын белгілеп берді. Партияның экономикалық саясаты еліміздегі коммунистік құрылыстың күнделікті практикасын терең зерттеу арқылы маркстік-лениндік ілімнің берік негізіне сүйеніп жасалған. Ол ғылым мен объективтік экономикалық заңдардың талаптарын, біздің елдегі және туысқан социалистік елдердегі социализм құрылысының тәжірибелерін ескеріп отырады.

Партияның экономикалық саясатының негізгі міндеті, КПСС XXIII съезінің бесжылдық жоспар жөніндегі Директиваларында көрсетілгендей, ғылым мен техниканың жетістіктерін жан-жақты пайдалану, бүкіл қоғамдық өндірісті индустриялық жағынан өркендету, оның тиімділігін күшейтіп, еңбек өнімділігін арттыру негізінде өнеркәсіп өндірісінің өсуін, ауыл шаруашылығын тұрақты жоғары қарқынмен өркендетуді қамтамасыз ету, бүкіл совет адамдарының материалдық және мәдени қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруға жету болып отыр.

Бұл міндеттерді толық жүзеге асыруда партия ұйымдарының шаруашылыққа басшылығын, оның әдістері мен тәсілдерін барынша жетілдіре беру шешуші роль атқарады.

Шаруашылыққа партиялық басшылықтың негізгі принциптерін кезінде ұлы көсеміміз В. И. Ленин айқын тұжырымдап берген болатын. Ол

принциптер мынадай: ғылыми негізделген дұрыс экономикалық саясат белгілеп, оны тиянақтылықпен жүзеге асыру, саяси жұмыс пен ұйымдастыру-шаруашылық жұмысты ұштастыра жүргізу, мемлекеттік және шаруашылық органдардың міндеттерін айқын белгілеп, олардың жауапкершілігін арттыра беру, бұқараның еңбектегі белсенділігі мен творчестволық инициативасын өрістете беру, шаруашылық кадрларын іріктеп алып, тәрбиелеу, шаруашылық ұйымдарының жұмысына бақылау жасау. Шаруашылыққа партиялық басшылықтың бұл принциптері партияның Орталық Комитетінің шешімдерінде, әсіресе Орталық Комитеттің март және сентябрь (1965 ж.) Пленумдарының шешімдерінде, партияның XXIII съезінің шешімдерінде жаңа жағдайға сай дамытыла түсті.

Республикамыздың партия ұйымдары сентябрь Пленумының шешімдерін жүзеге асыра отырып, өзінің өнеркәсіпке басшылығын бүтіндей қайта құрды, экономиканы басқарудағы субъективизмнің қалдықтарына қарсы батыл күрес жүргізді. Жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің Орталық Комитет белгілеген шаралары Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінен бастап, барлық партия комитеттері мен партия ұйымдарында кеңінен талқыланып, әрбір кәсіпорын коллективі экономикалық әдістерді күшейте берудің, ішкі резервтерді кеңінен пайдаланудың, өндірістің тиімділігін арттыра беруге жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің материалдық және моральдық ынта-жігерін күшейте түсудің шараларын белгіледі.

Бұл шараларды жүзеге асыруда кәсіпорындардың бастауыш партия ұйымдары, коммунистер ерекше күш-жігер жұмсады. Олар сентябрь Пленумы белгілеген шаралардың мазмұны мен мәнін бұқараның сана-сына жеткізіп, олардың қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру жолындағы белсенділігін арттыра түсті.

Сентябрь Пленумынан бергі уақыт республиканың партия комитеттері мен партия ұйымдары үшін іздену жылы болды, партия жұмысының практикасы әкімшілік жасау, асығып-аптыру, субъективизм сияқты жарамсыз әдістерден арылып, шаруашылыққа басшылықтың дәйекті де байсалды, көрегендік, экономикалық әдістерге негізделген стилі қалыптаса бастады. Мұның өзі республикамызда экономикалық реформаның ойдағыдай жүзеге асырыла бастауына қолайлы жағдай жасады.

Экономикалық реформаны жүзеге асыру дегеніміз барлық кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарын біртіндеп толық шаруашылық есепке көшіру, яғни әрбір кәсіпорынның рентабельді жұмыс істеуін, мемлекетке пайда беруін және қызметкерлердің бұған материалдық жағынан ынталы болуын, жауапкершілігін қамтамасыз ету деген сөз. Совет мемлекетін құрушы және социалистік экономиканы ұйымдастырушы ұлы көсеміміз Ленин осыны талап еткен болатын. Елімізде совет өкіметі орнағаннан кейін оның кезектегі міндеті социалистік экономиканы ұйымдастыру екенін көрсете келіп, В. И. Ленин мұның негізгі принципі ретінде Совет өкіметі үшін ең зәру мәселе еңбек өнімділігін арттыру, әрбір мемлекеттік кәсіпорынның зиянсыз жұмыс істеуін және пайда беруін қамтамасыз ету деп үйретті.

Шаруашылық есепке көшу кәсіпорындардың инициативасы мен дербестігін арттырумен бірге өнеркәсіпке бір орталықтан жоспарлы басшылық жасауды да күшейтеді. Мемлекет бір орталықтан жоспарлы басшылық жасай отырып, өнеркәсіптегі негізгі пропорцияларды қамтамасыз етіп, жетілдіреді, өндірістің дұрыс орналастырылуын және экономикалық аудандардың өркендетілуін, техниканы дамытуда, күрделі құрылыста, баға, жалақы, финанс және кредит саласында бірыңғай саясат жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Экономикалық реформа Қазақстан өнеркәсібінің барлық саласын кеңінен қамтып келеді. Жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне еліміздегі түсті металлургияның ту ұстаушысы —

В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты бірінші болып көшті. Ақтөбе ферросплав, Шымкент цемент, Қарағанды жасанды каучук заводтары, Балқаш кен-металлургия комбинаты, Семей шұға комбинаты, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің бірнеше кәсіпорындары, бірсыпыра автомобиль шаруашылықтары және басқа кәсіпорындар қазір жаңа жүйе бойынша ойдағыдай жұмыс істеуде.

Жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне көшкен бұл кәсіпорындар негізінен рентабельді жұмыс істеп келе жатқан озат кәсіпорындар болатын. Осыған қарамай, ол коллективтерге жаңа жүйеге көшу үшін үлкен әзірлік жұмыстарын жүргізуге, ең алдымен өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды жетілдіре түсуге, адамдарды экономикалық біліммен қаруландыруға, оларға партия белгілеген бұл шаралардың мазмұнын кеңінен түсіндіруге тура келді. Бұл жұмыстар партия ұйымдарының басшылығымен жүзеге асырылуда.

Журналымыздың осы номерінде Ақтөбе ферросплав заводы партия комитетінің секретары Н. Локтев жолдас жаңа жүйеге көшу алдындағы әзірлік жұмыстарының, кәсіпорын коллективінің шаруашылық есепті жүзеге асырып, өндірістің тиімділігін арттыра беру жолындағы, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру жұмыстарының тәжірибесін ортаға салады.

Жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне көшкен коллективтер сыйлық ақы қорларының мөлшерін көбейту үшін өнім өткізу жөнінде өздеріне көтеріңкі жоспарлар алды. Мұндай құбылыс біздің өнеркәсіпте бұрын болып көрген емес еді. Әдетте кәсіпорынның басшылары да, коллектив те жоспардың неғұрлым аз болғанын тілейтін. Өйткені мұндай кәсіпорын жоспарды артық орындағаны үшін сыйлық алатын.

Жоспардың көтеріңкі болуына қарамай, жаңа жүйеге көшкен кәсіпорындардың бәрі дерлік өнім өткізу жөніндегі тапсырмаларын артығымен орындап, өнімдердің түсер құнын арзандатып, еңбек өнімділігін арттырып, жоспардан тыс пайда алуда. Мысалы, Балқаш кен-металлургия комбинатының коллективі жаңа жүйеге көшумен байланысты өндірістік жоспарды 2,5 процентке көтеріп, бірнеше миллион сомның қосымша өнімін шығаруға, көтермелеу қорын 600 мың сомға көбейтуге ұйғарған болатын. Комбинат алғашқы жарты жылдықтың қорытындысына қарағанда бұл міндетті ойдағыдай орындауда. Жоспар барлық көрсеткіштері бойынша артығымен орындалуда, өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда рафинадталған мыс бір жарым есе, қара мыс үш есе артық шығарылды, тұтынушыларға жоспардан тыс көптеген басқа өнімдер жіберілді. Бұрын комбинат шығаратын өнімдердің 70 проценттейі екінші сортпен өтетін, қазір өнімнің сапасы түгелдей дерлік бірінші сортқа жеткізілді. Өндірістің тиімділігі артуы нәтижесінде комбинатта материалдық көтермелеу қоры қазірдің өзінде 1,3 миллион сомдайға, әлеуметтік-мәдени қор 311 мың сомға жетті, жүздеген мың сом қаржы өндірісті жетілдіре беруге жұмсалуда. Қазірдің өзінде жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысы орта есеппен әрбір жұмыс істейтін адамға шаққанда 5 процент өсті.

Коллектив бұл табысқа қалай жетті? Жоспарлаудың жаңа тәртібі— жоғарыдан белгілеп берілетін көрсеткіштердің мейлінше азайтылуы өндірісті жетілдіру мәселесін кәсіпорынның дербес те жедел шешуіне қолайлы жағдай туғызды. Комбинатта негізгі қор мен айналмалы қаржылар цехтар мен кәсіпорындарға бекітіліп берілді, олардың пайдалану жағдайына экономикалық талдау жасалды. Комбинатта 5 миллион сомның пайдаланылмай жатқан және керексіз жабдықтары бар екені анықталып, олар басқа өнеркәсіп орындарына өткізілді. Комбинаттың цехтары мен кәсіпорындарының шаруашылық есепке көшірілуі нәтижесінде олар өндірістік қорларды неғұрлым тиімді пайдалану, өнім шығаруды арттырудың ішкі резервтерін толық іске қосу, өнімдердің

сапасын арттыру жолындағы күресті күшейтті. Шаруашылық есептің шарттарын мерзімінде бұлжытпай орындауға қатаң материалдық жауапкершілік орнатылды.

Мұндай табысқа жетудің тағы бір мықты қозғаушы күші — жаңа экономикалық реформаны жүзеге асырудың нәтижесінде жұмысшылар мен қызметкерлердің өндірістің тиімділігін арттыруға материалдық ынталылығы мен жауапкершілігі артты. Инженер-техник қызметкерлердің де, қатардағы жұмысшылардың да өндіріс мәселесіне көзқарасы, олардың өзара қарым-қатынасы өзгерді, олар экономикалық білімге ден қойып, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың жағдайына талдау жасастыруға дағдылана бастады. Сөйтіп алаңдардың ынта-жігері өндірістің өсуіне игілікті әсерін тигізуде.

Жаңа жүйеге көшкен кәсіпорындар жұмысының алғашқы тәжірибесі партияның Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы белгілеген шаралардың өнеркәсіпті өркендетуде игі нәтижелер бере бастағанын дәлелдеді. Жаңа жүйеге бірінші болып көшкен еліміздегі 43 кәсіпорын жұмысының биылғы жылдың бірінші тоқсанындағы экономикалық нәтижесі мынадай. Бұлар бірінші тоқсанда қәтерінкі жоспардың өзін 103,7 процент орындап, жоспардан тыс 25 миллион сомның өнімін өткізді, 8 миллион сом жоспардан тыс пайда алды. Бұлар өнім шығаруды өткен жылғы осы уақыттағыдан 8,4 процент арттырды. Осымен бірге бұл кәсіпорындарда еңбек өнімділігі едәуір өсті. Жоспарлы тапсырманың өткізілген өнім бойынша берілуі кәсіпорындарды неғұрлым жаңа, сапалы өнімдер шығаруға мүдделі етіп отыр. Сонымен бірге кәсіпорындардың негізгі қор мен айналымды қаражат үшін ақы төлейтін болуы (6 процент мөлшерінде) олардың неғұрлым жақсы пайдаланылуына, нормадан артық запастардың азаюына жеткізді.

Міне мұның бәрі экономикалық реформаны жүзеге асыруда қол жеткен алғашқы табыстар мен бағалы тәжірибелер. Осымен бірге бұл үлкен де жауапты істі жүзеге асыруға байланысты елеулі қиыншылықтар мен кемшіліктер де байқалды. Алдымен жаңа жүйеге көшкен кәсіпорындардың жұмысын ескіше жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорындардың біраз бөгеп отырғанын айту керек. Шикізаттың мезгілінде жеткізілмеуі, өткізілген өнім үшін қаржының уақытында түспеуі сияқты кемшіліктер жаңа жүйеге көшкен кәсіпорындардың жұмысында елеулі қиыншылықтар тудырады. Материалдық жабдықтау ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктер, кәсіпорындардың арасындағы договорлық шарттардың дәл орындалмауы, шаруашылық есепке көшуге байланысты кейбір мәселенің шешілмеуі де жұмысқа салқынын тигізіп келеді.

Бұл жөнінде бір мысал келтіруге болады. Көп жыл бойы өзінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен үлгі көрсетіп келе жатқан Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты жаңа жүйеге көшкеннен кейін алғашқы екі айда өнім өткізу жоспарын орындай алмады, сөйтіп сыйлық қорын жасай алмады, жұмысшылардың жалақысы да өспеді. Мұның себебі комбинатқа басқа жақтан тасылып әкелінуге тиісті шикізаттың мөлшері мен өңделу мерзімі дұрыс жоспарланбаған болып шықты.

Өндірісті жоспарлаудағы бұл кемшілік коллективтің экономикалық реформаны ойдағыдай жүзеге асыруына кедергі жасады. Сол сияқты цехтар мен учаскелер шаруашылық есепті енгізуге әзірленбеген болып шықты. Республиканың түсті металлургия министрлігі кәсіпорын коллективінің бұл қиыншылықтарды дереу жеңуіне көмектесуі тиіс еді. Бірақ ол оралымсыздық жасады. Кәсіпорынның зәру мәселелерін шешпеді. Бұл министрлік әлі де кәсіпорындардың экономикалық реформаны жүзеге асыруына нашар көмектесіп келеді. Ол жаңа жүйеге көшуге байланысты ұйымдық-техникалық мәселелерді қолама-қол шешпейді сонымен бірге кәсіпорындардың озат тәжірибесін қорытып, таратып отырмайды.

Қазір өнеркәсіп министрліктері жаңа жүйеге көшкен кәсіпорындардың тәжірибесін зерттей отырып өз саласында экономикалық реформаны толық жүзеге асыру жөнінде үлкен ұйымдастыру-техникалық шараларды жүзеге асыруға міндетті. Бұл үшін министрліктердің жұмысын жаңа талапқа сай жетілдіре беру керек, олар бұрынғыдай кәсіпорындарға әкімшілік жолмен ұсақ-түйек қамқорлық жасаудан бас тартып, бүрделі экономикалық мәселелерді зерттеп, шешуге тиіс.

Жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне кәсіпорындар біртіндеп көшірілуде. Келесі жылдың басынан бастап жаңа жүйеге жеңіл және тамақ өнеркәсібінің кант, макта-мата, жүн-мата, жібек, трикотаж өндірісі, шарап жасау, кондитер тағамдарын жасау сияқты салалары түгел көшеді. Осымен бірге біздің республикада күсті металлургия өнеркәсібінің 7 кәсіпорны, химия өнеркәсібінің барлық кәсіпорындары, мұнай өнеркәсібінің екі кәсіпорны, машина жасау өнеркәсібінің екі кәсіпорны экономикалық реформаны жаңа жылдан бастап жүзеге асырмақшы. 1968 жылы экономикалық реформа толық аяқталуға тиіс.

Алайда бұл істің табысты болуы әзірлік жұмыстардың дәрежесіне байланысты. Өнеркәсіп министрліктері, кәсіпорындардың басшылары өндірістік цехтар мен бөлімшелерді шаруашылық есепке көшіруге осы бастан әзірлік жасауға тиіс. Бұл жөнінде барлық кәсіпорындарда экономикалық жұмысты күшейтудің, техникалық қызмет көрсету топтарының жұмысын жолға қоюдың, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың маңызы зор.

Екінші бір үлкен міндет — жаңа жағдайда жұмыс істеуге сай кадрларды даярлау, оларды дұрыс орналастыру. Шаруашылық кадрларына қойылатын талап мықтап артты. Олардың терең экономикалық білімі болумен бірге олар іскер, инициативалы, жаңаны сезгіш болуға тиіс. Партия мен үкімет шаруашылық басшыларының праволарын кеңейтумен қатар оларға зор жауапкершілік жүктеп отыр. Бұрын кәбінесе жоғарыдан белгіленіп берілетін тапсырма-жоспарларды енді олардың өздері қарап шешуіне тура келеді.

Бұл жөнінде жаңа жүйеге алғаш көшкен кәсіпорындар кадрлары елауір тәжірибе жинақтады. Ол тәжірибенің жақсы да озат жақтарын кеңінен насихаттау керек. Қысқасы, шаруашылық кадрларын шаруашылық-экономикалық міндеттерді партияның саясаты тұрғысынан дұрыс шеше білетін етіп тәрбиелеу керек.

Жаңа жүйеге ойдағыдай көшудің тағы бір мықты кепілі — еңбекшілердің, кәсіпорын коллективтерінің творчестволық белсенділігін өрістетіп беру. Түрлі өндірістік кеңестер, топтар, комиссиялар арқылы еңбекшілерді өндірісті басқару ісіне кеңінен қатыстыра берген мақұл.

Сол сияқты техникалық прогресс, озат тәжірибені өндіріске енгізу жолындағы күрес, социалистік жарысты кеңінен ұйымдастырып, оның бар күшін осыған бағыттау жаңа экономикалық реформаны ойдағыдай жүзеге асырудың маңызды бір мәселесі болып табылады. Бұл салада партия ұйымдарының атқарар міндеті үлкен. Бұл жөнінде Қазақстан партия ұйымында жүргізіліп отырған бірқатар істер үлгі бола алады. Жақында кәсіпорындардағы экономикалық талдау бюролары мен топтары жетекшілерінің республикалық кеңесі өткізілді. Кеңестің алдында республикада экономикалық жұмыстың жағдайы терең зерттелді. Кеңесте экономикалық жұмысты жақсарту жөнінде бірсыпыра шаралар белгіленді, сонымен бірге ол жөніндегі бағалы тәжірибелер қорытылып, таратылды. Август айының аяғында Кентау қаласында техникалық прогресс жолындағы күреске партия ұйымдарының басшылығы туралы түсті металлургия кәсіпорындары партия комитеттері мен партия ұйымдары секретарьларының семинар-кеңесі өткізілді. Бұл кеңесте партия ұйымдарының өкілдері жаңа жағдайдағы жұмыс тәжірибесімен танысты.



Қазіргі жағдайда партия ұйымдарының барлық күші Орталық Комитеттің сентябрь Пленумының және партияның XXIII съезінің тарихи шешімдерінен туатын міндеттерге жұмылдырылуға тиіс. Партия органдары оларды осы міндеттерге дұрыс бағыттап отыру үшін елімізде жүзеге асырылып жатқан экономикалық реформаның басты мәселелерін титтей де назардан тыс қалдырмауы керек. Мұнда кадрларды жаңа міндеттерге сай оқытып, тәрбиелеу, кәсіпорындардағы экономикалық жұмысты ұйымдастыру және істің орындалуын тексеріп отыру шешуші маңыз алады. Партия комитеттері бұл міндеттерді бастауыш партия ұйымдарына, барша коммунистерге мықтап сүйенгенде ғана ойдағыдай орындап шықпақ.

Кәсіпорындардың праволары кеңейтіліп, олардың дербестігі артумен байланысты өндірістегі партия ұйымдарының ролі де күшейіп отыр. Бұл ұйымдардың жұмыстарында өндірісті ұлғайту, өнімнің сапасын жақсарту және экономикалық көтермелеу шараларын дұрыс пайдалану мәселелері көрнекті орын алуға тиіс. Осымен бірге партия ұйымдары адамдарды еңбекке жігерлендірудің моральдық шараларын да кеңінен қолданып, еңбекшілердің коммунистік саналылығын арттыра беру үшін күрес жүргізуі керек.

Кейбір партия комитеттері өнеркәсіп партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесін қорытып, тарату жөнінде игі қадам жасап отыр. Мысалы, жақында Ақтөбе қалалық партия комитеті өзінің кезекті пленумында Ақтөбе ферросплав заводы партия комитетінің жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жағдайындағы жұмыс тәжірибесі туралы мәселе қарады.

Сонымен қатар облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің өнеркәсіпке басшылық жұмысында елеулі кемшіліктер де бар. Кейбір партия комитеттері кәсіпорындардың басшыларын, бас мамандарын жиі-жиі шақырып, «жедел мәжіліс» өткізеді. Әдетте мұндай кенесте кәсіпорын басшылары бір-біріне «өкпесін», талабын айтады. Бірақ мәселе мұнымен түпкілікті шешілмейді, өйткені оның шешілуі көбінесе министрліктер мен ведомстволарға байланысты.

Бұдан партия комитеттері өндіріске араласпау керек деген қорытынды жасауға болмайды. Қайта олар қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру мәселесіне, әсіресе өндірістің экономикасына, бұқара арасындағы саяси-тәрбие жұмысына терең мән бере отырып, әрдайым кадрларға жоғары талап қоюға, істің орындалуын тексеруге, партиялық және мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Экономикалық реформаны жүзеге асыруда партияның жауынгер көмекшісі — баспасөздің ролі ерекше күшті. Баспасөз органдары — газеттер мен журналдар жаңа экономикалық реформаны жүргізумен, халық шаруашылығына басшылықты қайта құрумен байланысты қоғамдық өндірісте болып жатқан техникалық-экономикалық өзгерістерді, олардың совет адамдарының санасына, психологиясына, көңіл күйіне де тигізіп жатқан әсерін терең ашып көрсетуге тиіс. Журналистердің жақында болып өткен республикалық және одақтық съезінде атап көрсетілгендей, баспасөз қызметкерлері экономикалық құрылыстағы озат, жаңалық, атаулының, прогрестің жан ашырлары болуға тиіс.

Экономикалық реформаның негізіне алынған принциптердің мейлінше дұрыс екенін, еліміздегі коммунистік құрылыстың талаптарына сай екенін алғашқы тәжірибе толық дәлелдеді. Шаруашылыққа басшылықтың экономикалық әдістерін барынша жетілдіруде, кәсіпорындардың шаруашылықты жүргізудегі инициативасын арттыруда, шаруашылық есептің принциптерін қатаң сақтауда, адамдардың материалдық ынталылығын күшейтуде партия ұйымдары жетекші күш болып келді және бола бермек.

# Ауыл шаруашылығының жауапты кезеңі

Советтік Қазақстанның ұлан-байтақ жерінде бұл күндері миллиард деген сөз ерекше асақ та жиі естіледі. Мән-мағынасы зор бұл сөз ақындардың жырына өзек, композиторлардың «кұлақтан кіріп, бойды алар» ән әуендерін шығаруына тиек болуда.

Иә, республикамыз Отан камбасына жоспардағы 598,2 миллион пұт орнына **бір миллиард 15 миллион пұт астық** құйды. Мұның 872,5 миллион пұты негізгі азық-түліктік дақыл — ақ маржандай, алтын дән — бидай. Бұл хабар ел еңбекшілерін шексіз қуанышқа бөледі.

Қазақстан дикандарының еңбектегі тамаша жеңісіне Қостанай облысының егіншілері елеулі үлес қосты, олар мемлекетке 260 миллион пұт астық сатты. Мұның өзі жоспардағыдан екі есе көп. Целиноград облысының шаруашылықтары да Отан қоймаларына 168,4 миллион пұт, Қөкшетау облысының шаруашылықтары 132,5 миллион пұт астық өткізді. Солтүстік Қазақстан облысының дикандары астық сатудың екі жылдық жоспарын орындап, елімізге 103,8 миллион пұт астық берді. Сол сияқты республиканың ірі табысқа жетіп, үлкен абыройға ие болуына Павлодар, Ақтөбе, Орал, Қарағанды, Семей, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстарының дикандары да айтарлықтай үлес қосты.

Аудандардың барлығы дерлік астық сату тапсырмасын едәуір асыра орындағанын атап өткен жөн. Оның ішінде 50 аудан жоспарды екі есе асыра орындап шықты. Мысалы, Федоров ауданы мемлекет қоймаларына 26 миллион пұттан астам, Урицкий — 24 миллион пұттан астам, Рузаев — 24 миллион пұттан астам, Октябрь, Қарасу аудандарының әрқайсысы 21 миллион пұттан астам, Орджоникидзе, Есіл аудандарының әрқайсысы 20 миллион пұттан астам астық құйды. 10 миллионнан астам пұт астық өткізген аудандар көп-ақ. 339 совхоз бен колхоз әрқайсысы бір миллион пұттан астам астық сатты.

Астық дайындау мөлшерін арттыру жолында қол жеткен табыстармен қатар мынаны да атап өткен жөн. Бітік егін өсірген совхоздар мен колхоздарымыз алдағы жылдың егісіне керекті жоғары сапалы сортты тұқыммен өздерін толық қамтамасыз етті, колхозшылардың еңбек күндеріне астық беріп, механизаторларға заттай ақы төледі, мал шаруашылығының қажеттері үшін жем қорын жасады.

Қазақстан еңбекшілерінің мол астық үшін жорықтағы керемет жеңісі тарихи март Пленумының және ХХІІІ съездің шешімдерінде белгіленген шараларды дәйектілікпен жүзеге асырудың шарапаты. Бұл — сүйікті партиямыздың жалпы экономикалық саясатының, ауыл шаруашылығын үрдіс өрге бастыру жолында ұстап отырған бағытының өте дұрыс екенін дәлелдейтін мықты айғақ. Ал КПСС-тің лениндік экономикалық саясаты сайып келгенде социалистік шаруашылықты оған әрі өрге бастыру, Отанымыздың қорғаныс күш-қуатын шығайту, еңбекшілердің әл-ауқатын жақсарту беру мақсатын көздейді. Партияның саясатын халықтың әрдайым қолдап отыратыны, оны іске асыруға бар күшін аямай жұмсайтыны міне осыдан.

Миллиард айтар ауызға ғана оңай, әйтпесе ол қыруар астық. Әрине, таңғажайып бұл жеңіс өздігінен келген жоқ. Ол ала жаздай жарғақ құлағы жастыққа тимеген дикандардың, жер мен дақылдар сырын ашуға ат салысқан агрономдардың, техника тіліне жүйрік механизаторлардың, сан мыңдаған колхозшы, совхоз жұмысшысы қауымының қаһармандық ерен ерлік еңбегінің нәтижесі. Өйткені тарихи март Пленумының шешіміне орай ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан материалдық-

техникалық көмектің күшейтілуі, нақты дайындау жоспарларының белгіленуі, өнімдер сатып алу бағасының арттырылуы, өндірісті өркендету ісінде материалдық көтермелеу шараларының жаппай қолданылуы — міне осының бәрі ауыл-село еңбеккерлерінің инициативасын өрістетіп, колхоз, совхоз экономикасын көтеруге деген ынта-жігерін тасытты.

Миллиард—жұртшылықты шабытты еңбекке жұмылдырып, кездескен қиыншылықты жеңуге ерінбей, жалықпай үйретіп отырған партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының сан қырлы саяси ұйымдастыру жұмыстарының жемісі.

Қазақстан миллиарды республика колхозшылары мен совхоз жұмысшыларының биылғы 9 октябрьде өткізілген «Ауыл шаруашылық қызметкерлерінің Бүкіл одақтық күніне» тартқан көрнекті сыйлығы болды.

Қазақстан миллиарды — береке, құт, мол дәулет!

Астық — ел ырысы, дастархан берекесі деп халық бекер айтпаған. Астық — бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің өзегі, мызғымас тұғыры. Өйткені өзге салалардың дамуына астық қана арқау болып отырады. Мысалы, малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру, соның негізінде етті, сүтті, майды, жүнді, елтіріні мол дайындау егіншіліктің өрге басуына да тікелей байланысты.

КПСС XXIII съезі бекіткен бесжылдық жоспар жөніндегі Директиваларда қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің маңызы ерекше атап көрсетілді. Сондықтан да Директиваларда: «Колхоздар мен совхоздардың, партия, совет, жоспарлау және ауыл шаруашылығы органдарының басты назары **астық өндіруді және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді молайтуға** аударылатын болсын» деп жазылды.

Біздің республикамыз ежелден мал өсірумен даңқы шыққан өлке. Сондықтан Қазақстанға халықтың, Отанның артар үміті де зор. Бесжылдықта республика мал шаруашылығының шығар биігі де асқар таудай. Бізде 1970 жылдың аяғына дейін қой саны 40 миллионға, ірі қара 7,5 миллионға жеткізілуге, дайындалатын ет 1 миллион 200 мың тонна, сүт 1 миллион 860 мың тонна, жүн 115 мың тонна болуға тиіс.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің көмегі, күнделікті басшылығы арқасында республика малшылары малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жолында қажырлы күрес жүргізіп келеді. Көптеген колхоздар мен совхоздарымыз бұл тұста біраз табысқа да жетті. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында ет өндіру мен сатып алу мөлшерін арттыруда Қостанай облысы, сүт өндіру мөлшерін арттыруда Орал облысы республика малшыларының социалистік жарысында озып шығып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Казсовпрофтың ауыспалы Қызыл туларына ие болды. Ендігі мәселе қол жеткен табысты баянды ету, мал шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспарын ойдағыдай орындау жолында тынбай күресу болып отыр.

Қазір мал шаруашылығындағы жауапты кезең — мал қыстату жақындап келеді. Малдың қолға қарау маусымына әрбір ферманың ұйымшылдықпен кірісіп, оны ойдағыдай өткізуінің маңызы ерекше. Мал қыстатуды тыңғылықты өткізу дегеніміз мал шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспары мерзімінен бұрын орындауға қолайлы жағдай жасап, ет, сүт, жүн және басқа өнімдерді өндіруге берік негіз қалау деген сөз. Міне, сондықтан да Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі жақында «Республиканың колхоздары мен совхоздарында 1966—1967 жылы мал қыстатуға әзірлікті аяқтау және бұл жұмысты өткізу жөніндегі шаралар туралы» арнаулы қаулы қабылдады. Қаулыда мал қыстатуға әзірлік бағытында тындырылған істерге талдау жасалды, малды қыстан күйлі шығару жөнінде әрбір облыстың, ауданның, колхоз бен совхоздың алдында тұрған міндеттер тәптіштеп көрсетілді.

Аса маңызды міндеттердің бірі — малға жемшөпті мол дайындау. Мұның өзі басты мәселе. Жемшөп мол болса, ет те, сүт те болады, мал шығынсыз аман сақталады. Өткен жылдардың ащы тәжірибесінен қорытынды жасаған шаруашылықтарда пішен дайындау, малды қажетті азықпен қамтамасыз ету жөнінде айтарлық жұмыс істелгенін атап өткен жөн. Республика бойынша былтырғы осы уақыттағыдай 3,2 миллион тонна пішен, 4,2 миллион тонна сүрлем артық дайындалды. Республикада мал азығын дайындауды жедел жүргізуде Сарыағаш, Тайпақ аудандары еңбекшілерінің жемшөптің бір жарым жылдық қорын жасау жөніндегі патриоттық бастамалары елеулі роль атқарды. Көптеген колхоздар, совхоздар, аудандар, облыстар бұған қызу үн қосып, нақты міндеттемелер алды. Соның нәтижесінде биыл мал азығын мол дайындауды көздеген жорық жаппай өрістеді. Ал жарыс инициаторлары міндеттемені мүлтіксіз орындаудың үлгісін көрсете білді. Жемшөптің мол дайындалуына шабындықтарда шөптің шығымы жақсы болғандығы қолайлы жағдай туғызды.

Жамбыл облысының партия ұйымдары мал шаруашылығының түбегейлі мәселелерін тиянақты шешуге бетбұрыс жасады. Соның арқасында облыста мал өсірудің биылғы мемлекеттік жоспары түліктің барлық түрінен асыра орындалды. 150 мың қой жоспардан тыс өсірілді. Малдың өнімділігі де тәуір. Бірінші жарты жылдықта мемлекетке ет, сүт сату жоспары асыра орындалды. Қыс маусымына даярлық мәселелерін, жемшөп дайындау ісін партия ұйымдары тікелей өздері басқарды. Шөп шабуға техника адам күші жақсы пайдаланылды. Жұмыстың өнімді болуын қамтамасыз ету мақсатымен механикаландырылған арнаулы отрядтар құрылды. Мойынқұм ауданында пішен дайындайтын осындай 32 отряд жұмыс істеді. Ол отрядтардың құрамында 118 коммунист, 329 комсомолец болды. Осы ауданға қарасты «Шу» совхозы Сарыарқаның өз басынан шөптің берік қорын жасады. Сөйтіп көп күш-қаржы үнемделді. Ал бұрын осы араға пішен жүздеген километр қашықтықтан тасылып, жұрт әуре-сарсаң болатын еді.

Жамбыл облысы пішен дайындау жоспарын артығымен орындап шықты. Отардағы малшылардың жай-күйіне қамқорлық күшейтілді. Бұған малшылар үшін талай жаңа үйдің салынғанын да айтсақ жеткілікті. Қыста жүзден астам автодүкен, ондаған жылжымалы клуб, тұрмыс қажетін өтейтін шеберханалар, мәдени концерт бригадалары малшыларға қызмет көрсететін болады.

Алматы, Шымкент облыстарында да биыл мал азығын мол дайындау мүмкіндіктері біршама тәуір пайдаланылды. Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар облыстары малды жемшөппен қамтамасыз етті. Бұларда жемшөптің сақтық қорын жасау бағытында едәуір жұмыс істелді.

Соңғы бірнеше жылдар бойы Солтүстік Қазақстан облысы пішеннен тапшылық көріп келді. Өткен мал қыстатуда тіпті қамыс пен сабанды оңтүстік аудандардан тасуға мәжбүр болды. Әрине, мұның өзі мал шаруашылығына қолайсыз әсерін тигізбей қойған жоқ. Солтүстік Қазақстандықтар бұл кемшіліктен қорытынды шығаруды ойластыра отырып, биыл пішен дайындауды ерте қолға алды. Шөп шабуды жұмысты комплексі механикаландыру, пішеншілердің еңбегін дұрыс ұйымдастыру, оларға кесімді-сыйлық ақы төлеу сияқты прогрестік жүйені қолдану табысқа жеткізді. Облыс пішен дайындауды үлгілі өткізді, жай мал азығын дайындау жоспарын асыра орындады.

Дегенмен биылғы жылдың қолайлы жағдайын барлық аудандар тосық пайдаланып, қыс маусымына жақсы даярланып отыр деуге болмайды. Әсіресе Ақтөбе облысында істің жайы мақтарлық емес. Сарыағаштықтар мен тайпақтықтардың бастамасына байланысты осы облыстың бірқатар аудандары жемшөптің бір жарым жылдық қорын жинаймыз деп уәде берген еді. Бірақ кейіннен уәде өз бетінше қалды,

сны орындау үшін табанды күрес ұйымдастырылмады. «Әуелі егінді жинап алайық, шөпті сонан кейін дайындаймыз ғой» деп арқаны кенге салушылық орын алды. Осыдан барып Ырғыз, Қандыағаш, Новоресей аудандарында қажетті пішеннің жартысы ғана дайындалды. Соңғы күндері көп жерде шөп шабу тоқтатылды. Ырғыз ауданында дайындалды деген пішеннің жартысынан көбі далада шөмеле күйінде жатыр. Ал аудан совхоздары биыл мыңдаған мал қыстатуға тиіс. Бірақ даярлықтың сиқы анау. Орал облысының Жәнібек, Қарағанды облысының Шет, Ақтоғай, Жаңаарқа, Көкшетау облысының Еңбекшілдер, Шүңье аудандары жөнінде де осыны айтуға болады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысында мал қыстатуға даярлық жұмысындағы орын алып отырған өзге де елеулі кемшіліктер атап көрсетілді. Бірқатар шаруашылықтарда мал қораларын салу, ескі қораларды жөнлеу қарқыны баяу, мал суатын ұйымдастыру, фермаларды кадрлармен толықтыру, малшыларды тұрғын үймен, жылы киіммен қамтамасыз ету істерімен байланысты көп мәселелер түбегейлі шешімін таппай отыр.

Республикамыз жылдағыдай биыл да қыруар малды қысқы отарларда жайып бағады. Бірақ бұл жұмысқа да әзірлік ойдағыдай емес. Ауыл шаруашылық органдары қысқы жайылымдарды зерттеу, ондағы шөл шығымын анықтау, жайылымды пайдалану тәртібін белгілеу жұмыстарын өте кеш қолға алды.

Қазірдің өзінде күн суыта бастады. Қыс — қыр астында. Демек, мал қыстатуға әзірлік ісіндегі кемшіліктерді жедел жою керек.

Өткен жылдары бірқатар аудандар малды қыста бағып-күтуді дұрыс ұйымдастыра алмай, малды едәуір шығынға ұшыратты. Мұның өзі фермаларда мал саиының кемуіне, ет, сүт, жүн және басқа өнімдердің аз алынуына әкеліп соқтырды. Биыл ондай өрескел кемшіліктердің қайталануына ешбір жол бермеу керек. Қазіргі шалағайлық, салдыр-салақтық ертең ақ қар мен көк мұзда қымбатқа түседі. Мұны әрбір малшы жадында берік ұстайтын болсын.

Ең алдымен жемшөптің жетіспейтін орнын толықтыруға баса көңіл бөлу керек. Мүмкін болған жерлерде шөп шабу онан әрі кең өрістетілуі керек. Ол үшін әрбір ашық күнді толық пайдаланған жөн. Сонымен қатар егіннің сабанын барлық жерде толық жинап алу керек.

Қора басына тасылып, маяға салынып, мұқият үйілген шөпті ғана дайындалған пішен деп айтуға болады. Демек, жер қара, күн жылыда пішеннің бәрін қыстауларға тасып алу қажет. Бұған көлікті, автомашинаны, адамды жеткілікті бөлу керек. Қыстауларға шөп тасу 1 ноябрьге дейін толық аяқталуға тиіс. Сүрлем салуға бітік шыққан жүгері балаусасын, қант қызылшаның жапырағын толық пайдалануды, витаминді азық қорын жасауды мықтап ескерген жөн.

Дайындалған бүкіл жемшөп — пішен, сабан, сүрлем, жем мұқият есепке алынып, талаң-тараждан, өрттен аман сақталуға тиіс. Қыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ жемшөптің дұрыс та үнемді жұмсалуды қамтамасыз ету — әрбір колхоз, совхоз, әрбір ферма мен бригада басшыларының, мамандарының тікелей борышы. Бұл іске жауапты адамдар тағайындаудың маңызы зор.

Жемшөп ұқсатылып бергенде ғана малға жұғымды келеді, сонда ғана мал қорынан таймайды, өнімін арттырған үстіне арттыра түседі. Жемшөпті малға алдын ала әзірлеуді — турау, булау, қышқылдандыру жұмыстарын жаппай механикаландыру керек. Жемшөпті малға әзірлеп берудің маңызын көрсете келіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі өз қаулысында былай деп жазды: «Әрбір шаруашылық бойынша нақты жемшөп цехтарының және жемшөп өлдейтін машиналардың қанша екенін анықтау жұмысы қысқа уақыттың ішінде аяқталсын, мұндай жемшөп цехтары мен жемшөп өл-

деу машиналары орнатылып жөнделетін болсын. Жемшөпті қышқылдандыру және булау жұмысы кеңінен ұйымдастырылсын. Малды әбден баптап әзірленген және өңделген сабанмен және басқа да сояулы жемшөппен азықтандыру қамтамасыз етілсін».

Мал шаруашылығында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру малшылардың еңбегін едәуір жеңілдетеді, еңбек өнімділігін арттырады, ең маңыздысы — өнімнің өзіндік құнын арзандатуға жәрдемдеседі. Мысалы, малды автоматты суат арқылы суару еңбекті бірнеше есе жеңілдетеді. Мал ішетін судың өзіндік құны 10—20 есе арзандайды. Мұндай суат салуға жұмсалған шығын да тез өтеледі. Немесе сиырды электрмен саууды алыңыз. Оның пайдасы да ұшан-теңіз. Қолмен саууға қарағанда электрмен сауу еңбек өнімділігін 5 еседей арттырады, әрбір сауыншы 50 және одан да көп сиыр сауады. Жемшөпті ұқсату, қора ішінде пішен тасымалдау, оны малға үлестіру, суару, сиыр сауу, қора тазарту жұмыстарын түгелдей механикаландырғанда шаруашылыққа көп пайда түсетіні озаттардың тәжірибесінен айқын көрініп жүр. Мысалы, Алматы облысындағы «Жаңашар» совхозының, Орал облысының Киров атындағы колхозының тәжірибесі мұны айқын сыпаттайды. Бірақ бұл тәжірибе жұртшылықтың игілігіне айналдырылмаған. Республиканы тұтас алғанда сиыр фермаларында мал суару 77 процент, сиыр сауу 50 процент, қора тазарту 37 процент қана механикаландырылған. Павлодар, Қарағанды, Қызылорда, Шымкент облыстарында бұл жұмыстың дәрежесі оған да төмен. Көп фермаларындағы жұмысты механикаландыруда да елеулі кемшіліктер бар. Көп жерде отар-отар көй қолмен суарылады. «Мал шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін процестерді механикаландыру — деп көрсетті Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясының XII съезіне жасаған есепті баяндамасында, — жұмыстың маңызды учаскесі болып табылады. Таяу жылдары фермаларда еңбектің жекелеген процестерін механикаландырудан барлық өндіріс процестерін түгел механикаландыруға көшу керек». Бұл нұсқаудың нақты іске асуына жергілікті партия, совет ұйымдары күш салуға, осы жөнінде «Сельхозтехника» қызметкерлеріне талапты күшейтуге міндетті.

Жылы, жайлы қора — малды шығынсыз өсірудің, өнімділігін еселеп арттырудың басты шарттарының бірі. Демек, жаңадан қора салу, олардың ескілерін жөндеу жұмыстарын тез аяқтауға барлық күшті жұмсау керек. Ауыл шаруашылығы министрлігі, құрылыс ұйымдары қоғамдық малды қорамен қамтамасыз ету жөнінде мемлекеттің беріп отырған көмегін орынды пайдалана білулері керек.

Қысқа малдың өзін де даярлаудың мәні зор. Семіз қоңды мал ғана қыстан күйлі шығады. Кең өрісті республикамыздың жағдайында малды жайып семіртудің экономикалық пайдасы күшті. Қосымша салмақтың өзінен ұшан-теңіз табыс келтіріп жүрген шаруашылықтар аз емес. Қыс түскенше малды жайып бағуды жақсы ұйымдастырып, бұған шұрайлы жайылымдарды дұрыс пайдалана білу керек.

Партия мен үкіметтің нұсқауына сәйкес әрбір шаруашылықта жемшөп қорын, қора-жайды ескере отырып, малды қыста орналастырудың жоспарын жасап қою керек, онда қанша малдың орталықта, қанша малдың қысқы жайылымда бағылатыны көрсетіліп, қысқы жайылымдарды пайдалану тәртібі белгіленуі шарт.

Барлық істегі тәрізді, мал шаруашылығын өрге бастыру жолындағы күресте де кадрлар шешуші роль атқарады. Өз міндетіне адал қарайтын, білгір, озат адамдар істейтін фермаларда жұмыс жайы ұдайы жақсы болады. Ал бұған керісінше, малшы кадрларды іріктеп алуға жеңіл-желпі қараған жерде іс берекесіз болып шығады. Әсіресе мал қыстатуда үлкен қиыншылық туып, мал шығыны көп болады. Мал ша-

руашылығының барлық буындарын тандаулы, іскер кадрлармен толықтыру — партия ұйымдарының кезек күттірмейтін ісі.

Малшы кадрлардың, әсіресе қысқы отардың қиын жағдайында жұмыс істейтін адамдардың мәдени-тұрмыс жағдайын жақсартуды осы бастан қолға алған жөн. Бұл жөнінен республиканың оқу, мәдениет, денсаулық сақтау, жергілікті өнеркәсіп және халықтың тұрмыс қажетін өтеу, байланыс министрліктері, тұтынушылар кооперациясы өздеріне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып отыруға тиіс.

Октябрь айында барлық колхоз бен совхоздың, ферма мен бөлімшенің мал қыстатуға әзірлігі жаппай тексеріледі, жұртшылық байқауы өткізіледі. Облыстық, аудандық партия комитеттері мен атқару комитеттері бұл тексерудің ұйымдасқан түрде өткізілуіне тікелей басшылық ететін болсын.

Сондай-ақ малдың қолға қарауы басталғанға дейін аудандарда мал шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесін өткізу, онда мал қыстатуға әзірліктің қорытындысы, малды қыстан күйлі шығару, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру және мемлекетке тапсыруды ұлғайту шараларын талқылау ұсынылады.

Мал шаруашылығын өркендету ісінің табыс түйіні партия ұйымдарының басшылығында. Колхоз, совхоз партия ұйымдарының, ферма, бригада партия топтарының, село аудандық партия комитеттерінің күллі ұйымдастыру, саяси-бұқаралық, тәрбие жұмыстары малшыларды КПСС XXIII съезінің, тарихи март, май Пленумдарының шешімдерін орындауға жұмылдыруға, қоғамдық өндірісті өрге бастыруда қол жеткен табысты баянды етуге, мал қыстатуды мінезсіз әзірлікпен қарсы алып, оны үлгілі өткізуге бағындырылатын болсын. Әрбір шаруашылықта материалдық-моральдық көтермелеу шараларын шебер қолдануға, колхозшыларды, совхоз жұмысшыларын қоғамдық байлықты көздің қарашығындай сақтап, оны молайта беру, еңбекке коммунистік көзқарас, тапсырылған іске жауапкершілікті арттыру рухында тәрбиелеу мәселелеріне қатты зер салынуы керек.

Мал қыстатуға әзірлік және ол жұмысты өткізуде Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне және оның төменгі орындары мен мамандарына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Олар әрбір фермадағы істің жайын нақты біліп отыруға тиіс. Қыста малды бағып-күту, жемшөпті өңдеу, әзірлеу, малды азықтандыру, түрлі ауруларға қарсы жүргізілетін шараларды қолдану жұмыстарын қолма-қол ұйымдастыру, бұл жөнінен малшыларға нақты көмек көрсету — зоотехниктердің, мал дәрігерлерінің абзал борышы.

Қоғамдық малдың келешекте өсіп, оның өнімділігінің арта түсуі мал қыстатудың жайына тікелей байланысты. Мал шаруашылығының осы жауапты кезеңін әрбір колхоз бен совхозда, аудан мен облыста, бүкіл республикада ойдағыдай өткізуге, сөйтіп малды түгел сақтап, қыстан күйлі шығаруға, өнімділігін арттыра түсуге барлық мүмкіндікті пайдаланайық. Мал шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспарын абыроймен орындап шығу үшін күресе отырып, елімізге етті, сүтті, майды, жүнді, елтіріні және мал шаруашылығының басқа да өнімдерін барған сайын мол беретін болайық.

# Берік жемшөп қоры — мал шаруашылығын

## өркендетудің негізі

В. СӘДУАҚАСОВ,

*Жамбыл облыстық партия комитетінің бірінші секретары*

Партиямыздың ХХІІІ съезінің, сондай-ақ КПСС Орталық Комитеті март және май Пленумдарының шешімдері, еліміздің барлық жеріндегі сияқты, біздің Жамбыл облысының еңбекшілері арасында да асқан зор саяси және еңбек өрлеуін тудырды. Облыстың егіншілері, малшылары мен қызылша өсірушілері бұл тарихи документтерді өздерінің жауынгерлік зор программасы ретінде қарсы алды. Партия шешімдерін іс жүзіне асыру әрбір колхозшының, совхоз жұмысшысының, әрбір маманның, қысқасы, барлық еңбеккерлеріміздің абыройлы ісіне айналды.

Жамбыл облысы — республикадағы ең малды облыстардың бірі. Ал Талас және Мойынқұм сияқты аудандарымызда мал шаруашылығы басты салаға айналған. Сондықтан да қоғамдық мал шаруашылығын жедел қарқынмен өркендетіп, елімізге семіз етті, майлы сүтті, жібек жүнді және «қара алтын» деп халықта орынды аталып жүрген қаракүл елтірісін көп беру, олардың өзіндік құнын онан сайын кеміту — ең негізгі міндетіміздің бірі. Қазір облыстың партия, совет, комсомол және кәсіп-одақ ұйымдары, шаруашылық мекемелері өздерінің күнделікті ұйымдастыру жұмыстарын осы міндетті орындау мақсатына бағыттап отыр. Көптеген шаруашылықтарда коммунистер мен комсомолецтер тікелей мал шаруашылығында, фермалар мен отарларда еңбек етіп, авангардтық роль атқаруда. Олар өздерінің күнделікті қажырлы еңбегімен социалистік жарыстың ұйтқысы, ұйымдастырушысы бола білуде, басқаларға үлгі-өнеге көрсетуде.

Бесжылдықтың алғашқы жылын облыс еңбекшілері қарқынды бастады. Әсіресе мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруда елеулі табыстарымыз бар. Биыл облыс бойынша әр жүз саулықтан 100 козыдан алынды. Ал Талас ауданы — 119 козыдан, Мойынқұм ауданы — 114 козыдан алды. Осы аудандардың «Бостандық», Фурманов атындағы совхоздары әр 100 саулықтан 120—135-тен козы алып, аман өсіруде. Социалистік Еңбек Ерлері Үдербаев Еркара (Талас ауданының «Талас» совхозы), Юсупова Мартай (Шу ауданының Абай атындағы совхозы), Егембердиев Катпа (Талас ауданының Жданов атындағы совхозы), тағы басқа көптеген шопандарымыз 150—160-тан астам козы алды.

Үстіміздегі жылдың өткен тоғыз айының қорытындысы бойынша мал санын өсірудің жылдық жоспары ірі қарадан — 101 процент, қойдан — 111,4 процент, шошқадан — 111 және жылқыдан — 102 процент орындалып отыр.

Облыстың колхоздары мен совхоздарында қазір 3 639 мың қой бар. Шаруашылықтар биыл 150 мың қойды жоспардан тыс өсіріп отыр. Мұның өзі болашақта қой шаруашылығын мықтап өркендетудің сенімді резерві болар деген ойдамыз. Қазір жаңа отарлар топтастыру толық аяқталды. Оларға негізінен коммунистер мен комсомолецтер бекітіліп, бұл жолдастар малды күтіп-бағуды аса жауапкершілікпен ұйымдастыруда.



КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы социалистік ауыл шаруашылығын ғылыми негізде өркендетудің айбынды міндеттерін көрсетіп берді. Шынында да қазір халық шаруашылығының барлық саласын ғылыми негізде жүргізу қажет. Біз ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені өндіріске неғұрлым көп енгізсек, табыс та соғұрлым арта бермек.

Бұл пікірді дәлелдеу үшін республикаға белгілі «Талас» совхозының тәжірибесін айтсақ та жеткілікті. Бұл озат шаруашылықты көп жылдан бері Социалистік Еңбек Ері, КПСС Орталық Тексеру комиссиясының мүшесі Әбдір Сағынтаев жолдас басқарады. Совхозда республика және облыс ғалымдарының күшімен мал тұқымын асылдандыру, қарақұл қой шаруашылығын өркендету, малдың өнімділігін арттыру сияқты толып жатқан күрделі іс ғылыми негізде жүргізіледі. Совхоз малшылары қойды ерте қоздату, саулықтарды қолдан ұрықтандыру сияқты прогрестік әдістерді көп қолдана отырып, жыл сайын төлді және сапалы қарақұл елтірісін көп алып келеді.

Шаруашылықтың қандай саласын өркендетуде болсын озат тәжірибенің атқаратын ролі ерекше. Бұл жөнінде де біраз нақты істеріміз бар. Соның бірі — белгілі шам-шырағымыз, еліміздің атақты шопаны. Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған Жазылбек Қуанышбаев бастаған облыс малшыларының мектебі. Облыстың жүздеген жас шопандары мал шаруашылығының айтулы шебері Жазылбектің бай тәжірибесін үйреніп, ойдағыдай табыстарға жетіп жүр. Биылдың өзінде облыс бойынша жүздеген шопан Жазылбек мектебін бітіріп, қадірмен ұстаздың қолынан аттестат алып шықты. Олардың бәрі төл алуда, жүн қыркуда, қарақұл елтірісін өндіруде жоғары табыстарға жетті.

Партия мен үкімет малшыларымыздың жан қиярлық еңбегін жоғары бағалап отыр. Биыл біздің облыстың 926 озат малшысы СССР ордендерімен және медальдарымен наградталды. Олардың ішінде 6 адам Социалистік Еңбек Ері атағын, 48 адам Ленин орденін алды. Бұл қамқорлық малшыларды жаңа табыстарға жетуге жігерлендірді. Үстіміздегі жылдың бірінші жарты жылдығының жоспарын біз ет, сүт, жүн және жұмыртқа тапсырудан артығымен орындап шықтық. Осы мерзімде мемлекетке қарақұл тапсырудың жылдық жоспары орындалды.

Облыс партия ұйымдарының бүгінгі жауынгерлік міндеті — осы қол жеткен табыстарды баянды етіп, мемлекетке мал өнімдерін тапсырудың жылдық жоспарын оның барлық түрінен мерзімінен бұрын орындап шығуды қамтамасыз ету, ол үшін партиялық-ұйымдастыру және саяси-сұқаралық жұмысты барынша жақсарту беру.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде, оның өнімділігін арттыруда берік жемшөп қорын жасау шешуші мәселе болып табылады. Осы бір өзекті міндет соңғы жылдары облыстың барлық партия ұйымдарының, шаруашылық орындарының негізгі ісіне айналып отыр.

Орал облысы Тайпақ ауданының және Шымкент облысы Сарыағаш ауданының механизаторлары мен еңбекшілерінің патриоттық бастамасын қызу қолдай отырып, биыл облыстың шаруашылықтары бір жарым-екі жылдық жемшөп қорын жасау жөнінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдады.

Өздерінің күш-мүмкіндіктері мен мал шаруашылығын өркендетудің зор болашағын ескере отырып, Мойынқұм ауданының совхоздары жемшөптің екі жылдық қорын жасаймыз деп бастама көтерді. Облыстық партия комитетінің бюросы мен облыстық Совет атқару комитеті мойынқұмдықтардың бұл бастамасын мақұлдады, оны барлық жерде қуаттауды, бастамаға іспен жауап беруді атап көрсетті.

Жемшөп дайындаудың озаттарын көтермелеу мақсатымен облыстық партия комитетінің, облыстық Совет атқару комитетінің және кәсіподақтардың облыстық советінің ауыспалы Қызыл тулары белгіленді. Облыстық газеттердің бетінде Құрмет тақтасы ұйымдастырылды. Жауынгерлік

насихат пен жалынды үгіттің барлық түрлері мен формалары пайдаланылды. Механизаторларды, пішеншілерді қажырлы еңбекке шақырған плакаттар мен листоктар дала қостарын, трактор агрегаттарын безендірді. Социалистік жарыстың қорытындысын әрбір он күн сайын шығарып отырдық.

Аудандар арасындағы өзара социалистік жарыста Мойынкүм ауданы жүлделі орынға шықты. Мұның өзі түсінікті де. Мойынкүмдіктар жұмысты алғашқы күннен ойдағыдай ұйымдастыра білді. Аудандық партия комитеті ауданның барлық партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарын, жергілікті Советтердің депутаттарын мал азығын дайындау ісіне жаппай жұмылдыра білді. Механикаландырылған 32 отряд ұйымдастырылды. Олардың құрамында 118 коммунист, 329 комсомолец жұмыс істейді. Партия ұйымдары пішеншілер мен механизаторларға өнімді еңбек ету үшін дұрыс жағдай жасады: 32 дала қосы ұйымдастырылды. Оларда көшпелі асхана, қызыл мүйіс жұмыс істеді. Дала қостары азықтүлікпен, басқа да қажетті заттармен қамтамасыз етілді. Пішеншілерге 7 автоклуб, 21 автодүкен қызмет етті. Ауданның совхоздары механизаторларға ақы төлеудің прогрестік әдісін енгізді. Мұның өзі олардың еңбекке деген ынтасын арттырып, техниканы өнімді пайдалануға жағдай жасады. Аудандық партия комитеті мен Совет атқару комитеті пішен дайындаудың озаттарына ауыспалы Қызыл тулар белгіледі.

Әсіресе осы ауданның «Шу» совхозында жұмыс тыңғылықты ұйымдастырылды. Совхоз партия ұйымы мен дирекциясы механикаландырылған отрядтар құрудың инициаторы болды. Ол отрядтың басшылығына совхоздың бас инженері Р. Аликов жолдасты бекітті. Отряд пішен оратын, жинайтын, престейтін бірнеше арнаулы бригадаларға бөлінді. Оларда көптеген цехтық партия ұйымдары құрылды. Бұл шағын партия ұйымдары социалистік жарысқа басшылық етті. Озаттарға қызыл жаушалар тапсырып отырды, жауынгерлік листоктар шығарды, үгіткөпшілік жұмыстарын жүргізді. Әрбір бес күн сайын коммунистер мен комсомолецтер жиналып, әр бригаданың жұмыс қорытындысын шығарып отырды. Озаттар дала қосындағы Құрмет тақтасына жазылып, жалқаулар сатиралық газеттерде өткір сынға алынды.

Осы совхоздың ірі қара малы жыл бойы Сарыарқада бағылады. Онда мал ұстау үшін совхоз жыл сайын жүздеген километр жерге машинамен шөп таситын. Мұның бәрі еңбекті, материалдық қаржыны, адам мен техниканы өлшеусіз көп керек ететін. Биыл совхоз басшылары Сарыарқаның өзінде шөп дайындауды ұйымдастырды. Сөйтіп онда 500 тонна құнарлы мал азығы дайындалды.

Осындай ұйымдастыру шаралары өзінің игілікті жемісін берді. Совхоз қысқа мерзімде бір жарым жылдық мал азығын дайындап алды. Ал аудан июль айының ішінде-ақ жылдық жоспарын орындады. Қазір аудан бойынша бір жарым жылдық жемшөп қоры әзірленді. Енді олардың міндеті — таяу күндерде екі жылдық қор жасау жөніндегі уәдесін орындап шығу.

Қоғамдық малға жемшөп дайындауда облыстың Жуалы, Шу, Мерке, тағы басқа аудандарының озат шаруашылықтары да жақсы еңбек етті. Облыс бойынша мал азығын дайындаудың жылдық жоспары август айының басында орындалған еді. Сентябрьдің 15-не облыс бойынша жемшөп дайындау жоспары 115,4 процент орындалды. Қордай ауданының «Алмалы» совхозы 177 процент, Шу ауданының «Далақайнар» совхозы 172 процент, Свердлов ауданының Аманкелді атындағы колхозы 163 процент орындалды. Облыстың 20-дан астам колхоздары мен совхоздары мал азығын дайындаудың бір жарым-екі жылдық қорын жасап алды.

Қазір жемшөп дайындауды қарқынды жүргізумен қатар дайындалған шөпті мал қыстайтын орындарға тасу да жаппай жүзеге асырылуда.

Биылғы әзірленген шөптің 71,5 проценті мал қыстайтын орындарға тасылып жеткізілді. Ал Мойынқұм ауданы барлық шөптің 88 процентін, Талас ауданы — 83,7 процентін тасып жеткізді.

Соңғы жылдары облыста Шу өзенінің бойынан шөп дайындау ерекше маңыз алып отыр. Біз Шу алқабын мал азығын дайындаудың ең негізгі орнына айналдырудамыз. Онда қамыстың, басқа да құнарлы мал азығының мол қоры бар. Осыны ескеріп, және дала шөбінің сирек шығуына, ерте күйіп кетуіне байланысты өткен жымы облыстық партия комитеті төменгі Шу бойынан шөп дайындауды ұйымдастырған болатын. Онда облыстық штаб құрылды, жауапты қызметкерлер жіберілді. Штабтың міндеті — Шу бойынан шөп дайындауға барған шаруашылықтардың жұмысына қолма-қол басшылық ету, техника мен механизмдердің жұмысын реттеу, оларды запас бөлшектермен, жанар-жағар маймен қамтамасыз ету деп белгіленді. Пішеншілер мен механизаторларға мінсіз қызмет ету үшін көптеген техника және құрал-саймандармен қатар автоклубтар, көшпелі магазиндер, тұрмыс қажетін өтейтін мастерскәйлар, дәрігерлер мен сатушылар, шаштараздар, почта қызметкерлері жіберілді. Осының нәтижесінде өткен қуаншылық жылдың өзінде облыс мал азығын дайындаудың жоспарын абыроймен орындап, қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендетуге берік негіз қалаған еді.

Биыл колхоздар мен совхоздардың өз жерінде де дала шөбі жамап болған жоқ. Бірақ мұның бәрі бір жарым жылдық қор жасауға жетпейтін еді. Оның үстіне төменгі Шу бойынан былтыр орылған пішеннің орнына биыл көк майса балғын құрақ жайқалып өсіп, жақсы шықты. Сондықтан облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитеті және аудандардың партия ұйымдары бұл мол резервті ескерусіз қалдыра алмады. Біз төменгі Шу бойының шөбін түгелдей шауып алу міндетін алға қойдық.

Сөйтіп, өткен жылғыдай, биыл да Шу бойына жаппай аттану басталды. Онда облыстың 40-тан астам колхоздары мен совхоздары өз техникасын апарды. Облыстық штаб тағы да құрылды. Пішеншілікке 1 500-ден астам адам жіберілді. Шу бойынан 230 мың тонна пішен дайындау белгіленді.

Берекелі өзеннің өң бойында тағы да еңбек майданы қызды. Пішеншілерге ойдағыдай қызмет ету үшін облыстан сауда, медицина, кино, мәдениет және тұрмыс мекемелерінің көптеген адамдары жіберілді. Олар өздерімен бірге автодүкендер, көшпелі ауруханалар, жылжымалы клубтар, киноқондырғылар, медициналық пункттер апарды. Колхоздар мен совхоздардың басшылары өз пішеншілерінің ойдағыдай еңбек етуіне барынша жағдай жасады. Төменгі Шу бойынан шөп дайындаушыларға ақы төлеу әдеттегіден 25 процент арттырылды. Осындай ұйымшылық нәтижесінде июль және август айларының ішінде 170 мың тоннадан астам құнарлы пішен әзірленді.

Алайда соңғы кезде кейбір шаруашылық басшылары Шу бойынан шөп дайындауды бәсеңсітіп, қарқынын төмендетіп жіберді. Бұл — шаруашылықтар мал азығын дайындаудың жоспарын орындағаннан соң туған тоқмейілсу еді. Мұндай ауа жайылушылыққа әсте жол беруге болмайды. Осыны ескеріп, біз сентябрь айының басында төменгі Шу бойында барлық аудандардың және көптеген шаруашылықтардың басшыларын қатыстырып, облыстық партия комитетінің көшпелі бюросын өткіздік. Онда мал азығын дайындаудың барысын қарап, қосымша шаралар белгіледік. Төменгі Шу бойынан шөп дайындау жұмысының қарқынын бәсеңдетуге жол берген шаруашылық басшыларынан қарқынды қайтадан үдету қатаң талап етілді.

Бізде мал азығының тұрақты қорын жасаудың резерві мен мүмкіндігі мол. Оның негізгі көзінің бірі — екпелі шөптер. Озат шаруашылықтардың тәжірибесіне қарағанда, екпелі шөптің әр гектарынан 60—70

центнерден құнарлы пішен алуға болатынын көріп отырмыз. Мәселен, Жамбыл қызылша совхозында жоңышқа суармалы жерге егіледі. Биыл мұнда оның көлемі 462 гектар болды. Совхоз әр гектардан 80 центнерден астам өнім алуға міндеттеніп отыр. Шаруашылықтың бірінші бөлімшесінде 165 гектар жоңышқа бар. Оны Ж. Канжиев жолдастың бригадасы өсіруде. Өткен жылғы күзде және биылғы көктемде жоңышқалық қандыра суарылды. Өнімді бірінші рет орып алған соң және су жіберілді. Осының нәтижесінде тағы да жоғары өнім жиналды.

Бұл аталған совхоздың пішендік жері болмағандықтан, екпелі шөп мұндағы мал азығының негізгі қоры болып отыр. Ол әсіресе сауын малы мен шошқаға аса қажетті азық. Сондықтан да Жамбыл совхозының сүт саууда және шошқа етін өндіруде облыс бойынша алдыңғы қатарда болып отырғаны тегін емес. Оның үстіне, суармалы жерде екпелі шөп өсіру басқа дақылдардан да жоғары өнім алуға әсер етеді. Қазір совхозда астықтан және қызылшадан мол өнім жиналып отыр.

Луговой ауданына қарасты Ленин атындағы совхозда жоңышқа тәлімі жерге егіледі. Осында 3 мың гектар жоңышқаның әр гектарынан жыл сайын 18—24 центнерден өнім жиналып жүр. Мұндай мысалдар көп. Мерке қызылша совхозы және Қордай ауданының «Трудовик» колхозы мен «Георгиевка» қызылша совхозы жоңышқаның шөбі түгіл тұқымын өсіріп, оны сатудан жыл сайын мыңдаған сом пайда келтіруде.

Облыстық тәжірибе станциясының ғылыми қызметкерлері соңғы кезде Мойынқұмның шөлді, құмды жерлеріне мал азығындық дақылдар егіп, тәжірибе жасап жүр. Олардың алғашқы нәтижелеріне қарағанда, құмды және шөлді жерлердің өзінде, табиғи жердегі пішендікпен салыстырғанда, өнімді 2,5—3 есе артық алуға болатынын көріп отырмыз. Сондықтан алдағы уақытта Мойынқұм өңірінде екпелі шөптің көлемін, түр-түрін арттырып, мал азығының тұрақты қорын жасау міндетін шешілептіз.

Ғылым мен озат тәжірибе көрсеткен осындай жақсы нәтижелерге қарамастан, соңғы кезде екпелі шөптердің егіс көлемі бірсыпыра шаруашылықтарда кеміп кеткен. Біз бұл қателікті неғұрлым тез түзету шараларын белгілеп отырмыз. Бесжылдықтың аяғында мал азығындық екпелі шөптің егіс көлемі облыста 200 мың гектарға жеткізіледі. Оның 35 мың гектары суармалы жерлерге орналастырылмақ.

Сонымен қатар суданка, сорго, изен, теріскен сияқты шөптердің егіс көлемін арттырып, онан мол өнім алуды көздеудеміз. Жоңышқаны, басқа да шөптерді зябьке егу жұмысын бірсыпыра шаруашылықтар ерте бастан қолға алды.

ҚПСС Орталық Комитетінің май Пленумы және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің II пленумы жайылымдар мен шабындықтарды игеруді, суландыруды, онда мал азығындық құнарлы шөптер егуді ерекше атап көрсетті. Осы салада біздің облыста да көп жұмыстар істелуге тиіс. Бізде табиғи мал азығындық шөптердің егіс көлемі 8 миллион гектарға жетеді. Бұл көбінесе Мойынқұм өңірінде, Сарыарқада, Майдантау тауларында жатыр. Ал соның қазірге дейін 5,4 миллион гектары ғана суландырылған.

Табиғи жайылымдықтар мен пішендіктерден мал азығын көп дайындау үшін оларды суару, игеру жұмысы кең көлемде жүргізілмек. Үстіміздегі бесжылдықта 1,7 миллион гектар жайылым мен табиғи шабындықтар суарылады. Сондай-ақ 2,2 миллион гектар жерде құдықтар қазылып, суаттар жасалады. Су көздерін табу мақсатында 260 скважина қазу белгіленіп отыр.

Мұнымен бірге мал бағылатын өңірлерде қосымша мал азығын дайындау үшін және малшыларға арнап овощ-бақша дақылдарын өсіру үшін көптеген жер суландырылып, игерілмек.

Осы шараларды жүзеге асыру мақсатында екпелі шөптердің тұқымын неғұрлым көп өндірудің маңызы зор. Бірақ бұл мәселе бізде әлі түбегейлі шешілген жоқ. Тек санаулы шаруашылықтар ғана жоңышқа мен суданка шөбінің тұқымын өсіреді. Ал изен, теріскен сияқты жабайы шөптердің тұқымы мүлде өндірілмейді. Изен — малдың, әсіресе қойдың жыл бойы сүйсініп жейтін аса құнарлы шөбі. Сондықтан бұл мәселеге алдағы кезде ерекше көңіл бөлуге тиіспіз.

Облыстың шаруашылықтарында пішенмен бірге құнарлы мал азығын дайындауға да айрықша маңыз беріліп отыр. Биылдың өзінде колхоздар мен совхоздар 384 мың тонна сүрлем салады. Бұл жүгері мен қызылша жапырағынан салынбақ.

Пішенді, сояұлы шөпті малға булап беруді көздеудеміз. Осы мақсатпен облыстың колхоздары мен совхоздарында арнаулы бригадалар құрылып, олар іске кірісіп те кетті.

Дегенмен, кемшілігіміз де көп. Әсіресе мал азығының, қора-жайдың жеткілікті болуына қарамастан, малдың шығыны тыйылмай келеді. Жайылым мол, ауа райы қолайлы бола тұрса да биылғы көктем мен жазда мал шығыны, әсіресе қойдың өлім-жітімге ұшырауы едәуір орын алды. Оның негізгі себебі—малды күтіп-бағу әлі нашар, мал дәрігерлік-зоотехникалық шаралардың дәрежесі төмен, саяси-бұқаралық жұмысқа жеткілікті көңіл бөлінбейді. Бұл кемшіліктерді бізге жуырда Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті ерекше атап көрсетті. Қазір облыс партия ұйымы бұдан тиісті қорытынды шығарып, өлім-жітімге ұшыраған малдың орнын толтыру, мал шығынын тию ісін ерекше қолға алып отыр. Біз бұл міндетті негізінен малды шығынсыз өсірумен қатар етке тапсырылатын малдың қондылығын арттыру арқылы шешпекпіз. Сонымен қатар малды қолдан ұрықтандыру, тағы басқа шараларды зор ұйымшылдықпен әрі жауапкершілікпен жүргізу қажет болады.

Мал қыстатуға әзірлік, малшыларға қамқорлық — күнделікті айбынды міндетіміз. Биыл малшылар қатары білімді, жігерлі жастармен едәуір толықтырылды. Колхоздар мен совхоздарда малшылардың өнімді еңбек етуіне барлық мәдени-тұрмыстық жағдайлар жасалуда. Оларға арналып биыл жүздеген жаңа үйлер салынды. Қыста 120-дан астам автодүкен, ондаған жылжымалы клуб пен тұрмыстық мастерскойлар, мәдени және концерт бригадалары малшы қауымға қызмет ететін болады.

Үмбет, Елқаттаған тағы сол сияқты мал отарларында шопандардың жаңа мекендері салынып, қатарға қосылуда. Онда клубтар, мектептер, дәрігерлік орындар, монша, байланыс мекемелері жұмыс істейді. Бұл орталықтардағы малшы үйінде газ плиталары, телевизорлар бар. Малшылар поселкелерін көркейту жұмыстары онан әрі жүргізіле бермек.

Облыстың партия, совет, комсомол және кәсіподақ ұйымдары Совет өкіметінің даңқты 50 жылдық мерекесі құрметіндегі социалистік жарысты кең өрістете отырып, қоғамдық мал шаруашылығын әркендетудің айбынды міндеттерін ойдағыдай орындау үшін барлық күш-жігерлерін жұмсай береді.

# Әдебиетіміздің ізгі дәстүрі

(Әдеби шығармалардағы ұлт-азаттық қозғалысы тақырыбы)

Ғабит МҮСІРЕПОВ.

Көп ұлтты совет әдебиеті өзінің туған күнінен бастап интернационалдық рухтары әдебиет болды. Басқа халықтардың қайғы-қасіретін ол өз қайғы-қасіретіндей көрді. Ол әуелден-ақ айбынды революциялық гуманизмді бойына сіңіріп өсті.

Михаил Светловтың «Гренада» деген өлеңі совет әдебиетінің осы абзал қасиетінің бейнебір ақындық символы тәрізді. «Гренада» — қарапайым орыс жігіті туралы, Испаниядағы гренадалық бауырларын ұмытпайтын, онда да өзінің аға-інілері қанаушылықтан құтылу үшін күресіп жатқанын білетін жігіт туралы өлең. Не болмаса ХХ ғасырдың прозалық шығармаларын, мысалы, Всеволод Ивановтың партизан повестері мен Александр Фадеевтің «Тас-талқан» повесін алыңыз. Әңгіме бұлардағы қаһармандардың орыс, украин немесе Солтүстік тайпаларының өкілдері болуында емес. Әңгіме бұл шығармалардың түп төркіні жағынан болсын, идеялық-көркемдік бағыты жағынан болсын интернационалдық болуында.

Ұлт-азаттық күрес тақырыбы — біздің әдебиетіміздің ежелгі дәстүрі. Мұны тіпті ауыз әдебиеті шығармаларынан байқау қиын емес. Халық творчествосында терең патриотизм басқа елдерді, басқа жұрттарды қадір тұтып құрметтеумен астасып жатады. Бұған мысал ретінде орыстың батырлық эпосы — «Игорь полкі туралы сөзді», азербайжанның «Қор оглысын», қырғыздың «Манасын», калмақтың «Жәңгірін», өзбектің «Алпамышын», қазақтың «Қобыландысын», армянның «Давид Сасунскийін», грузиннің «Жолбарыс терісін жамылған батырын» атауға болар еді.

Ұлт намысын арашалау, өз Отанын шапқыншылардан қорғау ниетінен белгілібір тарихи жағдайларда шовинистік немесе ұлтшылдық бағыттағы шығармалардың пайда болғаны рас. Алайда біздің әдебиетіміздің бір тәуір қасиеті — ол шытырман тарихи оқиғаларды суреттеуде көбінесе шынайы интернационализм бағытында болды.

Орыс патшасы жаулап алу саясатын жүргізіп, отарлық басқыншылықты жүзеге асырған жылдарда орыстың көрнекті жазушылары басқа халықтарды қанап отырған халықтың өзі шынтуайтқа келгенде азат бола алмайды деген дұрыс пікірді қостап шықты. Олар патша өкіметінің езгісіндегі халықтарды барынша қадірлеу рухына толы, есте қаларлық тамаша шығармалар туғызды. Лев Толстойдың «Хаджи-Мурат» повесін еске түсірейікші. Мұнда орыс әдебиетінің кемелгері тау халықтарының өз бостандығы жолындағы күресін үлкен шыншылдықпен, нағыз жанашырлықпен суреттеді.

Сондай-ақ Россияның ұлт аймақтарында тұратын алдыңғы қатарлы интеллигенция патша өкіметінің басқыншылығынан орыстың демократиялық мәдениетімен бірге келген прогресті, шапағатты ажырата білді. Бұған аса көрнекті жазушылардың, мәселен, азербайжан Мырза Фатали Ахундовтың немесе қазақ Шоқан Уәлихановтың шығармалары толық дәлел.

Осы ізгі дәстүрдің зор маңызын көрсету үшін тым әрігірек замандарға жүгінудің қажеті жоқ. Фашизм Испанияны қанға бояған қайсарлық 30-жылдарды еске түсірейікші. Міне тап сол кезде күллі әлем орыс адамдарының Гренада шаруаларына болысқысы келген қарапайым жігіт жағында екенін өз көзімен көрді.

Антифашистік майданның алдыңғы сапында испан және совет жазушыларымен бірге америкалық Эрнест Хемингуэй мен неміс Людвиг Ренн, ағылшын Ральф Фокс пен венгер Мате Залка күресті. Бұлардың кейбіреуі Испанияның бостандығын қорғауға өз үнін көтеріп қана қоймай, сонымен бірге қолына қару алып, қиын-қыстау күндерде азаттық үшін арпалысып жатқан испан халқына жәрдемдесті.

Совет жазушылары Ұлы Отан соғысы жылдарында фашизмге қарсы қаруымен де, қаламымен де соғысты. Ал бұл соғыста Совет Одағының халықтары өз бостандығын қорғау арқылы дүние жүзіндегі барша халықтың мүддесін қорғағаны белгілі. Біздің 900 жазушымыз майданға аттанды, олардың ішінен үш жүзі елге оралмады.

Осы әділетті күресте бізге немістің антифашист жазушылары Йоганнес Бехер, Фридрих Вольф, Вилли Бредель, Анна Зегерс, сол сияқты венгер, чехословак, фин, поляк жазушылары қол ұшып берді. Европаның күлдыққа түскен барлық елінде фашизмге қарсы даңқты қозғалыс қатарында ең талапты, ақ жүрек әдебиетшілер шайқасты.

Ұлы Отан соғысы совет халқы үшін ауыр да қатерлі сын болды.

Біздің әдебиетімізде бұл дәуірдің оқиғалары асқак шабытпен жырланып келеді, келешекте де жырлана бермек. Тек біз емес, Отан соғысы тақырыбына басқа елдер әдебиетшілері де назар аударып отыр. Михаил Шолоховтың «Олар Отан үшін алысты» романының жеке тараулары және оның «Адамның тағдыры» деген әңгімесі, Александр Фадеевтің «Жас гвардия» романы, татар ақыны Мұса Жәлилдің фашист зынданында жазған өлеңдері жұртшылыққа әбден таныс. Константин Симоновтың Ұлы Отан соғысы туралы романдары, Борис Полевойдің «Нағыз адам туралы аңыз», Александр Бектің «Арпалыс» («Волоколамск тае жолы») деген шығармалары, Олесь Гончардың, Бауыржан Момышұлының кітаптары дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылды. Міне осы шығармаларда, сол сияқты совет жазушыларының бұдан басқа да шығармаларында соғыстың ауыр күндері тарихи тұрғыдан дәл, көркемдік тұрғыдан айқын, философиялық тұрғыдан терең бейнеленген, фашистік жыртықтыққа қарсы аттанған халықтың адамзат алдындағы жауапкершілік сезімі, бостандық сүйгіш рухы жақсы берілген.

Совет Одағының, басқа да бостандық сүйгіш елдердің екінші дүние жүзілік соғыстағы жеңісі шын мәнісінде дүние жүзілік тарихи кезек болды. Фашизм талқандалып, социализмнің қуатты лагері құрылғаннан кейін отаршыл империялар күйрей бастады. Арқа сүйер мықты тірегі болған сол Азия мен Африка халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы отаршыл мемлекеттердің іргесін шайқалтып, оларға сілейте соққы берді. Енді әлемнің саяси картасымен қоса әдеби картасы да тез өзгере бастады.

Совет жазушылары мен біздің бүкіл советтік творчестволық интеллигенция езілген халықтардың азаттық жолындағы күресін өз күресінен кем көрмейді. Соғыстан кейінгі жылдары совет әдебиетінде жазушыларымыздың Африка мен Азия халықтарының өміріне арналған бірсыпыра шығармасы жарық көрді. Бұл жөнінде Николай Тихоновтың өлеңдерін және оның «Ақ керемет» романын, Мырза Гүрсызаданың «Үнді хикаясын», Асхат Мұхтардың «Менің замандасымның сыры» романын, Евгений Долматовскийдің «Африка бейне жүректей» деген өлеңдер жинағын атаудан жөн.

Біздің оқушыларымыз азат етілген елдердегі революциялық қозғалыс пен әлеуметтік өзгерістерді көбірек білуге құмар. Оларға Африка-

ның, Азияның, Латын Америкасының бостандық пен тәуелсіздік жолында өмірін құрбан еткен ұлттық батырларының бейнесі әрі етене жақын, әрі қымбат.

Ленинград жазушылары Вениамин Ченцов пен Александр Смолян өздерінің «Осында, Африканың тап орталығында» деген повесінде Конгоның ұлттық батыры Патрис Лумумбаның жарқын бейнесін жасады. Бұл повесті ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Молодая гвардия» баспасы шығарған болатын. Бай фактілерді мол пайдалана отырып, авторлар өте әсерлі шығарма жазған. Африка халқының ардагер ұлы Патрис Лумумбаның балалық шағынан бастап қаза тапқанына дейінгі өмірі бұл повесте көз алдында тұрады.

Авторлар өз қаһармандарының сөздері арқылы Лумумбаның ұлы идеяларын елестетеді. «Студенттер, жұмысшылар, қызметшілер — міне бұлар муконгтардан да, д'эспирондардан да күшті, мың мәртебе күшті, әлі-ақ олар Лумумбаның өлсе де саптан шықпағанын дүйім жұртқа паш етеді. Лумумба бар ғой, — түсіңсең, онайлықпен өлетін, онайлықпен жеңіле қоятын адам емес!» Жүз мың дана тиражбен басылған бұл повесть ілезде тарап кетті, оқушылар оны құмарта қарсы алды.

Нәсілшілдердің фашистік тәртібіне жер үстіндегі әрбір адал ниетті адамның жаны қас. Біздің еліміздің әдебиетшілері де бұл маскара нәсілшілдікті өз шығармаларымен айыптап отыр. Оңтүстік Африка Одағы туралы өзінің әңгімелер жинағын жас жазушы Александр Иванченко «Жәбір көрген жұлдыздар» деп атады. Журналистің, жазушының жіті көзі біздің заманымыздағы адам айтқысыз тағылық пен правосыздықты көреді. Бірақ сонымен бірге автор осы жан түршігерлік дүниеден жаңалықтың өркендерін де, адамдардың бостандыққа, күнге, жарық сәулеге ұмтылған қадамын да байқайды. Жазушы бұл елде ақ нәсілшілдерге күн жоқ екенін, шексіз зұлымдықтары үшін олардың көп ұзамай саза-йын тартатынын аңғартады.

Совет жазушысы Василий Захарченконың Мали тіршілігі туралы жазған «Қарлығаштар Африкадан ұшып келеді» деген шағын кітапшасы оқушылар жүрегіне жол тапты. Ежелгі халықтың жаңа өмірге қадам басқанын, оның мәдениетін, бұл елде қазір болып жатқан өзгерістерді автор ерекше шабытпен әсерлі баяндайды.

Канаушыларға қарсы күресте мойымайтын, қайсар Боливия жұмысшы табына Леонид Соболев өзінің «Алтын тақтағы қайыршы» деген кітабын арнады. Ол — бұл елге парламент делегациясының құрамында бірінші болып барғандардың бірі. Боливияның қарапайым адамдарымен диалог жазушының ой-толғанысына мол материал берген. Көркем сөздің асқан шебері кеншілер мен студенттер туралы тебірене жазады, елдің үміткер болашағы — жастардың революциялық ой-мақсатын сүйсіне әңгімелейді. Бір жиында ол кеншілерден: «Халық дайын асқа мәз боп отыра бермейді... Біз енді күштіміз, сондықтан біз қимыл-харекет жасаймыз» деген сөздер естиді.

Ангола, Мозамбик, Португалия Гвинеясы, Жасыл мүйіз аралдары патриоттарының қарулы күресі — көптеген совет ақындарының жалынды өлең-жырларының тақырыбы.

Біз басқа елдер халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын күллі адамзаттың прогресс жолындағы ортақ шеруінен бөліп көрген емеспіз. Совет әдебиетшілері әрқашан бірде-бір шын жазушы өз заманындағы әлеуметтік ұлы қозғалыстардан шет қала алмайды деп біледі.

Сондықтан Дж. Олдридждің «Ең соңғы қуғындалушы» романы — Африка мен Азия халықтарының ұлт-азаттық күресіне қосылған үлкен үлес. Советтің оқушы қауымы планетамыздың қандай да бір елеулі оқиғаларын қалт жібермейтін Грем Гриннің романдарын жоғары бағалайды. Австралия жазушысы Уэстің «Иностранная литература» журналы-



ның арнаулы санында жарияланған «Елші» романы да бізге мәлім. Бұл роман күресіп жатқан Вьетнамға тілектестік жырын шертеді.

Ұлт-азаттық қозғалысының маңызды буыны — ұлттық дербес мәдениетті қалыптастырып, өркендету жолындағы, империализмнің идеологиялық агрессиясына қарсы күрес. Совет оқушылары қазір, XX ғасырда өз мемлекетін орнату, өз тәуелсіздігі, өзінің материалдық және рухани мәдениетін көркейту жолында күресіп жатқан барлық елдер мен халықтар әдебиеттерінің дамуына мұқият зейін қойып келеді. Ендеше шегел жазушылары шығармаларының біздің елде аударылуы — әбден заңды құбылыс. Кейінгі жылдары Азия, Африка, Латын Америкасы елдері ақындары мен прозашыларының жүздеген шығармалары Совет Одағы халықтарының тілдеріне аударылды.

Жапон жазушылары Исикава, Хоттэ, Кайко, Кобо Абэ және басқаларының, вьетнам жазушылары Нгуен Динь Тхи, То Хыу, Нгуен Нгог, Руй Дын Ай, Нгуен Тхайь, Ань Дын және басқаларының шығармалары империализм мен отаршылдыққа қарсы күресте күшті құрал екенінде дау жоқ.

Совет оқушысына Деппис Осадэвей, Леопольд Сенгор, Эме Сезар, Сембенэ Осман, Сиприан Эквенси сияқты Африка жазушыларының есімдері жақсы таныс.

Соңғы жылдары араб әдебиетінен аударылған шығармалардың саны едәуір көбейді. Совет оқушысы Египеттің аса ірі көркем сөз шеберлері Тах Хусейннің, Нагиб Махфуздың, Юсеф Идрисінің, ирандық әл-Джавахири, судандық әл-Фейтури сияқты тамаша ақындардың, иран жазушылары Фуад Текерли, Абдель Малик Нури және басқаларының әңгімелерін ұнатты. «Қазіргі араб повеллалары» деген үлкен жинақ және «Араб елдерінің жас ақындары» деген өлеңдер жинағы совет оқушыларын араб елдерінің көптеген жазушыларымен, ақындарымен таныстырды. Египеттің әйел жазушысы Латифа Заяттың «Есік ашық» деген романы да орыс тіліне аударылды. Мұнда 1956 жылдың оқиғалары — Египетке қарсы империалистік агрессияны тойтару жайы сөз болады.

Бұған қоса біздің араб достарымыз Тах Хусейннің, Нагиб Махфуздың, Юсеф Идрисінің романдары әрқайсысы 100 мың дана тиражбен басылып шыққанын айту керек.

Бізге қытайдың да, корейдің де, арабтың да, жапонның да, түріктің де, ұлт-азаттық күресте бай дәстүрлері бар, дүние жүзілік мәдениетке өз үлесін қосқан басқа да әдебиеттердің шығармаларындағы жақсылық атаулының бәрі қымбат. Біз Ангола мен Мозамбик, Камбоджа мен Кения, Нигерия мен Цейлон, Оңтүстік Африка республикасы мен Мадагаскар, Пакистан мен Иран әдебиеттерінің дамуын шын достық ниетпен қадағалаймыз. Ұлт-азаттық күрес жүргізіп келе жатқан халықтардың творчествосымен совет оқушыларын таныстыруды біз ұлт азаттығы жолындағы күрескерлерге қолма-қол туысқандық көмек көрсеткеніміз сияқты, өзіміздің интернационалдық борышымыз деп санаймыз.

Әрине, біз бұл жөнінде бәрін тындырып тастадық деп айта алмаймыз. Азия, Африка, Латын Америкасы жазушыларының елеулі шығармаларын еліміздің миллиондаған еңбекшілері әлі де біле беруге тиіс.

Өзінен бұрынғы классик-реалистердің тамаша дәстүрлерінен айнымайтын, интернационалдық ынтымақ принциптерінен айнымайтын совет жазушылары қандай да бір ел халықтарының ұлт азаттығы жолындағы күресін белсене жақтап келді және жақтай береді де. Міне мұның өзі бізді империализмге қарсы күреске бұрынғыдан да белсене, дәйектілікпен, қолда бар құралдың бәрімен қатысуға міндеттейтіні хақ.

# Коммунистік партия— қазақ халқының ұлттық мемлекетін құрушы

Жас Совет мемлекетінің барлық жеңістері, соның ішінде ұлт мәселесін шешудегі жеңістері де ұлы Лениннің есімімен тығыз байланысты. В. И. Ленин өзінің Ұлы Октябрьге дейінгі шығармаларының өзінде-ақ большевиктер партиясының ұлт мәселесі жөніндегі программаларының негізгі қарындарын өте терең дамытқан болатын.

В. И. Ленин өзінің «Ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы» деген тамаша еңбегінде былай деп жазды: ...тарихи-экономикалық тұрғыдан қарағанда марксистердің программасында «ұлттардың өзін-өзі билеуінің» саясаттық жағынан өзін-өзі билеуден, өз алдына мемлекет болудан, ұлттық мемлекет құрудан басқаша мәні болуы мүмкін емес деген сөз (Шығармалар, 20-том, 412-бет).

В. И. Ленин ұлт мәселесі жөніндегі түйінді программалық талаптардың саяси мәнін түсіндіре келіп, әрбір ұлт өз тағдырын өзі белгілеуге, қандай да болсын өзінің ұлттық мерекелерін, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтауға, өзінің мемлекеттік және ұлттық құрылысы жайындағы мәселені өзі шешуге праволы деп айқындап көрсетті. Сонымен бірге ол өз еңбектерінде қандай ұлт болса да белгілі бір мемлекеттің құрамына енуге немесе басқа мемлекеттік одақтың түрлі формаларында басқа ұлттармен бірігуіне болады деп сан рет атап айтты. В. И. Ленин атап көрсеткен тең праволы халықтардың ерікті одағы қандай да болсын күштеу әрекеттерін сөзсіз жоққа шығарады және мұндай одақ біріне бірі сену және өзара құрметтеу ұранымен ғана дәйекті түрде жүзеге асырылады.

В. И. Ленин халықтардың ұлттық мемлекет болу жөніндегі праволарын жоққа шығару дегеніміз жалпы теңдікті жоққа шығару болып табылады деп атап көрсетті. Екінші сөзбен айтқанда, «бұл праволы дәйекті, яғни социалистік демократия ғана жариялап, тұжырымдап жүзеге асырады, бұл право болмаған жерде ұлттардың толық ерікті түрде жақындасуына да, қосылуына да жол болмайды».

Социализм құрылысы жағдайында көп ұлтты Россия халықтарының бірлігі мен ынтымағын нығайту үшін бір ғана жағдай қажет. Оның мәнісі мынау: патшалық Россия тұсында ұлттық езгіге ұшыраған халықтар қоғамдық, саяси, экономикалық және мәдени өмірде, оның ішінде, ең алдымен, өзінің мемлекеттік құрылысы ісінде өздерін толық праволы және азат ел деп сезінуі қажет. В. И. Ленин былай деп жазды: «Ұзақ уақыт езілген ұлттың өсіп-жетілген демократиялық өзін-өзі қадірлеу сезімін тек кешегі езушілер қорламаса, оған барлығы жөнінде, оның ішінде мемлекет құрылысында да тәжірибе жүзінде «өзінің» мемлекетін құру үшін тек теңдік, осы «мәдени жәрдем» үшін буржуазияның езгісінен азат бола бастаған еңбекші бұқара үлкен және алдыңғы қатарлы социалистік ұлттармен одақтасуға және бірігуге барлық күшін салып ұмтылады» (Шығармалар, 22-том, 358-бет).

1917 жылы 2 (15) ноябрьде қабылданған «Россия халықтары праволарының Декларациясында» Совет мемлекетінің ұлт саясаты жайындағы негізгі қағидалары алғаш рет жарияланды. Онда Россия халықтарының теңдігі мен суверендігі, олардың ерікті түрде өзін-өзі билеуге, тіпті дербес мемлекет болып құрылып, бөлінуіне дейін праволы екендігі айтылды.

В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап осы сара жолды асқан күш-жігермен жүзеге асыра бастады. Ол патшалық Россияның бұрынғы шет аймақтарындағы отар халықтарына, оның ішінде Қазақстанға да аса зор көңіл бөлді.

Біздің елімізде Россия Советтік Федеративтік Республикасын құру советтік мемлекеттік құрылысты оған әрі өрістетудің аса маңызды саяси кезеңі болып саналады. Мұның өзі ерікті ұлттардың ерікті одаққа бірігуі негізінде жүзеге асырылды.

Коммунистік партия мен Совет өкіметі жергілікті жердегі партия және совет ұйымдарын алғашқы советтік автономиялық республикаларды құруды әзірлеу жөніндегі аса зор ұйымдастыру жұмысын кезінен өрістетуге жұмылдырды. РСФСР мен оның құрамына енетін советтік автономиялық республикалардың арасындағы қатынастарды дұрыс қалыпқа келтіру, шет аймақтағы ұлттардың халықтарына өздерінің мемлекеттігін құруға көмектесу үшін Бүкіл одақтық Орталық Атқару Комитетінің арнаулы комиссиясы құрылды.

Қазақтың Советтік Автономиясын құру жолында, атап айтқанда Қазақстанның Құрылтай съезін іс жүзінде әзірлеу үшін Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты аса зор жұмыс жүргізді. 1918 жылғы май айының екінші жартысында осы халық комиссариатының жанынан Қазақ бөлімі құрылды. Бұл бөлім қазақ халқының ұлттық мемлекеттігін құру жөніндегі мәселелермен шұғылданды. Сонымен қатар еңбекшілердің экономикалық тұрмыс жағдайын көтеру, советтік азаматтық және қылмыстық заңдар жобаларын жасау, жерді пайдалануды реттеу сияқты жұмыстарды атқару осы бөлімнің тікелей қарауында болды.

В. И. Ленин ұлттық автономия тек қана Советтер негізінде құрылуға тиіс деп көрсетті. Мәселен, 1918 жылғы 22 апрельде Түркстан өлкесі Советтерінің V съезіне жолданған Ленин мен Сталин қол қойған телеграммада: «Халық Комиссарлары Советі сіздің өлкеніздің автономиясын советтік негізде құруды қолдайды» делінген.

В. И. Ленин 1918 жылдың басында Қазақстан делегациясымен әңгімесінде де, одан кейінгі кездерде де осы пікірді баса айтып, Қазақтың Автономиялы Советтік Социалистік Республикасын құру ісіне тікелей басшылық етіп отырды.

1919 жылғы апрельде Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты Қазақ АССР Советтерінің құрылтай съезін шақыру туралы шешім қабылдап, бұл съезді өткізу жөнінде әзірлік комиссиясын құрды. Сол жылғы 10 июньде РСФСР Халық Комиссарлары Советі Қазақ өлкесін басқару жөнінде Қазақ бөлімінің орнына революциялық соғыс комитетін құру туралы декрет қабылдады. Бұған В. И. Ленин қол қойғанды. Мұның өзі қазақ халқының мемлекеттігін құру жөніндегі өте-мөте маңызды қадам еді. Қазақтың революциялық соғыс комитеті интервенттер мен ішкі контрреволюцияға тойтарыс беру, Советтер өкіметін нығайту және Қазақ автономиясын құруды әзірлеу жөнінде қыруар жұмыс жүргізді.

В. И. Ленин Қазақ революциялық комитетінің жұмысын бағыттап отырып, оның басшы кадрларын нығайтуға ерекше назар аударды, оның өкілдерімен әлденеше рет әңгімелесті. Владимир Ильич 1919 жылғы 24 июльде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председателдік етті. Дәл осы мәжілісте Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық соғыс комитетінің құрамы туралы мәселе талқыланған болатын. Бұл комитеттің құрамына Советтер өкіметі жолындағы көрінекті күрескерлер

енгізілді. Бұдан кейін В. И. Ленин 20 декабрьде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси Бюросының мәжілісіне қатысты. Онда қазақ революциялық соғыс комитетінің жаңа құрамы туралы мәселе талқыланды. Осыдан соң іле-шала Қазақстан РКП(б) облыстық бюросы құрылды. Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық соғыс комитетінің мүшелері Әліби Жанкелдин, Бақытжан Қаратаев, Ғабайдолла Әлібеков және басқалар В. И. Лениннің қолы қойылған мандаттар алды.

В. И. Ленин ұлттық аймақтардағы халықтардың көкейтесті мәселелеріне үнемі зейін қойып, олардың мұқтажын өтеу үшін өлкеің өкілдерімен жиі-жиі кеңесіп, ақылдасып отырды. Башқұртстан, Қазақстан және Түркстан басшы қызметкерлеріне танысу үшін «Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистерінің алғашқы желісін» берді. Бұдан кейін олардың пікірлері мен ескертпелерін мұқият зерттеп шықты.

В. И. Ленин Советтік Шығыс халықтарына ерекше қамқорлық жасай отырып 1920 жылғы июльде жазған арнаулы хатында Башқұртстан мен Қазақстанның әрбір партия және совет қызметкері ай сайын беретін есепте «біздің башқұрттарға, қазақтарға және басқаларға не бергенімізді», сонымен қатар «не алғанымызды, қанша астық, қанша мал және басқаларын» дәл көрсетіп отыруды талап етті.

Қазақстандағы мемлекеттік және шаруашылық мәселелерін түгелдей тиянақты шешуге, жергілікті жерлерде Советтер өкіметін барынша нығайтуға, халық бұқарасының белсенділігі мен инициативасын мықтап арттыруға, оларды социалистік құрылысқа кеңінен тартуға РКП(б) Орталық Комитеті мен В. И. Лениннің өзі қамқорлық жасап отырды.

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ұлттық мемлекеттігін жасауда В. И. Лениннің инициативасы бойынша құрылған Түркстан комиссиясы үлкен еңбек сіңірді. Бұл комиссия өз жұмысында ұлттық теңсіздікті біржолата жою, бір ұлттық топты екінші бір ұлттық топтан артықша жағдайда ұстамау саясатын басшылыққа алды.

1920 жылдың 27 январында РКП(б) Орталық Комитеті Саяси Бюросының мәжілісінде В. И. Лениннің тікелей басқаруымен Қазақ революциялық соғыс комитетінің құрамы жөнінде мәселе талқыланды. Онда барлық қазақ жерлерін бір республика етіп біріктіру мәселесі жайлы М. В. Фрунзенің, Түрккомиссия мен Қазақ революциялық соғыс комитеті жаңа құрамының пікірін сұрау жөнінде шешім қабылданды.

Алайда ол кезде Орта Азияны бөлшектеуге, Түркстан республикасындағы қазақ облыстарын Қазақстанға қосуға мүмкіндік берерліктей жағдай әлі туа қоймаған еді. Түркстанды үш республикаға бөлуге Түрккомиссияның мүшелері М. В. Фрунзе, В. В. Куйбышев және Ф. И. Голощекин үзілді-кесілді қарсы екенін білдірді.

Буржуазияшыл ұлтшылдар Совет өкіметін әлсіретуге тырысып, оған қарсы сан қилы арандату әрекеттерін жүргізіп бақты. Дұшпан элементтер «Түрік республикасын» құру жөніндегі ұранды тұғып ұстап, сибекшілер арасында дұрдараздықты мейлінше өршіте түсті. Олар түрік халықтарының қазақ, өзбек, татар, башқұрт болып бөлінуіне қасарыса қарсы шықты. Сөйтіп, олардың ұлттық дербестігін жоюды, түптеп келгенде, Орта Азия мен Қазақстан халықтарын қалай да Россиядан бөліп акетуді көздеді. Бұл барып тұрған реакцияшыл, ұлтшыл саясат еді.

В. И. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің партияның Түркстандағы негізгі міндеттері туралы шешімінің жобасымен таныса келіп, 1920 жылы 13 июньде мына мәселелерді қажет деп санайтынын атап көрсетті: «1) Түркстанды Өзбекстан, Қырғыстан, Түркменстан етіп бөлек көрсететін (этнографиялық және басқа) карта жасауды тапсыру. 2) Осы үш бөліктің қосылу немесе бөлшектену жағдайын тиянақты түрде анықтау».

В. И. Ленин бірнеше күн өткеннен соң, Орталық Комитет қаулысының жобасына енгізген түзетулерінде «Республиканы 3 бөлікке бөлуге

асықпау керек» екенін, әбден ойланып алып, әзірленіп, өкімет билігін сенімді коммунистердің бақылауымен еңбекшілердің жергілікті Советтеріне бірте-бірте беру керектігін атап көрсетті.

Осының бәрі 1920 жылдың өзінде-ақ В. И. Лениннің Түркстанды болашақта ұлттық-мемлекеттік жағынан бөлу мүмкіндігін көрегендікпен болжап-білгенін айқын дәлелдейді. Сондай-ақ ол Орта Азияның нақты жағдайларын, осынау аса маңызды тарихи істі жүзеге асырудың қиыншылығын ескере отырып, бұл мәселе жөнінде асығыстық студің қажетсіздігін атап көрсетті. Өйткені бұған дейін жеке-жеке республика құру үшін бұл өңірде қажетті жағдай әлі де пісіп жетілмеген еді. Тек бірнеше жыл өткеннен кейін ғана Коммунистік партияның, В. И. Лениннің басшылығымен тиісті жағдай жасалды.

Ішкі контрреволюция мен шетелдік соғыс интервенциясын талқандаудың нәтижесінде Қазақстанда ұлттық мемлекет құру үшін қажетті мүмкіндік туды. 1920 жылдың жазында В. И. Лениннің басшылығымен РСФСР құрамында Қазақтың Автономиялық Советтік Социалистік Республикасын құруды жүзеге асыру үшін кең көлемді әзірлік жұмыстары өрістетілді.

Ұлт саясатының осынша маңызды мәселесін шешу кезеңінде кейбір қиыншылықтар да кездесті. Бұл қиыншылықтар әсіресе болашақ Қазақ республикасының шекарасын белгілеуде болды. Оның мәнісі мынада еді: Октябрь революциясына дейін патша өкіметінің сойқанды саясатының нәтижесінде қазақ халқы зорлықпен жан-жаққа бытыратылып жіберілген-ді. Қазақ жерінің бір бөлегі Түркстан өлкесіне, ал екінші бір бөлегі Сибирь өлкесіне қарады. Совет өкіметі жағдайында бұл бытыраңқылықты жойып, барлық жерді бір республика етіп біріктіру аса қажетті әрі заңды еді.

Коммунистік партия мен В. И. Ленин осы күрделі мәселені терең де дәйекті түрде талдай келіп, қазақ жерінің барлығын бір республика етіп біріктіруді көздеді. Бұл жөнінде 1920 жылдың жазында В. И. Лениннің басшылығымен өткен кеңес айқын дәлел бола алады. Сол кеңесте Ертіс өңіріндегі қазақ жерлерін жаңадан құрылған Қазақ республикасына қосу жайлы мәселе талқыланды. Сибирь революциялық комитеті кеңеске қатысушы өз өкілдерінің Ертіс өңіріндегі жерлерді Қазақ республикасына беруге қарсы болуын талап етті.

В. И. Ленин олардың да, Қазақстан өкілдерінің де сөздерін зейін қойып тыңдады. Кеңесте баяндама жасаған Серго Орджоникидзе мәселені жайын қысқаша баяндап өтті. Ұлттық істер жөніндегі халық комиссариаты қазақтар мекендеген жерлерді жаңадан құрылған Қазақ Советтік Республикасының құрамына қосуды мақұлдап шықты. Мәселені талқылау кезінде В. И. Лениннің ықпалымен Сибирь революциялық комитетінің өкілдері өздерінің дәйексіз пікірлерін түбірінен өзгертті. Соның нәтижесінде Ертіс өңірін Қазақстанға қосуға ешкім де қарсы болмады. Сондай-ақ Ақмола, Семей облыстарының жерін Қазақстанға қосу туралы мәселе де шешілді.

Ақыр аяғында, 1920 жылы 26 августа, В. И. Ленин мен М. И. Калинин «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Советтік Социалистік Республикасын құру туралы» тарихи декретке қол қойды. Республиканың құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары, Каспий өңірі мен Астрахань губерниясындағы уездер мен болыстардың бірсыпыра жері қосылды. Ал Сырдария мен Жетісу облыстары Түркстан республикасының құрамында болғандықтан декретте бұлар жөніндегі мәселені шешу осы облыстар тұрғындарының өз қалауы бойынша шешілсін деп атап көрсетілді. Бұл екі облыс Қазақ республикасына 1924 жылы қосылды.

1920 жылы 4 октябрьде Орынбор қаласында Қазақстан Советтерінің бірінші Бүкіл қазақстандық съезі ашылды. Оған Ә. Т. Жанкелдин басшылық етті. Съезд В. И. Ленинге деген шексіз сүйіспеншілігін білдіре

отырып, оны құрметті председателі етіп сайлады. Съезде қабылданған «Еңбекшілер праволарының декларациясында» Қазақстан РСФСР құрамына кіретін Советтік республика болып жарияланды. Сол съезде тарихта тұңғыш рет Қазақстанның халықтық үкіметі сайланды. Сөйтіп қазақ халқының ұлттық мемлекеті құралды.

Россия халықтарының праволарын практика жүзінде іске асыру империалистік топтардың, ақ эмигранттардың арасында үлкен абыржу тудырды. Олар бұл жөнінде қатты шаптыға бастады. Мәселен, ағылшын монополистерінің «Таймс» газеті Орта Азияға төнген «большевиктік хауіпті» болдырмау үшін өз үкіметінің батыл әрекет жасамағанына налыды. Газет «большевизмге кең өріс ашылды, ал ағылшынның беделіне қатер төнді» деп жазды. Уақытша үкіметтің бұрынғы басшысы Керенский ұлт мәселесі жөнінде арнайы меморандум шығарып, онда ол мәселені бұлайша шешуді Россияның географиялық жағдайы көтермейді, бұлай еткенде оның шеткері аймақтармен қарым-қатынасы бұзылады деп байбалам салды.

Ұлттар мен халықтарды мәңгі-бақи езіп-жаныштауды көксейтін империалистер мен олардың итаршыларына кезінде өлтіре соққы берілді. Тарихи дамудың барысында олардың сәуегейліктері түгелдей жоққа шықты.

Совет өкіметі тұсында лениндік ұлт саясатының асқан зор күші мен өміршендігі жалпы әлемге айқын танылды. Коммунистік партияның налылық басшылығы арқасында Қазақстан қоғамдық және экономикалық өмірдің барлық саласында бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеге жетті. Ол тарихи қысқа мерзімнің ішінде қарыштап өсіп, аса қуатты индустриялы-аграрлы республикаға айналды. Егер 1913 жылы Қазақстанда 90 мың тонна көмір өндірілсе, қазіргі кезде әрбір тәулік сайын 128 мың тонна көмір шығарылады. Республикамыз Австрия, Италия және Греция елдерін қоса алғандағыдан көмірді сегіз есе артық береді. Ал біздің республикада өндірілетін электр қуаты патшалық Россияда барлық электр станциялары өндірген қуаттан он есе артық.

Қазақстан еліміздің аса бай, қазыналы өлкесіне айналды. Қорғасын, мырыш және қалайы өндіру жөнінде біздің республика Совет Одағының негізгі қоймасы болып отыр. Ол кен өнеркәсібінің жалпы көлемі жөнінен дүние жүзіндегі ірі мемлекеттердің қатарына қосылады. Тек өткен жылдың ішінде мұнда темір рудасын шығару 1913 жылғы бүкіл Россияда өндірілгеннен бір жарым есе асып түсті. Соколов-Сарыбай кенбайыту комбинатына Одақ көлемінде және шетелдерде тең келетін кәсіпорын жоқ. Бұл комбинат жыл сайын 25,5 миллион тонна кен өндіреді. Қазіргі Қазақстан өз өнімдерін дүние жүзінің 55 еліне шығарады.

Республика ғылым мен мәдениет саласында да тамаша табысқа жетті. Қазір біздің республикада 41 жоғары оқу орны бар. Онда 144 мыңнан астам адам оқиды. Әрбір 10 мың адамға шағын есептегенде бізде студенттер саны Жапония, Франция, Германия Федеративтік Республикасы, Англия, Италия және Түркия сияқты елдердегіден бір жарым-екі есе артық. Сондай-ақ бізде әрбір 10 мың адамға келетін дәрігерлер саны да бұл елдердегіден едәуір көп.

Алдағы бесжылдықта республика еңбекшілерінің асар асулары бұдан да биік. Бұл кезеңде Советтік Қазақстан лениндік ұлт саясатының тамаша салтанатын паш ете отырып, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау ісіне өзінің лайықты үлесін қосатын болады.

**А. САРМҮРЗИН,**

тарих ғылымының кандидаты.

### Ащысай полиметалл комбинаты — советтік индустрияның алыбы

Ұлы Октябрь социалистік революциясының елу жылдығы жақындап келеді. Тарих тұрғысынан алғанда бұл қас қакандай ғана аз уақыт. Ал маңызы мен мазмұны, оқиғаларының молдығы мен ұлылығы жағынан Совет өкіметі өмір сүргелі бергі елу жыл— елу ғасырға тең десек, қателеспейміз.

Ұлы Октябрь жана заманның есігін ашып, күллі адамзаттың бақытқа барар жолын көрсетіп берді. Ал совет халқы, совет адамдары лениндік партияның басшылығымен сол бақытты өз қолдарымен орнатты. Қазір ұлан-байтақ Отанымызды мекендеген барлық ұлттардың, соның ішінде казак халқының да, материалдық және рухани даму жағынан шыққан биігі бүкіл әлемді таңдандырып отыр.

Қазақстан экономикасының қарышты қадамына куә боларлық жарқын мысалдардың бірі — Ащысай полиметалл комбинаты. Алғашқы бесжылдық тұсында дүниеге келген бұл комбинат — советтік индустрияның нағыз бел баласы, бүкіл еліміздегі түсті металлургия алыштарының бірі. Оның қалыптасу, өсу, өркендеу жолы — бүкіл өнеркәсібіміздің өсу, өркендеу жолы. Ал Ащысай еңбекшілерінің тұрмысы мен мәдениетінде болған тамаша өзгерістер бүкіл халқымыздың өскен өркенін, гүлденген өмірін бейнелейді.

Асылы, бүгінгі шыққан биігіміздің шын деңгейін анық білу үшін өткенге көз жіберіп, салыстыра салмақтаған мақұл. Кеше кім едік, қандай едік? Бүгін кіміз, қандаймыз? Үлкен аттаныстың алғашқы қадамын неден, немен бастап едік? Қазір неге жеттік, қалай жеттік? Міне осы сұраулардың төңірегінде әңгіме қозғауға болады.

Қаратау қазынасын да, ондағы казак еңбекшілерін де орыс және шетел қанаушыларының қанды шепгелінен Ұлы Октябрь социалистік революциясы азат етті.

Революция болысымен жас Совет өкіметі Ащысай кеніне дереу назар аударды. 1918 жылы рудник национализацияланды. Азамат соғысы жылдарында осы кеннің рудасымен жұмыс істейтін шарғын завод салынып, одан алынған қорғасын майдан қажетіне жаратылды. Сол үшін жер-жерден Ащысайға тәжірибелі кешілер жіберілді.

— Біз ак бандаларға қарсы Ащысай қорғасынымен соғысқанбыз, — дейді 1918 жылдан КПСС мүшесі, Қызыл Ту орденді Қалдыбай Нысанбаев сол бір шақтарды есіне түсіріп.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін, 1924 жылы Ащысай руднигі мен қорғасын заводы жабылды. Бірақ бұл жана экономикалық саясатқа байланысты қолданылған уақытша ғана шара еді. Партия елді индустрияландыруға берік бағыт ұстаған кезде Ащысай кені қайтадан қызу қолға алынды.

Бірінші бесжылдық жоспарда түсті металлургияны өркендетуге ерекше маңыз берілгені белгілі. Партия патшалық Россияда болып көрмеген қуатты, іргелі түсті металлургия жасау, сөйтіп өнеркәсіптің бұл саласында шетелден толық тәуелсіз болу міндетін алға қойды. Бұл үшін шикізаты жеткілікті, өндіріс орнына қолайлы база керек еді. Сондай базалардың қатарында ең алғашқылардың бірі болып Ащысай аталды.

Партия мен үкіметтің тікелей нұсқауымен 1926—1927 жылдары Тұрлан (Ащысай) кен орны жедел зерттеле бастады. Алғашқы барлау нәтижелерінің өзі мұнда өте сапалы қорғасын рудасының орасан бай қоры бар екенін дәлелдеді.

Үкімет рудникпен қатар алып қорғасын заводын салуға ұйғарды. Сол мақсатпен «Қазполиметалл» комбинаты құрылды. Шымкент қорғасын заводы мен Ащысай руднигінің құрылысын қамтыған бұл комбинат еліміздегі ең екпінді құрылыстардың бірі деп жарияланды.

Ол бір кезең бүкіл еліміз алып құрылыс алаңына айналған шақ еді. Ащысай құрылысшылары өте ауыр жағдайда қаһармандықпен еңбек етті. Таудың іші, жол жоқ. Транспорт жоқ. Жабдық жоқ. Құрылыс материалдары жоқ. Жұмысшыларға тұрғын үй жоқ.

Алғашқы жылдары негізгі транспорт — ат-арба, түйе болды. Түркістандағы мың жарымдай түйесі бар «Қызыл керуен» транспорт артелі бүтіндей Ащысайға қызмет етті.

Әсіресе 1932—1933 жылдардың қысында жұмыс жағдайы өте қиын болды. Түркістаннан Ащысайға дейінгі жолдың көп жерін үрпиді қар басып, рудник пен байыту фабрикасына қажетті толып жатқан жабдық бөлшектері, азық-түлік орта жолда қалды. Тау-тасты жерде жол атаулының жоқтығынан комбинаттағы бар техника — шынжыр табаңды жалғыз трактор қайта-қайта сынып қала берді.

Құрылысшылардың негізгі еңбек қаруы қайла, кетпен, сүймен сияқты құралдар еді. Тауды бұзып, тасты қашап тар табанды жол салу, шахтадағы шпурларды бұрғылау, машина камераларына кабель жеткізу, қонарылған тастарды сыртқа шығару жұмыстарының бәрі де қол күшімен атқарылды.

Осының бәріне басқа бір қиыншылық келіп қосылды. Коллективтендіру кезінде ауылдан қашқан байлар шахталарға еніп алып, бұлдіру әрекетін жүргізді. Олар кейбір жеке десятниктердің шовинистік пиғылын пайдаланып, қазақтардың қараңғы бөлегін орыстарға қарсы айдап салуға, жұмысшылар арасында ұлт араздығын қоздыруға тырысты.

Бірақ рудник партия ұйымы, коммунистер ішкі жаулардың арам пиғылды әрекеттерін дер кезінде әшкерелеп, іске асырмай тастап отырды. Тап дұшпандарына, ұлы державалық шовинизмге, жергілікті ұлтшылдыққа қарсы бітіспес күрес жүргізілді.

Жаулардың арандатушылық, бұлдірушілік әрекеттеріне еңбек адамдарының, адал кеншілердің интернационалдық ынтымағы қарсы қойылды. Кривой Рогтан, Донбасстан, Уралдан көмекке келген байырғы шахтерлер жергілікті қазақтарды қамқорлыққа алып, кен қазу өнеріне машықтандырды әрі солардың арасында тәрбие жұмысын жүргізді. Қайнаған еңбектің үстінде Ащысай кеншілерінің мызғымас достығы, тату-тәтті, ынтымақты үлкен коллективі қалыптасты.

Үкімет тарапынан да көмек күннен күнге күшейе түсті. СССР Ауыр өнеркәсіп халық комиссариаты Ащысайға автотранспорт, жүк таситын тракторлар бөлді. Оларға арнап тау арасынан жол салынды. 1933 жылдың өзінде Ащысайдың қуатты автотрактор паркі болды. Сол жылы байыту фабрикасының құрылысы да аяқталды, Түркстан-Ащысай тар табанды темір жолы салынып бітті.

Бірге-бірге қол еңбегінің орына механизм ене бастады. Мемлекет Ащысайды, өте-мөте Шымкент қорғасын зауытын сол заманғы шетелдік техниканың ең үздік нұсқаларымен жарақтандыруға қаржыны аяған жоқ. Қорғасын зауытының жабдығы түгелдей, рудник жабдықтарының 50—60 проценттейі шетелден сатып әкелінді. Көп ұзамай-ақ қол бұрғылар, ат жеккен вагоншалар көрінбеуге айналды. Компрессор станциясы ең жақсы компрессорлармен жарақтанды. Электр қуатымен жүретін көтергіш лебедкелер орнатылды. Әуелі бірнеше аттың күші бар мұнай двигательдері істей бастады да, ұламай 600 аттың күші бар дизель станциясы іске қосылды. Қантағы ЦЭС-і мен Қантағы-Ащысай электр жүйесінің құрылысы тездетілді.

Түсті металлургия алыбының құрылысы Қазақстан Компартиясының ұдайы назарында болды. 1933 жылы 2 июльде Қазақстан өлкелік партия комитеті «Қазполиметалл» комбинаты құрылысының барысы туралы комбинат директоры Клемансонның есебін және Ащысай партия ұйымындағы бұқаралық-ұйымдастыру жұмысының жайын талқылап, арнайы шешім қабылдады. Ол шешімде мемлекет бөлген қаржыны, материалдық мүмкіндіктерді ұқыпты пайдалана отырып, комбинаттың мерзімінде іске қосылуын қамтамасыз ету, кенші кадрлар, әсіресе жергілікті ұлт кадрларын даярлау, жұмысшылардың материалдық-мәдени тұрмысын жақсарту жөнінде нақты-нақты шаралар белгіленді. Өлкелік комитет басқару ісінде, тәрбие жұмысында жергілікті ерекшелікті ескермеушілік фактілерін айыптады. Қазақ кадрларын тұрақтандыру, тәрбиелеу мәселесіне ерекше назар аударды. Арада біраз уақыт өткен соң өлкелік комитет бұл мәселеге қайта оралды. Арнайы бригада жіберіп, өз шешімінің қалай орындалып жатқанын тексерді, практикалық көмек көрсетті.

Ол кезде Ащысай партия ұйымы да қалыптасып, әжептәуір екпінді күшке айналған еді. Партияның 211 мүшесі мен кандидаты 6 цехтық ұяға, 21 партия тобына, 1 звенолық ұяға біріккен-ді. Коммунистер негізінен өндірістің ең жауапты, шешуші учаскелеріне орналастырылды.

Партияның индустрияландыру саясатын дұрыс жүргізуінің, мемлекеттің пәрменді жәрдемінің, жұмысшылардың ынтымақты, қажырлы, жан қиярлық еңбегінің арқасында, орасан зор қиыншылықтарды жеңе отырып, түсті металлургияның Оңтүстік Қазақстандағы алыбы аршынды адыммен алға басты. 1935 жылғы июльде, Қазақ ССР-інің 15 жылдық мерекесі қарсаңында, Үкімет комиссиясы Шымкент қорғасын зауыты мен Ащысай кен комбинатының іске қосылғаны туралы актіге қол қойды. Соған орай байыту фабрикасының да қуаты тез артты.

Ең бастысы — комбинатпен қатар адамдар өсті. Олардың еңбек жағдайы, әл-ауқаты, мәдениеті жақсарды. Кеше ғана ауылдан келген қазақ кедейлері техниканы еркін меңгеріп, маман жұмысшы болды. Олар өндірісте шынығып, өсіп, өз тағдырын қолына алған азат еңбеккердің қандай кереметтер жасай алатынын бар әлемге паш етті. Мысалы, 1935 жылдың аяғына қарай рудниктегі жұмысшылардың 65 проценттен астамы нормаларын үнемі асырып орындайтын дәрежеге жетті. Стахановшы екпінділер қатары 200-ден асты. Оның 187-сі — қазақтар еді.

Дегенмен де жана кәсіпорынның алғашқы кездерде ысылған маман кадрлардың тапшылық көргені әбден түсінікті. Тұрғын үй-коммуналдық қызметтің әлі жеткіліксіздігі кадрларды, өте-мөте инженер-техник қызметкерлерді, орта буын командирлерін тұрақтандыруға үлкен қиындық келтірді. Осыған байланысты партия Ащысайдың өзінде жергілікті еңбеккерлерден кадрлар армиясын даярлауға ерекше назар аударды. Негізгі мамандық иелері — кеншілер, байытушылар, проходчиктер, механиктер даярлайтын курстар ашылды. Оларда комбинаттың жетекші мамандары тегін сабақ берді. Инженерлер мен жауапты қызметкерлер елдің таңдаулы кәсіпорындарында, институтта-



рында даярланып отырды. Комбинатқа арнап әр жердегі маркшейдерлік курстардан, техникалық мектептерден, өнеркәсіп академиясынан, жоғары оқу орындарынан, мамандық жетілдіру курстарынан белгілі мөлшерде орын берілді.

Комбинат коллективі Отанымызға қорғасынды көп беру үшін күресе жүріп оқыды. Оқи жүріп өсті, жетілді. Игі мақсатты ұлы жорық үстінде тамаша еңбек иелері, өнерлі, шебер кеншілер өсіп шықты. Ащысай комбинатының қалыптасу, даму тарихын сөз еткенде оның ең тұңғыш ардагерлерін — геологтар жетекшісі И. И. Князев, тамаша проходчиктер Завадский, Сулимов, кен мастерлері Клоц пен Ғалиасқаров, слесарьлар Драгунов, Бочкарев, Иванов, инженерлер Петров пен Тонин, жаңашыл механиктер П. М. Витоль, мастер А. Акалеев, инженер К. С. Цветков, забойшылар С. Құлтасов, В. Момбеков, А. Карамендиев, И. Шалкеев, А. Сандықбаев, Қ. Оралов, С. Рахметов, байытушылар Қангелдиев, Жүзімбеков, Сұлтанов, автомеханиктер А. Гуренко, И. Немцов, құрылысшылар Мұратбеков, Балдуев, Найденов, Маслеников, монтажшылар Парня, Кривоzub, Найманбаев, Золотаев және басқа ондаған, жүздеген жалынды энтузиастардың есімдерін құрметпен атап өткен орынды.

Партияның Ащысай комбинатын салу, жабдықтау, өскендету ісіне ерекше көңіл бөліп, өте дұрыс жасағанын тарихи дамудың барысы айқын дәлелдеп көрсетті. Ащысайдай алыптың дүниеге келіп, іске кірісуі еліміздің қорғасын өндірісі жөніндегі дербестігін қамтамасыз етті. Ал Ұлы Отан соғысы жылдарында, әсіресе оның алғашқы кезеңінде Ащысай кеншілері мен байытушылары бүкіл елімізде өндірілген барлық қорғасынның тең жарымынан астамын беріп тұрды. Бұл — комбинат қорғасыншыларының ерлігі мен қаһармандығын бейнелейтін өте маңызды факт.

Қазір комбинаттың іске қосылғанына 30 жылдан асын барады. Бұл уақыттың ішінде Ащысай танымастай болып өзгерді, өсті. Ең алдымен комбинаттың көлемі таламат ұлғайып, өрісі кеңейді. Қазір ол Ащысай, Мырғалымсай, Батыс, Байжансай, Қарасай рудниктерін, Мырғалымсай біріккен байыту фабрикасын, шахта құрылысы басқармасын, темір жол цехын, механика, электр жөндеу, эксперимент, автоматика, энергетика, т. б. қосалқы цехтарды қамтиды.

Екіншіден, Ащысай қазір өндіріс процестері түгел дерлік механикаландырылған, автоматтандырылған, осы заманғы ең жаңа, озық техникамен жарактанған, еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың ең прогрестік формалары қолданылып отырған озат кәсіпорын. Кен қазуды үздіксіз жетілдіру, шапшаң проходкалау әдістерін қолдану, шахта транспортын жаңарту, жетілдіру, өндіріс процестерін автоматтандыру, ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске батыл енгізу жөніндегі Ащысай кеншілерінің, инженер-техник қызметкерлерінің тамаша жеңістері бүкіл дүние жүзіне әйгілі. Комбинат қазір кен қабаттарын шапшаң қазудың бүкіл одақтық шынайы мектебіне айналып отыр.

Қоғамдық өндірісті өркендетуде еңбек өнімділігін арттырудың нешеші маңызы бар екені белгілі. В. И. Ленин жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін ең маңызды, ең басты нәрсе, сайып келгенде, еңбек өнімділігі деп талай рет атап көрсеткен болатын. Ал социалистік қоғам жағдайында үздіксіз техникалық прогресс қана осындай ең жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз етпек.

Ащысай кеншілері лениндік осы нұсқауды творчестволықпен жүзеге асырып келеді. Комбинат партия ұйымы кеншілер коллективінің творчестволық ақыл-ойына кен өріс ашып, оның жасампаз күшіп өндірісті техникалық жағынан тынымсыз жетілдіруге бағыттауда. Комбинатта жыл сайын жүздеген жаңашылдық ұсыныстар түсіп, өндіріске енгізіліп жатады.

Комбинат кеншілерінің творчестволық өрлеуі туралы айтқан кезде оның даңқты проходчиктерінің әлемді дүр сілкіндірген өнер табысын, үздік жетістігін атамай кетуге өсте болмайды. Кен қабаттарын шапшаң проходкалау жөнінде комбинаттың бұрыннан-ақ едәуір тәжірибесі болатын. 1958 жылдың өзінде Ащысай руднигінде И. П. Жогловтың бригадасы отандық және шетелдік тәжірибені терең зерттей отырып, айына орта есеппен 380 метр шапшаңдықпен штрек өткенді. Бұл бүкіл еліміздің кен-руда өнеркәсібі бойынша үздік рекорд еді.

1959 жылғы октябрьден бастап 1960 жылғы мартқа дейін Мырғалымсай руднигіннің проходчиктері 1 275 метр штрек өтті. Бұл — айына орта есеппен 212 метр деген сөз. Келесі жылғы апрельде М. П. Русактың бригадасы Оңтүстік блокта бір забоймен 522,3 метр, майда — 595,7 метр кен жолын ашты.

Кеншілер қол жеткен табысты қанағат тұтқан жоқ. Шапшаң проходкалау технологиясын, қазғыш жабдықтарды жетілдірген үстіне жетілдіре берді. 1963 жылғы апрельде С. Х. Малкиннің бригадасы бір забоймен 804 метр штрек өтіп, Одақ көлемінде жаңа рекорд жасады. Ал 1964 жылы жазда Николай Семенович Кулештің комплексті проходчиктер бригадасы бір забоймен 1192,1 метр штрек өтіп, дүние жүзілік рекорд жасады.

Әдетте ең үздік жеңістер үлкен қиындыққа қарсы күрес үстінде келеді. Мырғалымсай рекордының алдында да нақ солай болды. Мырғалымсай кеншілерінің төртінші горизонттан жаңа руда жотасын ашып, дайын запасты тез көбейтуіне тура келді. Бұл тапсырманы Н. Кулештің бригадасы міндетіне алды. Шапшаң проходкалауға қатысқандардың бәрі де кен жұмысының асқан шеберлері еді. Мысалға коммунист В. И. Ивановты алайық. Ол жаңа техниканы өндірушілер тобының механигі, 92 өнер тапқыштық ұсыныстың авторы, тамаша еңбек иесі, шапшаң проходчиктер учаскесі партия ұйымының секретары.

Бригада дүние жүзілік рекордқа жету жолында комбинат кеншілерінің бай тәжірибесін мұқият пайдаланды. Комбинат бойынша соңғы алты жарым жыл ішінде 30 километрден астам кен жолы ашылған еді. Сол жылдар ішінде проходкалаудың үш түрлі технологиялық схемасы жасалған. Соның ішінен Н. Кулештің бригадасы үздіксіз жұмыс істейтін «ПНБ-3» машинасы мен өздігінен жүретін секциялы конвейерді пайдаланатын схеманы таңдап алды. Бұл схемада мырғалымсайлықтар еңбек ұйымдастырудың мүлдем жаңа әдісін, комбинаттың күш-қаржысымен жасалған кен қазу жабдықтарының мүлдем жаңа комплексін қолданды. Жұмыс уақытының әрбір минуты, әрбір секунды қатаң есепке алынды. Звенолар жұмыс үстінде смена алмасып отырды. Бригада жұмысы әрқайсысы алты сағаттан алты шиклі графикпен ұйымдастырылды. Циклдегі әрбір операцияға жұмсалатын уақыт секундқа дейін дәл белгіленді.

Міне осындай қаһармандық күрес пен ұйымшылдық айтулы жеңіске жеткізді. Шапшаң проходкалаудағы үздік табыстары үшін өткен жылы комбинаттың 12 кеншісі мен инженер-техник қызметкеріне Лениндік сыйлық берілді. Бұл құрметті атаққа ие болғандардың ішінде «Ачполиметалдың» бұрынғы директоры М. И. Харитонов, Мырғалымсай руднигінің бастығы И. Ш. Коган, шапшаң проходкалаушылар бригадирі Н. С. Кулеш, учаске бастықтары А. Құлманов пен А. Ф. Нивин, бас инженер Б. Ф. Еремия, звено жетекшілері Н. И. Абрамов, С. Х. Малкин, Н. С. Швец бар.

Комбинатта әрбір жұмысшының өнімді еңбек етуіне, творчестволық ізденуіне, бар қабілетін ашып көрсетуіне, өндірісті басқару, жетілдіру ісіне белсене қатысуына қажетті жағдайдың бәрі жасалған.

Мұнда 14 ғылыми-техникалық қоғам, 7 қоғамдық конструкторлар бюросы, 13 экономикалық талдау бюросы, 17 жаңашылдар мен өнер тапқыштар секциясы, 11 өндірістік кеңес тұрақты жұмыс істейді. Олар 3 500-ден астам адамды қамтиды. 258 адам қоғамдық инспектор міндетін атқарады. Еңбекшілерді тәрбиелеу жұмысына 1 133 адам қатысады. 450 кенші өндірістен қол үзбей аспирантураларда, жоғары оқу орындарында, техникумдарда сырттан оқиды, жүздеген кеншілер жұмысшы жастардың кешкі мектептерінде, озаттар мектебінде білімін көтереді.

«Достық» клубы кеншілердің нағыз мәдениет ошағына айналып отыр. Мұнда ауызша журналдар, тематикалық кештер, еңбек ардагерлерімен, азамат және Отан соғысы қаһармандарымен, ғалымдармен кездесулер ұйымдастырылып тұрады, еңбектің озат тәжірибесі, ертеңгі күннің техникасы, коммунистік болашақ жайлы қызықты әңгімелер өткізіледі. Клуб жанында мәдениет халық университеті жұмыс істейді. «Достық» драма үйірмесіне халық театры деген құрметті атақ берілді.

Неше түрлі спорт алаңдары бар стадион, тамаша жүзу бассейні, жақсы парк, бірнеше аурухана, емхана, балалар бақшалары мен ислілері кеншілер игілігіне қызмет етеді.

Ащысай — үздік еңбек озаттарының, ел қадірлеген ардагер азаматтардың мекені. Мұнда 50-ге тарта еңбек сіңірген кеншілер мен байытушылар, бірнеше Социалистік Еңбек Ерлері, Лениндік сыйлықтың лауреаттары, 160-тан аса республика Жоғарғы Созетінің, облыстық, қалалық, поселкелік Советтердің депутаттары бар. Міне еңбек майданының ең алдыңғы шебінде жүрген осы екінді топ, коммунистер бүкіл Ащысай кеншілерінің үлгі тұтар өнегесі, керуен басы болып отыр.

Осыдан бес жыл бұрын комбинат коллективі партия ұйымының басшылығымен тамаша бір бастама көтерді. Олар өз мүмкіндіктерін есептеп келіп, коммунистік еңбек кәсіпорны атану үшін күресуге бел байлады. Қазірдің өзінде 10 цех, 33 учаске, 18 смена, 22 служба, 198 бригада бұл құрметті атақты жеңіп алды да. Комбинаттағы барлық жұмысшылардың 56,4 проценті — коммунистік еңбектің екінділері.

1935 жылы Ащысайға тұңғыш электр бұрғылары жаңа келе бастап еді. Қазір комбинат өздігінен жүретін кен техникасын игеруде, өндіріс процесін автоматтандыруда, кен қазудың, шахта салудың тиімді әдістерін тауып қолдануда еліміздегі ең үздік кәсіпорындардың бірі болып отыр.

Сондай-ақ осыдан отыз жеті жылдай бұрын Ащысайда жапырайған бес барак бар еді. Қазір бұл жерге Кентау атты тамаша қала орнаған. Ащысай кеншілері тұрмысы мен мәдениеті, білімі, творчестволық шабыты, қаласының көркі жағынан қай елдің қай жерімен болса да жарысқа түсе алады.

Ащысай комбинатының келешегі бұдан да жарқын. Ащысайлықтар үстіміздегі бесжылдықта кен қазу жағынан да, өндіріс тиімділігін арттыру жағынан да жаңа белестерге шыққалы отыр. Комбинат коллективі таяу жылдардың ішінде шаруашылық есеп пен жоспарлаудың нормативтік тәсілдерін батыл қолдану арқылы рудниктердің бәрінде рентабельді кәсіпорынға айналдыру мақсатын алға қойды. Бұл бағытта қазірдің өзінде нақты шаралар іске асырылуда. Сондай-ақ Ащысай кеншілері бүкіл Кентауды коммунистік еңбек қаласы ету үшін асқақ ұйымшылдықпен, табандылықпен күресуде.

М. АЯПОВ.

Шымкент облысы.

## ЖЕРГІЛІКТІ СОВЕТТЕРДІҢ РОЛІ КҮШЕЙТІЛСІН

О. БАТЫРБЕКОВ,

*Қазақстан КП Орталық Комитетінің ұйымдық-партиялық жұмыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары*

КПСС XXIII съезі еңбекшілер депутаттары Советтерінің шаруашылық пен мәдениет құрылысындағы ролін арттыруға ерекше назар аударып, нақты, пәрменді шаралар белгіледі. Съезд шешімдерінде жергілікті өкімет органдарының мемлекеттік, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени құрылыстың сан саласына басшылығы мен ықпалын күшейту қажеттігі атап көрсетілді.

Мұның мәнісі әбден түсінікті де. Еңбекшілер депутаттарының Советтері — нағыз өкімет органдары және халқымыздың ең бұқаралық ұйымдары ретінде советтік мемлекеттік системаның демократиялық сапасын мейлінше терең, мейлінше айқын бейнелейді. Партия Советтер арқылы бұқараны ұйымдастырып, топтастырып, шаруашылық пен мәдениет құрылысына жоспарлы басшылығын қамтамасыз етеді. В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, Советтер — «жұрттың бәрі үшін ашық, барлық істерін бұқараның көз алдында істейтін, бұқараның қолы жететін, тікелей бұқарадан шыққан өкімет, халық бұқарасының және оның еркінің тікелей және қолма-қол органы» (Шығармалар, 31-том, 357-бет).

Елімізде коммунистік құрылыс кең өрістеген сайын жергілікті Советтердің ролі мен ықпалы күшейіп, праволары ұлғая түседі, олар жергілікті маңызы бар мәселелердің бәрін де түпкілікті шешіп отыратын болады деп КПСС Программасында айрықша атап көрсетілген. Алайда, осы талапқа қарамастан, КПСС Орталық Комитетінің 1964 жылғы октябрь Пленумы алдындағы бірсыпыра кезеңде совет құрылысы мәселелерін шешуге субъективтік тұрғыдан қараудың, мемлекеттік аппаратты жиі-жиі және ешбір негізсіз қайта құрудың салдарынан жергілікті Советтердің ролі бірсыпыра төмендетіліп жіберді.

Шаруашылық құрылыста, жергілікті мәселелерді шешуде өте-өте аудандық, селолық, ауылдық Советтердің беделі мен ықпалы кеміп кетті.

Аудандардың орынсыз ірілендірілуі, бір тұтас совет органдарының өнеркәсіптік және селолық болып жасанды түрде екіге бөлінуі Советтердің өз территориясында толық билік жүргізетіні жөніндегі лениндік принциптің бұзылуына апарып соқтырды.

КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1964 ж.) Пленумы бұл кемшіліктер мен қателіктерді батыл түзетті. Жергілікті Советтер өзіне СССР Конституциясы берген кең праволар мен міндеттерге қайтадан толық ие болды. Орталық Комитеттің ноябрь (1964 ж.) Пленумының қаулысына сәйкес партия, совет органдарын құрудың территориялық-өндірістік принципі қалпына келтірілді. Біздің республикада жаңадан 1965 жылы — 31, 1966 жылы — 14 аудан құрылып, селолық аудандардың саны 164-ке жетті.

Советтердің бұрынғы құрылымдық принципке қайта келіп, праволарының кеңеюі олардың шаруашылық пен мәдени өмірдегі ролі мен

ықпалын күшейтуге кең өріс ашты. Октябрь Пленумынан бері екі жылдай ғана уақыт өтсе де, жергілікті Советтердің жұмысында соны леп, жаңа тыныс мол байқала бастады. Республиканың көптеген жергілікті Советтері өздерінің ұйымдастыру-бұқаралық қызметін әжептеуір жандандыра түсті. Мысалы, соңғы кездері Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Целиноград, Шымкент және басқа бірсыпыра облыстардың көптеген Советтері инициативаны өрістетіп, шаруашылық, мәдениет мәселелерімен тереңірек, нақтырақ шұғылдануға бет бұрғанын атап өтуге болады.

Қарағанды облысында Советтердің көбісі ұйымдық-бұқаралық жұмыстың алуан түрлі әдістері мен формаларын толығырақ пайдалана бастады, еңбекшілерді мемлекеттік басқару ісіне кеңірек қатыстыратын болды. Мұнда облыстық Советтің сессиялары белгіленген мерзімде тынылықты дайындықпен өткізіліп тұрады.

Облыстың көптеген Советтерінде аса маңызды шешімдердің жобаларын еңбекшілер коллективтерінде, сайлаушылар арасында алдын ала талқыға салу әдісі жақсы қолданылып жүр. Мұның өзі сайлаушылардың, депутаттардың Совет жұмысына белсене қатысып, өз пікірлері мен ұсыныстарын айтуына, сол негізде неғұрлым дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Мысалы, Қарағанды қалалық атқару комитеті қала халқына транспорт қызметін жақсарту шаралары жөніндегі мәселені сессияда қараудан бір ай бұрын шешім жобасын депутаттарға таратып берді. Олар жобаны сайлаушыларға таныстырды. Осының нәтижесінде қалалық Совет атқару комитетіне транспорт жұмысын жақсартуға бағытталған 100-ден астам бағалы ұсыныстар, сын ескертпелер түсті. Кейіннен ол ұсыныстардың көпшілігі сессия шешімінде ескерілді.

Жергілікті Советтер жүйесінде аудандық буын ерекше орын алады. «Аудандық буынды нығайтуға айрықша назар аудару керек» деп КПСС Программасында атап көрсетілген. КПСС Орталық Комитетінің октябрь, ноябрь Пленумдарының шешімдерін іс жүзіне асыра отырып, көптеген аудандық Советтер соңғы кездері шаруашылық мәселелерді батылырақ шешетін болды, халық шаруашылық жоспарларының орындалуына бақылауын күшейтті, аудан көлеміндегі колхоздардың, совхоздардың, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысына нақты басшылық, пәрменді ықпал жасай бастады.

Целиноград облысындағы Есіл аудандық (председателі Рамазанов жолдас), Қостанай облысындағы Федоров аудандық (председателі Стрельник жолдас), Алматы облысындағы Жамбыл аудандық (председателі Курганский жолдас), Павлодар облысындағы Ертіс аудандық (председателі Садықов жолдас), Қарағанды облысындағы Осакаров аудандық (председателі Егорова жолдас) және басқа да аудандық Совет атқару комитеттері ауыл шаруашылық өндірісін өрге бастыру, колхоз, совхоз экономикасын нығайту мәселелерімен нақты шұғылданып келеді.

Биыл республикамыздың ауыл шаруашылығының еңбеккерлері партиямыздың XXIII съезінің және КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін жүзеге асыра отырып, астық өндіруді молайту жөнінде айтарлықтай тамаша еңбек жеңісіне жетіп, Отанның қоймаларына бір миллиард пұттан артық астық құйды. Бұл жеңісте еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің үлесі аса зор.

Көптеген Советтер шаруашылық мәселелерге шұғыл бет бұрыс жасай тұрып, еңбекшілерге мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету, адамдарға коммунистік тәрбие беру ісін де күшейте түсуде. Бұл жөнінде Алматы облысындағы Жамбыл аудандық Советінің бастамасы мақтауға тұрарлық. Бұл Совет Ұлы Октябрдің 50 жылдығына әзірлене отырып, мәдени-тұрмыстық объектілер құрылысын кең өрістетуге міндеттенді. Жам-

былдықтар бастамасын республиканың барлық Советтерінің іле көтеріп әкеткені қуанышты жай.

Зырян қалалық Советінде (председателі Бабин жолдас) еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісі жақсы ұйымдастырылған. Қалалық Совет өз сессияларының бірінде «Еңбек пен тұрмысқа жаңа азаматтық дәстүрлерді, салттарды, мейрамдарды енгізу» мәселесін қарады. Бұл ауданда «Жаңа туған нәрестені қоғамдық тіркеу», «Тұңғыш паспортты тапсыру», «Жұмысшы табының қатарына қабылдау», «Совет Армиясында қызмет етуге шығарып салу», «Қоғам алдында нәкелесу», «Зырян қаласының құрметті азаматы атағын беру», «Қаза тапқап жауынгерлер мен қайтыс болған зыряндықтарды еске түсіру» сияқты салттар берік ірге тепті. Қалалар мен селоларда «Қысты шығарып салу», «Қайың мерекесі», «Гүл мерекесі» және басқа халықтық мейрамдар жақсы дәстүрге айналған.

Соңғы кездері селолық, ауылдық, поселкелік Советтердің жұмысында да елеулі ілгері басқандық байқалады. Қостанай облысындағы Қуйбышев селолық Советі (председателі Новиков жолдас), Семей облысындағы Андреев селолық Советі (председателі Ларионова жолдас), Шымкент облысындағы Ойтал поселкелік Советі (председателі Қыпшақбаев жолдас) және басқа ондаған ауыл-селолық Советтер шаруашылық пен мәдениет құрылысы міндеттерін жүзеге асыруда өздеріне берілген өкілдіктерді толығымен шебер пайдаланып келеді.

Сонымен бірге әлі де оралымсыздық жасап, ұйымдастыру жұмысын жолға қоя алмай келе жатқан, инициативасыз, самарқау жергілікті Советтер де аз емес. Қостанай облысынан Семиозер, Гурьев облысынан Қызылқоға, Орал облысынан Фурманов, Шымкент облысынан Ленин аудандық атқару комитеттерінің атына осындай сын айтуға тура келеді. Бұлар шаруашылық пен мәдениет құрылысында бұқараның тәрбиешісі, ұйымдастырушысы қызметін нашар атқарып жүр.

СССР Конституциясына сәйкес әрбір жергілікті Совет өз территориясында бүтіндей билік жүргізетін мемлекеттік өкімет органы болып табылады. Шаруашылық пен мәдени өмірдің Советтер араласпайтын бірде-бір саласы жоқ. Колхоздар мен совхоздардың, кәсіпорындардың жоспарларды орындауы, қалалар мен селоларды көркейту, алуан түрлі құрылыстарды ұйымдастыру, мектептердің, ауруханалардың, балалар мекемелерінің, магазиндердің, асханалардың, мәдени-ағарту, тұрмыстық мекемелердің жұмысын жақсарту — бәрі де Советтердің төл ісі. Бұл тұрғыдан алғанда кейбір жергілікті совет қызметкерлерінің «анаған правомыз жоқ, мынаған правомыз жоқ» деп сылтауратып, өздерінің самарқаулығын ақтауға тырысатындары мүлдем орынсыз.

Бірсыпыра қалалық Советтердің ұйымдастыру жұмысы да бүгінгі күн талабының дәрежесінде емес. Қалалық атқару комитеттері әлі де перспективалық мәселелерді аз шешеді, қала шаруашылығын комплексті өркендетуге аз көңіл бөледі, жеке кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың жұмысына терең бойламайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, Советтер шұғылданатын шаруаның ұшы-қиыры жоқ. Олар экономикаға да, қоғамдық қатынастарға да, адамдардың мәдениеті мен тұрмысына да ықпал жасай алады. Осы қыруар міндетіне орай Советтердің қолындағы күші де орасан зор. Қазіргі кезде республикамызда 2 231 жергілікті Совет, соның ішінде 15 облыстық, 64 қалалық, 164 аудандық, 9 қалалық-аудандық, 169 поселкелік, 1 810 ауыл-селолық Совет бар. Олардың құрамына 102 646 депутат сайланған. Бұларға қоса жергілікті Советтердің басшылығымен жұмыс істейтін алуан түрлі еңбекшілер ұйымдарына — штаттан тыс комиссияларға, бөлімдерге, комитеттерге біріккен ондаған мың совет активі және бар.

Депутаттардың басым көпшілігі өздеріне көрсетілген халық сенімін абыроймен ақтап, еңбекте де, қоғамдық өмірде де өнеге көрсетуде. Мы-

салға Қызылорда облыстық Советінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері, атакты күрішші Ыбрай Жақаевтың, Павлодар облысындағы Ертіс аудандық Советінің депутаты комбайншы Краснованың, Шымкент облысындағы Ленин аудандық Советінің депутаты, шопан Сапаровтың, Алматы облысындағы Орта селолық Советінің депутаты, бригадир Зуоршаеваның, Балқаш қалалық Советінің депутаты, автослесарь Полукеевтің және басқа жүздеген, мыңдаған депутаттардың есімін атауға болар еді.

Жергілікті Совет депутаттары сайлаушылармен жиі кездесіп, адамдардың тұрмысына, тіршілігіне, медицина, сауда, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына көбірек назар аударатын болды. 1965 жылы депутаттардың 91,4 проценті өз сайлаушылары алдында есеп берді. 82 мыңнан астам депутат әртүрлі тұрақты комиссиялардың құрамына кіріп, сол арқылы Совет жұмысына белсенді қатысады. 26 800 депутат 4 378 депутаттар тобына біріккен. Олардың көпшілігі сайлаушылардың тұрған жерінде аса маңызды бұқаралық жұмыс жүргізіп, Совет алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай шешуге көмектесуде.

Партия мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық буынында демократияны өрістетіп, жергілікті инициативаға кең жол ашып отырған қазіргі жағдайда жергілікті Советтердің пәтижелі, пәрменді жұмыс жүргізуіне барлық жағдай жеткілікті. Бірақ не пайда, осы қолайлы мүмкіндікті пайдалана алмай отырған Советтер де әлі баршылық. Кейбір Советтер керек десе сессияларының өзін белгіленген мерзімде шақырып отырмайды. Бұл істің жайы өте-мөте селолық Советтерде нашар. Мысалы, Целиноград облысындағы Ново-Владимировский селолық Советі бір жыл ішінде бір рет те сессия шақырмаған. Павлодар облысындағы Веселая Роща селолық Советі биылғы жылдың басынан бері бір-ақ рет сессия өткізген.

Қайсыбір жергілікті Советтерде сессия шақырыла қалған күннің өзінде тиісті дайындықсыз, ат үсті, жүрдім-бардым өткізіле салады. Мәселен, Қостанай облысындағы Таран аудандық Советінің құрылыс жұмыстарының жайын талқылаған үшінші сессиясында жарыс сөзге екі-ақ адам, ал Целиноград облысындағы Сергеев селолық Советінің халықтан ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау мәселесін қараған үшінші сессиясында бір-ақ адам сөйлеген. Гурьев облыстық Советі былтырғы декабрьде өткізген сессиясында күрделі төрт мәселе қарады. Бірақ сол төрт мәселенің жарыс сөзі аралас жүрді де, тиянақты талқылау, мазмұнды пікір болмады.

Көптеген жергілікті Советтердің тұрақты комиссияларының жұмысында да формальдылық, үстірттік мол. Тіпті кейбір тұрақты комиссиялар қағаз жүзінде тіркелгені болмаса ешқандай жұмыс жүргізбейді. Мысалы, Орал облысында аудандық, селолық Советтердің тұрақты комиссияларының көпшілігі тек формальды түрде өмір сүреді. Қостанай облыстық Советіндегі 11 тұрақты комиссияның үшеуі ғана жұмыс істейді. Бұл Советтің денсаулық сақтау, мәдени-ағарту жұмысы жөніндегі комиссиялары құралған күннен бері бірде-бір мәжіліс өткізбеген, сессияның немесе атқару комитетінің қарауына бірде-бір мәселе әзірлемеген.

Мұндай кемшіліктерден арылу керек. КПСС XXIII съезінде атап көрсетілгеніндей, Совет сессияларының маңызын көтеріп, онда қаралатын мәселелердің өрісін кеңейту қажет. Шаруашылық пен мәдениет құрылысының өзекті мәселелерін байыпты зерттеп, уақтылы шешіп отыру үшін тұрақты комиссиялардың мол мүмкіндігін дұрыстап пайдаланған мақұл. Сондай-ақ депутаттардың ролі мен беделін көтеріп, олардың сайлаушылармен байланысын күшейте түсу керек.

Жергілікті Советтердің ойдағыдай жұмыс істеуі партия басшылығының дәрежесіне көптен-көп байланысты. Партия Советтер құрылған күннен бастап-ақ оларға күнбе-күн қамқорлық жасап келді және жасай

бермек. Мұның өзі өте-мөте КПСС ХХІІІ съезінде ерекше айқын көрінді. Съезге жасалған Орталық Комитеттің есепті баяндамасында да, съездің қарарында да Советтер ролін көтеруге, оларға партия комитеттері тарапынан басшылықты жақсартуға өте көп көңіл бөлінді.

КПСС Орталық Комитетінің нұсқауларын орындай отырып, көптеген облыстық, аудандық, қалалық партия комитеттері соңғы кездері Советтерге басшылығын едәуір жақсартты, олардың инициативасын, іскерлігін дамыту мәселесімен тереңірек шұғылдана бастады.

Советтер жұмысына облыстық, аудандық, қалалық партия конференцияларында, Қазақстан Компартиясының ХІІ съезінде лайықты көңіл бөлінді. Осыдан біраз уақыт бұрын Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Қостанай облысындағы жергілікті Советтердің жұмысын мұқият зерттеп, бұл мәселе жөнінде бюрода арнайы қаулы қабылдады. Бұл қаулыны орындауға әрбір партия, совет қызметкері мейлінше жауапкершілікпен қарағанда ғана ол Советтердің қызметін жақсарту, оларға партия басшылығы мен ықпалын күшейту ісінде белгілі роль атқармақ.

Ақтөбе, Жамбыл облыстық, Есіл, Федоров аудандық, Өскемен қалалық партия комитеттері және басқа бірсыпыра партия органдары еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің жұмысына неғұрлым көбірек назар аударады. Үстіміздегі жылдың алты айы ішінде облыстық партия комитеттерінің бюросында еңбекшілер депутаттары Советінің 9 аудандық атқару комитетінің комплекеті есебі тыңдалды. Қалалық, аудандық партия комитеттерінің көпшілігі бюро мәжілісінде немесе пленумдарында селолық немесе поселкелік Советтің жұмысын күнбе-күн талдап отырады.

Советтерге дұрыс басшылық жасаудың аса маңызды амалдарының бірі — совет органдарын тәжірибелі, инициативалы, іскер қызметкерлермен үздіксіз нығайтып отыру. Партия органдары соңғы кездері бұл бағытта елеулі жұмыс жүргізді. Қазіргі кезде еңбекшілер депутаттары аудандық Советінің атқару комитеті председателдерінің 93 проценті, қалалық Совет атқару комитеті председателдерінің 84 проценті — жоғары және ортадан жоғары білімі бар кадрлар. Олардың 60 проценттен астамы — халық шаруашылығының әртүрлі саласының мамандары. Ал тәжірибе жағынан алсақ, аудандық, қалалық Совет атқару комитеті председателдерінің тек жарымына жуығы бұл қызметте 3 жылдан 10 жылға дейін істеп келе жатқандар.

Селолық, ауылдық, поселкелік Советтерді кадрлармен нығайту бағытында да бірсыпыра жұмыс жүргізілді. Қазір олардың көпшілігінде жігерлі, беделді, инициативалы қызметкерлер істейді.

Республиканың көптеген облыстарында Совет қызметкерлерінің оқуы жақсы ұйымдастырылған. Мысалы, Қарағанды облысында үстіміздегі жылы селолық Совет председателдері мен аудандық атқару комитеті секретарьларының 4 күндік семинары өткізілді. Семинарға қатысушылар Токаревка селосына барып Тельман аудандық Советі атқару комитетінің, «Ленинский» совхозына барып селолық Советтің, Теміртау қаласына барып депутаттар тобының іс тәжірибесімен танысты. Сондай-ақ мұнда аудандық атқару комитеті ұйымдастыру бөлімінің менгерушілері мен селолық Совет секретарьларының, аудандық, селолық Советтердің ауыл шаруашылығы жөніндегі тұрақты комиссиялары председателдерінің семинарлары болды.

Қостанай облысының Федоров ауданында совет құрылысының аудандық мектебі жақсы жұмыс істейді. Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданы мен Павлодар облысының Качира ауданында ай сайын «Совет қызметкерінің күні» өткізіліп тұрады.

Советтерге партиялық басшылықтың күшейгенін атай отырып, сонымен бірге бұл маңызды істе елеулі кемшіліктердің де бар екенін жасыр-

мауымыз керек. Кейбір партия органдары басшылықтың жөні осы деп Советтердің жұмысына орынсыз килігеді, оңды-солды әкімшілік нұсқаулар береді, совет органдарының қызметін билеп-төстеп әкетеді.

Қайсыбір жерлерде партия және совет органдарының бірлесіп шешім қабылдауы сияқты практикамен тым жиі әуестенушілік байқалады. Мысалы, Қостанай облыстық партия комитеті соңғы бір жарым жылда облыстық атқару комитетімен бірлесіп 60 рет, Қөкшетау обкомы — 38, Шымкент обкомы — 34, Семей обкомы — 32 рет шешім қабылдаған. Бұлардан үлгі алып, кейбір қалалық, аудандық партия комитеттері де атқару комитеттерімен бірлесіп шешім қабылдауды әдетке айналдырған. Ақтөбе облысындағы Қандыағаш, Қостанай облысындағы Арқалық, Қөкшетау облысындағы Чистополь және басқа бірсыпыра аудандық партия комитеттері жөнінде де осыны айтуға болады.

Көп ретте партия комитеттері бүтіндей Советтердің қарауына жататын мәселелер бойынша да шешім қабылдай береді. Мәселен, Қарағанды қалалық партия комитеті «Гүл мен жеміс көрмесін өткізу туралы», «Мемлекет қарамағындағы және жеке адамдардың меншігіндегі малдардың темір жолға таяу жерге жайылу фактілері туралы», Қостанай облысының Комсомол аудандық комитеті «Аяқ киім магазиніне үй бөлу туралы» шешім қабылдаған.

Мұндай практика совет қызметкерлерінің инициативасын тежейді, жауапкершілігін төмендетеді. Сондықтан КПСС Уставының: «Партия ұйымдары совет, кәсіподақ, комсомол және еңбекшілердің басқа да қоғамдық ұйымдарының орнына жұмыс істемейді, партия мен басқа органдар функцияларының араласуына, жұмыстағы қажетсіз қосарластыққа жол бермейді» деген талабын бір минут та естен шығармау керек. Советтерді үнемі қолдап, көтермелеп отыру, олардың өз қарамағындағы мәселелерді өз инициативасымен, күшімен шешіп отыруына көмектесу, жағдай туғызу, талап ету, қажет болғанда дер кезінде ақыл-кеңес беріп отыру — партия органдарының тікелей міндеті.

Бірсыпыра облыстық, аудандық, қалалық партия комитеттері совет аппаратының бастауыш партия ұйымдарына аз көңіл бөледі, содан барып олардың кейбіреулері жұмысты самарқау істейді. Мысалы, Серебрянка қалалық Советі атқару Комитетінің бастауыш партия ұйымында 30 коммунист есепте тұрады. Ал осы ұйымның жұмысы мүлдем жоспарланбаған, бюро мәжілістері ілуде бір, кездейсоқ қана өткізіледі. Аппарат жұмысының мәдениетін көтеруге, Устав талаптарын орындауға қатысты мәселелер коммунистер талқысына қойылып отырмайды.

Совет органдарында партия тобы Советтер мен олардың атқару комитеттерінде құрылады. Алайда Советтердегі көптеген партия топтары жұмысын мардымсыз атқарып келеді. Топтардың көпшілігі сессияға қойылатын ұйымдық мәселелерді қараумен ғана тынады. Ал Совет аппаратының жұмысын жетілдіру, бюрократизм, кенесшілдік фактілеріне қарсы күресу, әрбір қызметкердің істің орындалуына жеке жауапкершілігін күшейту, шешімдердің орындалуын ұйымдастыру сияқты маңызды мәселелер еске алынбайды, коммунистер талқысына салынбайды.

Осы жылғы июль айында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің VIII сессиясы «КПСС XXIII съезінің шешімдері тұрғысынан республиканың еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің жұмысын жақсарту шаралары туралы» мәселе қарады. Сессия бұл мәселені жан-жақты талқылағаннан кейін жергілікті Советтердің қызметіндегі кемшіліктерді жоюға, олардың съезд шешімдерін орындау жөніндегі ұйымдастырушылық ролін арттыруға бағытталған қаулы қабылдады. Партия ұйымдары сессияның осы қаулысын Советтердің орындауына нақты көмек көрсетуге, Совет органдарына басшылығын жақсартып, олардың коммунистік құрылыстағы ролі мен ықпалын күшейте түсуге борышты.



# КОЛХОЗ КОММУНИСТЕРІНІҢ ОЙЛАРЫ МЕН ҰСЫНЫСТАРЫ

## ӨСУ ЖОЛЫ — ҚИЫН ЖОЛ

Бұл шаруашылық астананың дәл іргесінде. Асқар Алатаудың етегін ұзыннан-ұзақ желекке көмкерген жасыл кемердің тура бел ортасында. «Жері байдың елі бай» десек, осы шындық ең алдымен Калинин атындағы колхозға қатысты болатын жөні бар. Өйтпей ше? Жер мынау — тартсаң түгі шығады, құнарға да, ылғалға да кеңде емес. Осы аймақтың кез келген жеріне ат ақырға деп қағылған қаданың көктеп тал боп кеткенін мұндағы әрбір ересек адам көріп өскен. Су анау — ақбас Алатаудың құзар биігінен жылғалап шығып, сылдырап жатқан. Желілеп тартып ал да, қаптата бер егістігіңе.

Бірақ осындай гүл жазирада отырған шаруашылықтың тұралал қалған шағы да болыпты. Болғанда тым әріде де емес, осыдан үш-ақ жыл бұрын колхоз дәулеті біраз төмендеп, нашарлап кеткен. Титығына тиген колхозшылардың некен-саяғы көрші колхоздарға көз сүзе бастапты. Бұл да түсінікті. Көршілес отырған «Луч Востока», Мичурин атындағы колхоздар — атағы республикаға танымал шаруашылықтар. Оларда дәулеті шалқып, көсегесі көгерген адамдар — дәл осы калининдіктердің бір көрген білісі, екі көрген танысы, құда-жекжаттары — қысқасы, өз жерлестері, қоныстас қонсылары тұрады. Жер жағдайлары да айырмасыз. Жаңбыр бір жауып, қар бір түседі. Ал ахуалдары мынау...

Осыдан аттай отыз жыл бұрын бұл өңірге күллі еліміздің қадірлі ақсакалы, Бүкіл одақтық староста Михаил Иванович Калинин келіп, колхозшыларға жерді мәңгі-бақи пайдалану жөніндегі актіні өз қолымен тапсырыпты. Сол бір қуанышты дидактисты бейнелейтін сурет колхоз кеңсесінің құрметті төрінде ілуді. Мүмкін, осы суретті сан мәрте көре жүріп, колхозды өз қолдарымен тұрғызған ауыл ақсақалдары, Михаил Ивановичтің қолын қысқан қарт коммунистер соңғы жылдардың мүшкіл халінен қысылып, талай рет жерге қараған да болар. Әйтеуір алғашта дүркіреп өрге басқан колхоз шаруашылығының бертін келе кібіртіктеп қалуы ешкімге де жайлы соққан жоқ.

Бұл аудандық партия комитетін де қатты мазалап жүрді. Азды-көпті шаралар, жиналыстар мен мәжілістер айта қаларлықтай нәтиже бермеді. Енді колхоздың басқару аппаратына түбірінен өзгеріс енгізу керек. Міне мәселе осыған келіп тірелді.

Аупартком колхоз председателдігіне басқа адамды ұсынды. Социалистік Еңбек Ері, көп жылдар бойы басшы партия қызметінде істеп келген коммунист Н. Бердіқұлов жолдасты колхозшылар үлкен үмітпен қарсы алды. Партком секретарьлығына тәжірибелі ұйымдастырушы М. Бастаубаев жолдас сайланды. Бұл осыдан үш жыл бұрын болған еді.

Содан бергі жерде өткен аз ғана уақыт — едәуір өзгерістердің куәсі. Ең алдымен, колхоз жылма-жылғы мүшкілдіктен арылып, еңсесін көтерді. Екінші жылдың өзінде-ақ рентабельді шаруашылықтар қатарына қосылды. Колхозшы қауым кеуде кере бір дем алғандай болды..

Колхоз партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысы басталмас бұрын осы жайлармен тегіс танысып шыққан едік. Бір ой мазалай бастады: «Сонда қалай, бар-жоғы екі-ақ адам бір шаруашылықтың тағдырын шешкені ме? Басқа жұрт қайда қалмақ?»

Бұл сұрақтың жауабын коммунистердің өздері берді. Мол денелі мосқалдау адам аз-кем ойланып отырды да, жанындағы ашаң жүзді қағылез кісінің бетіне қиыстай қарап:

— Рас-ау. Осы жағын ойланбаппыз-ау, — деді.

— Ойланатын несі бар, — деп екіншісі әңгімені жедел іліп әкетті, —

Білімді де білгір екі адам әжептәуір күш екені рас. Бірақ негізгі салмақ — көпшілікте ғой. Бар әңгіме соларды ұйымдастыра білуде емес пе. Дұрыс пікір! Шынында да:

### БАР ӘҢГІМЕ — ҰЙЫМДАСТЫРА БІЛУДЕ

Коммунистер жағдайды талдау нәтижесінде осы сөздерді тағы да баса айтқандай болды.

Мұны партком секретары М. Бастаубаев жолдастың баяндамасынан да айқын аңғаруға болатын еді. Баяндамада колхоз коллективінің соңғы жылдары жеткен елеулі табыстары, коммунистердің авангардтық ролі нақты мысалдармен жан-жақты көрсетілді.

Жылдар бойы жақсы атқа бір іліге алмай келген шаруашылықтың қысқа мерзімде аудандағы мақтаулы коллективтер санатына қосылуы осында отырған әр адамның жүрегін зор қуанышқа бөлейтін болуы керек. Күлім қаққан жүздер соны аңғартады. Колхозды аяғынан тік тұрғызған ерлер міне осылар. Өткен шаруашылық жылы бір жарым миллион сомнан астам табыс әкеліпті. Бесжылдықты да колхоз коллективі сенімді қадаммен бастады. Мол астық жинады. Негізгі шаруашылық саласы — овощ болса, оның өнімі биыл көл-көсір. Мал шаруашылығында да едәуір ілгері басқандық бар. Гидропонды әдіспен овощ өсіруге арналған екі теплицаның бірі пайдалануға берілген, екіншісінің құрылысы аяқталуға жақын. Мұның әрқайсысы мың шаршы метр жерді алып жатыр. Бұл — колхозшылардың зор мақтанышы.

Осының бәрі, сөз жоқ, орта буын кадрларды тәрбиелеудің, дұрыс орналастыра білудің, партиялық-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмысты жақсартудың нәтижесі. Колхоз өндірісіндегі озаттардың басым көпшілігі — коммунистер. Бригадирлер Нияз Магомедов пен Меркібай Жанқазақовтың, партия топтарының ұйымдастырушылары Айдос Мақатовтың, Яхия Әлиевтің, Мария Зуенконың, сондай-ақ Гулия Садықованың, Шахмұрат Қәрімовтың есімдері бүкіл коллективтің аузында, олардың портреттері Құрмет тақтасынан түспейді.

Колхоз шаруашылығының ең жауапты учаскелері коммунистерге сеніп тапсырылған. Олардың 82-сі егіншілікте, 25-і мал шаруашылығында, 16 коммунист — механизатор, 6 коммунист — сушы, ал 21 коммунист — бригадир, звено жетекшісі немесе бригадирдің көмекшісі болып еңбек етеді. Яғни, партия ұйымындағы 160 коммунистің 150-і тікелей өндірісте істейді деген сөз.

КПСС XXIII съезі, Орталық Комитеттің март және май Пленумдары барша каланиндіктердің қажырлы еңбегіне жаңа қарқын берді. Социалистік жарыс күн санап кең өріс алып келеді. Партиялық-ұйымдастыру жұмысының да, бүкіл идеологиялық жұмыстың да тиімді, әсерлі түрлері орын тебуде. Май Пленумынан соң іле-шала колхозда мелиорациялық комиссия құрылып, қазір ол егіншілік мәдениетін арттыру жөнінде бірталай шараларды іске асыруда.

— Иә, табысымызға талас жоқ, — деді колхоздың бас агрономы В. А. Таганов. — Бірақ бұл — мақтау мен мадақтау сөздерін айтатын орын емес. Сондықтан келелі жайларға, кемшіліктер сырына көбірек үңілейік.

В. А. Таганов, одан соң сөз алған Т. Қадірсізов, Н. Бердіқұлов жолдастар шаруашылықтағы шешімін таппай отырған көп жайттар турасында орынды пікірлер айтты. Колхоз көрші шаруашылықтар жеткен дәрежеден шығында да, әлі тым алыс жатыр. Сол биікке шығып, қонсы отырған Мичурино атындағы, «Луч Востока», «Қызылқайрат» колхоздарымен үзенті қағысу үшін әлі де көп еңбектенуге тура келеді. Әсіресе коммунистерге жүктелер жауапкершілік зор.

Жер мәселесі үлкен сөз болды. Көктеу нашар, жайлау тар, күздеу жоқ, қыстау қысан. Бұл — малшыларды әбден қатты толғандырып жүрген мәселелер.

Алдымен, төл неге кем? Қолхоз шопандары әр 100 саулыққа 86 козыдан ғана айналдырып отыр. Себеп неде? Басты себеп — жауапсыздық. Мал мамандары айлап-апталап отарларға ат ізін салмайды. Екіншіден, жөні түзу қора-жай жоқ. Оның да себебі бар. Не көктеуге, не жайлауға, не күздеуге деп колхоз малы үшін түбегейлі бөлінген жер жоқ.

Осындай берекесіздіктер жайлы шопан Т. Қадірсізов ашына сөйледі:

— «Жылыбұлақты» қыстайық десек, басқа шаруашылықтар басып алады. Маңайлатпайды. «Оу, бұларын не? Ата мекеніміз еді ғой» деп біз өңештейміз. Әрі тарт, бері тартпен қыс өтеді. Көктеу де солай. Сілікпен жайлауға шығамыз. «Көкайрақтан» бір колхоз қуады, «Аршалыдан» екіншісі ығыстырады. Әр сайда шашылып жүріп-ақ берекеміз кетеді. Қора-жайды ойлайтын шақ қайда мұндайда, — дейді шопан.

Шынында қиын екені рас. Жалғыз Калинин атындағы колхоздың ғана емес, бүкіл облыс шопандарының жігерін жасытқан осы бір даулы мәселе ұзақ жылдар бойы созбұйдаға салынумен жүр. Бұл сөз болмаған жиналыс, осы турасында малшы қауым ашына айтпаған мәжіліс кемде-кем шығар. Бірақ тиісті ұйымдар бұған құлақ аспай, тым керенну болып келді. Тек соңғы кездері ғана Алматы облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитеті жер дауы жөнінде арнайы мәселе қарап, нақты шешім қабылдапты. Демек, облыс малшыларының орынды тілегі енді іске асар деп үміттенуге болады.

### КОММУНИСТ ЕКЕНСІҢ — ӨНЕГЕҢ БОЛСЫН!

Партия ұйымының қызметіндегі ең өзекті мәселе — адамдармен жұмыс істеу, сол арқылы колхоз өндірісінің өркендеуіне, шаруашылық рентабельділігінің арта түсуіне ықпал ету. Бұл тұрғыдан алғанда жеке коммунистердің өнегесі айта қаларлықтай.

Колхоздың № 3 овощ бригадасын жас коммунист Нияз Магомедов басқарады. Бұл — достығы жарасқан тату-тәтті коллектив. Жыл сайынғы мол табыс — осындай ынтымақтың нәтижесі.

Бұрын Нияз Магомедов звено жетекшісі болып, әрдайым еңбек өнегесін көрсетіп келіпті. Партком осы бір жалынды жасты бригадир етіп ұсынып өте дұрыс істеген.

Ал № 8 бригададағы жағдай мүлдем керісінше. Мұнда тәртіп бетімен жіберілген. Бригада мүшелерінің айлап ақша ала алмай жүрген кездері де болыпты. Шап-шағын коллективтің осынша берекесіздігіне кім кінәлі? Бригадир Ө. Нұрғожаев жолдастың бір өзі кінәлі дер едік. Ол жауапкершілік сезімін ұмытқан, көбіне арақ ішіп беталды жүреді. Коммунист үшін бұл — үлкен әбестік, кешірімсіз нәрсе.

Коммунист өнегесі... Біздің өміріміздің қай саласында болсын мұның шапағатты әсері өлшеусіз. Совет адамдары Ленин партиясының әр мүшесін өздеріне үлгі тұтады, игілік пен парасаттылықты, адамгершілік бәрі қасиетті коммунист бейнесімен өлшейді. Сондықтан да кейбір коммунистердің уставтық міндеттеріне салқын қарайтыны жөнінде М. Бастаубаев, Н. Бердіқұлов жолдастар жақсы айтты.

Жастар тәрбиесі — партиялық жұмыстың айырғысыз бір бөлегі. Амал не, есепті баяндамада бұл жағына байыпты мән берілмеді. М. И. Калинин атындағы мектептің директоры Ш. Қалнева жолдас есепті баяндаманың осы кемшілігіне орынды өкпе білдірді.

Шынында да партком күнделікті шаруашылық қамын көбірек ойлай жүріп, ең басты нәрсе — адамдарды тәрбиелеуді, жастар тәрбиесін естен шығарып алғанға ұқсайды. М. Бастаубаев жолдастың: «Сауыншылыққа

адам таба алмай отырмыз. Мектеп бітірген жастар қайда жүр?» деуі орынсыз болды. Ауыл жастарының қайда жүргенін партком секретары мен коммунистер білмесе, кім білуі керек? Мұның жауабын Ш. Қалиева жолдас берді:

— Мектеп бітірген жастардың колхоз өндірісінен қашқақтауына мына біздер, коммунистер, кінәліміз, — деді ол. — Сауыншы жетіспейді деп жатырмыз. Қайдан жетісетін еді, биылдың өзінде мектеп бітірген он бір қыз жұмыс істемей, бос сенделіп жүр. Не оқуда, не еңбекте жоқ. Солардың жетеуі осы отырған коммунистердің, әжептәуір басшы қызметтегі жолдастардың қыздары. Кәне сіздердің әке ретіндегі, коммунист ретіндегі өнегелеріңіз?!

Иә, коммунист өнегесі жалаң сөз емес. Ол бала тәрбиесінен болсын, семья жарастығынан, коллектив арасындағы қадір-құрмет пен беделден болсын айқын көрініп тұруы керек. Сонда ғана біздің ісіміз жемісті болады. Тек сонда ғана партия ұйымының бұқара арасындағы беделі арта түспек. В. Таганов, А. Мақатов, Ш. Қалиева, Н. Бердіқұлов, М. Мырзаев жолдастардың сөздері осындай ой арнасына сайды.

### ШЫНЫМЕН, СӨЗ АРЗАН БА?

Бұл — көптен келе жатқан кесел. Орталық Комитеттің октябрь және ноябрь Пленумдары (1964 ж.) осы кеселдің тамырына балта шапқан еді. Бірақ одан ада-жұда арыла қоймаппыз. Сау денеде табы қалыпты.

Кеселдің аты — көк мылжың. Иә, даңғазаның да, әсіре мактанның да, тіпті кей реттерде көз бояудың да кіндік шешесі осы. Бұл тұрғанда нақты істің де, аталы сөздің де, әділ сынның да арна табуы оңайға соқпайды. Осы айқын шындықты ұқпаған кейбір жолдастар осы жиналыста да бой көрсетіп қалды.

Партия жиналысы жалаң сөз жарыстыратын орын емес, жақсы-жаманды екшеп келелі кеңес құратын қадірлі аудитория. Алдымен осыны түсіну керек. Ал осы жиналыста сөз алған кейбір коммунистер не біржақты мактаумен, не желсөзбен ғана шектелді. Көпшіліктің көкейіндегісін тап басып айтпады. Жұрттың алтындай уақытын босқа алғанша сын мен өзара сынды өрістетсе, колхоз өндірісіндегі толып жатқан кемшіліктерді жоюдың жолдары жайлы көпшілік көңіліне от тастаса болмас па еді. «Ауылға келген бөз арзан, ауызға келген сөз арзан» болып қала бермек пе?

Жоқ, сөз қадірін ұғатын уақыт жетті. Коммунистердің сөзі мен ісінде айырма болмауға тиіс. Талап осы.

Дегенмен, тұтас алғанда, бастауыш партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысы колхоз экономикасы өрлеу жолында, оның тағдыры талапты, қабілетті, іскер ұйымдастырушылардың қолында екенін танытты. Қолхозда коммунистердің ынтымақты, ықпалды тобы бар. Шаруашылықты жан-жақты өркендету жолындағы күрестің шын мәнісіндегі ұйтқысы, көш бастаушысы болып отырған да нақ солар. Ал жоғарыда аталған кейбір кемшіліктерге келсек, коммунистердің күш қосқан жігері ол кемшіліктерді іс үстінде түзетеді деп кәміл сенуге болады.

**Б. ЭДЕТОВ.**

Калинин атындағы колхоз,  
Іле ауданы, Алматы облысы.

## ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

КПСС мүшесіне қаншаға дейін партиялық-қоғамдық тапсырма беруге болады? Белгілі шегі бар ма? Мұны сұрап отырған себебім мынау. Мен мұғаліммін. Осы негізгі қызметімнен тыс халықтық бақылауға көмектесетін топ председателінің орынбасары, мектеп кәсіподақ ұйымының председателі, халық жасағының бастығы, педсоветтің секретары, үгіт пунктінің меңгерушісі міндетін атқарамын. Бір кісіге осынша тапсырманы үйіп-төгіп жүктеген дұрыс па? Бізде бірде-бір тапсырма атқармайтын коммунистер де аз емес. Бұқаралық-саяси жұмысқа соларды да қатыстыруға болмас па еді?

Е. ӘЛІБЕКОВ,  
КПСС мүшесі.

Тасарал селосы,  
Балқаш қаласы.

### ҚҰРМЕТТІ ӘЛІБЕКОВ ЖОЛДАС!

Сіздің қойып отырған сұрағыңыз өте орынды. Расында да кейбір бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары тапсырма атаулының бәрін коммунистердің белгілі бір тобына ғана жүктеуге дағдыланып алған. Ал соның бер жағында коммунистердің елеулі бөлегі қоғамдық жұмысқа белсенді қатыспай, ешқандай тапсырма атқармай жүреді. Бұл, әрине, дұрыс емес.

Партиялық тапсырма — коммунистерді, әсіресе КПСС қатарына жаңадап өткен жастарды тәрбиелеудің, шыңдаудың, белсенділігін арттырудың аса маңызды құралы. Партиялық тапсырманы орындау үстінде коммунист қабілетінің жаңа қырлары ашылады, ол бұқарамен жұмыс істеу, ұйымдастыру өнеріне жетіледі, өз міндетіне жауапты қарауға дағдыланады. Сондықтан партия ұйымы жұмысты әрбір коммунист өзінің даярлығына, мамандығына, бейіміне қарай белгілі бір тапсырма атқарып, бұқаралық-саяси жұмысқа белсенді қатысатындай етіп ұйымдастыруы керек.

Бір кісіге тапсырманы шектен тыс көп берудің тағы бір жарамсыз жағы бар. Мәселен, коммунист мұғалімді алайық. Оның күн сайын келесі сабаққа әзірленуі, оқушылар арасында кластан тыс жұмыстар жүргізуі керек. Семья тіршілігі, білімін көтеру, тыңғу мәселелері және бар. Осының бәрінің үстіне бес-алты партиялық-қоғамдық тапсырма қосып атқаруға ол коммунистің уақыты жете ме? Мұндай жағдайда тапсырмалардың бәрі сапалы, тиісті орындалады деп үміттенуге бола ма?

Коммунистердің партиялық жұмысқа қалай қатысатыны бастауыш ұйымның секретарына көптен-көп байланысты. Секретарь әрбір коммунистке тапсырма берілуін ұйымдастырумен бірге ол тапсырманың мүлтіксіз орындалуын үзбей қадағалап, бұл істе коммунистерге ақыл-кеңес беріп, көмектесіп отыруға тиіс. Кейде қайсыбір коммунистің тапсырманы қалай орындап жүргенін партком (партбюро) мәжілістерінде, партия жиналыстарында тыңдап, талқылап тұруға да болады. Тапсырманы орындауға жауапты қарайтын коммунистерді жиналыстарда атап, көтермелеп отырған дұрыс. Тапсырма берген кезде коммунистің бейімін, мүмкіндігін, ынта-ықыласын мұқият ескерген мақұл.

Біздің партиямыз өз қатарының ынтымақ-бірлігімен, белсенділігімен күшті. Сондықтан бастауыш партия ұйымдары санаулы коммунистерге ғана сүйеніп қоймай, ұйым жұмысына барлық коммунистердің түгел ат салысуын қамтамасыз етуге тиіс.

# Марксизм-ленинизм теориясын үйренушілерге көмек. Методикалық кеңестер

Бастауыш саяси мектептерде В. И. Лениннің өмірбаянын үйренуге көп уақыт беріледі. Осыны ескере отырып, журнал редакциясы Владимир Ильичтің өмірі мен революциялық қызметі туралы кейбір материалдарды жариялай бастайды. Бұлар — Россиядағы маркстік партияның негізін қалаған ұлы көсемнің шығармаларынан үзінділер, оның серіктері мен туысқандарының естеліктері, оның өмірінің аса маңызды кезеңдері, Россиядағы революциялық қозғалыс туралы цифрлар мен фактілер. Бұл материалдар «В. И. Ленин. Қысқаша өмірбаян очеркі» деген оқу құралына қосымша болатыны сөзсіз.

Төменде «В. И. Лениннің өмірбаяны» деген курстың алғашқы төрт тақырыбына материалдар жариялап отырмыз.

## Россиядағы маркстік партияның негізін қалаушы және көсемі

### БАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСТЫҚ ШАҒЫ. РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТАЛУЫ

Володя Ульяновтың рухани бейнесін қалыптастыруда оның семьясы маңызды роль атқарды. Халықтың мүшкіл халі жайында әкесі Илья Николаевичтің айтқан әңгімелері

Володяны қатты толғандырды. Владимирге оның ағасы Александрдың ықпалы зор болды. Жас Ленин ағасынан маркстік әдебиетті білді, оның қолынан тұңғыш рет К. Маркстің «Капиталын» көрді. Владимир ағасының қазасына қатты қайғырды. Н. К. Крупскаяның айтуынша, ол күрес жолдары туралы көп ойлаған және «жеке-дара күрес, қапшама жан қиярлық, қаһармандық күрес болғанымен, жартымды нәтиже бермейді» деген қорытындыға келген.

**Владимир Ульянов он жеті жасында революциялық күрес жолына түсті.** Ол 1887 жылы 4 декабрьде Қазан университетінде болған студенттік қозғалысқа қатысушылардың бірі, сол үшін ол тұтқынға да алынып, түрмеге камалды. Мұнда студенттер болашақ жоспарларын ортаға салатын. Тұтқыннан босағаннан кейін немен шұғылданбақ ойың бар деген жолдастарының сұрағына Владимир Ульянов: менің алдымда бір-ақ жол, революциялық күрес жолы бар деп жауап беретін.

Қазанда Ленин «Капиталды» терең үйренді. Владимир Ильичті Маркстің идеялары біржола еліктіріп әкетті.

«...Ол Маркс теориясының негіздері және бұл теория ашқан жана белестер туралы, — деп еске түсірді кейін оның апасы Анна Ильинична, — маған өте бір көтеріңкі көңілмен, асқан шабытпен айтушы еді. Оның болашаққа деген сенімі зор болатын, ал оның бұл қасиеті жолдастарына да дарыды. Сол кездің өзінде-ақ ол өзінің жалынды сөзімен жұртты иландырып, еліктіріп әкетті. Ол бірденені зерттей қалса, не соны жолдар таба қалса, сонысын басқаларға тез жеткізуге тырысатын және өзіне жақтастар тапқысы келетін. Мұндай жақтастарды, тап өзіндей марксизмді үйреніп жатқан, революциялық пікірдегі жастарды ол көп ұзамай Қазаннан тапты да».

1892 жылы Ленин тұңғыш рет Самарада марксистдер үйірмесін ұйымдастырады. Мұнда олар К. Маркстің «Капиталын», Ф. Энгельстің «Анти-Дюринг» және «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген, І. В. Плехановтың тағы басқаларының еңбектерін оқып үйренді. Өзінің пікірлес жолдастарының арасында ол ерекше беделге ие болды.

Ленин келгенше Самара үйірмесінің мүшелеріне халықшылдықтың ықпалы күшті болған еді. «Владимир Ильичпен айтыстарда, — деп еске түсіреді М. И. Семенов, — біз бірінші рет «буржуазия», «пролетариат» деген ұғымдарды және осы әлеуметтік категориялардың капиталистік құрылысты дамытудағы ролін, сондай-ақ бұл құрылыстың бағытын толық айқып түсіне бастадық. Владимир Ильич жұмысшы табын тек экономикалық жағдайларды жақсарту жолындағы ғана емес, сонымен қатар пролетариаттың саяси өкімет билігін қолына алуы жолындағы саналы таптық күреске бастау қажет екенін дәлелдеді».

Лениннің болашақ қызметі үшін Казан мен Самарада өткізілген жылдардың маңызы тіпті зор болды. Дәл осы кезде оның маркстік көзқарасы біржола қалыптасып, орныққан еді. Самара дәуірін Владимир Ильич өзінің социал-демократиялық қозғалысқа қатысуының басы деп санады. Партияның X съезінің делегаты болғанда толтырған анкетасында «1917 жылға дейін революциялық қозғалысқа қатыстыңыз ба» деген сұраққа жауап бере келіп, ол өзінің Самарада өткізген соңғы екі жылы жайында былай деп жазған: «1892—1893. Самара. С.-Д. құпия үйірмелері».

#### РОССИЯДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ КӨСЕМІ

дағы жаңа, лениндік кезеңге негіз қалады.

1894 жылы жазда Россияда құпия басылған «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» атты өзінің тұңғыш ірі шығармасында Ленин

халықшылдықтың дүние танымын, экономикалық көзқарасын, саяси платформасы мен тактикасын әшкерелеп, либерал халықшылдардың кулактар мүддесін көздейтінін, халықтың жалған достары екенін ашып көрсетті;

орыс социалистерінің алдына маркстік теорияны творчестволықпен дамыту, оны жұмысшы бұқарасына тарату, жұмысшы табының революцияшыл ұйымын, оның өз алдына дербес саяси партиясын құру сияқты бір-бірімен өзара байланысты міндеттер қойды;

буржуазиялық-демократиялық және социалистік революциядағы пролетариат гегемониясының идеясын ұсынды;

жұмысшы табы мен шаруалардың революциялық одағы туралы мәселені алға қойды.

В. Д. Бонч-Бруевичтің сөздеріне қарағанда, «Халық достары» деген не... атты лениндік еңбек бейнебір ауыр артиллерия сияқты еді, оның көмегімен социал-демократтар либерал халықшылдарға қарсы өздерінің позицияларын қорғап қалды.

Петербургте Ленин бірінші кезектегі міндетке — социал-демократиялық үйірмелердің бытыранкылығын қайткенде тез жою және пролетариаттың революцияшыл партиясын құруды бастау міндетіне бірден шұғыл кірісіп кетті. Осы дәуірді еске түсіре келіп, Владимир Ильич «Не істеу керек?» деген кітапта былай деп жазды:

«Мен бір үйірмеде істедім, бұл үйірме өзінің алдына барлық мәселелерді қамтитын өте үлкен міндеттер қойған еді, — сонда осы үйірмеге мүше болып жүрген біздердің барлығымыз, белгілі нақыл сөзді өзгертінді кіреп: бізге революционерлер ұйымын берсеңіз — біз Россияны төңкереміз! — деп айтуға болатын осындай тарихи кезеңде, өзіміздің майдагері

1893 жылғы августын аяғында Ленин Петербургке барды. 90-шы жылдардың екінші жартысындағы оның орасан зор теориялық және практикалық қызметі марксизмнің дамуындағы жаңа, лениндік кезеңге негіз қалады.

болып шығып отырғанымызды сезгендіктен қатты қынжылып, қасірет тартқан едік» (Шығармалар, 5-том, 504—505-беттер).

Лениннің басшылығымен Петербургтің маркстік үйірмелері біртұтастас социал-демократиялық құпия ұйымға бірікті, ал мұның өзі Россиядағы пролетарлық партияның бастамасы болды. Бұл ұйым 1895 жылдың аяғында «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» деп аталды.

1895—1896 жылдарда «Күрес одағы» 70 кәсіпорынның жұмысшыларымен байланыс жасады. Бұлардың қатарына Петербургтің 22 ірі кәсіпорны кірді, ал мұның әрқайсысында бір мыңнан астам жұмысшы бар еді. «Одақтың» жұмысына қатысқан мамандықтары белгілі 224 пролетардан 138 адам, яғни 61,6 проценті — металшы, 76 адам — 33,8 проценті — тоқымашы болатын.

«Күрес одағы» Москваның, Иваново-Вознесенскінің, Киевтің, Екатеринославтың, Новгородтың, Тверьдің, Вышний Волочектің, Ярославльдің, Нижний Новгородтың, Самараның, Пензаның, Саратовтың, Екатеринбургтің, Пермьнің, Архангельскінің, Владимирдің, Орехово-Зуевтің, Туланың, Орелдің, Нарваның, Вильноның, Минскінің, Черниговтың, Харьковтың, Полтаваның, Николаевтың, Тифлистің, Батумның социал-демократиялық ұйымдарымен, топтарымен, үйірмелерімен байланыс жасады және бұлардың көпшілігінің қызметіне ықпал етті.

1895 жылғы ноябрь айының алғашқы күндерінде Торнтон фабрикасында 500 тоқымашының «Күрес одағы» ұйымдастырған ереуілі басталды. Көп ұзамай Ленин жазған «Торнтон фабрикасының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне» арналған листовка басып шығарылды. Бұл листовка барлық жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерді ереуілшілерді қолдауға шақырды.

1896 жылы жазда «Күрес одағының» басшылығымен Россия пролетариатының ең қуатты, ең ұйымшыл ереуілі болып өтті. Бұл тоқымашы жұмысшылардың үш апталық стачкасы еді, оны Ленин 1896 жылғы Петербургтің әйгілі өнеркәсіп соғысы деп атаған болатын. Ереуілшілердің басты талабы — 13 сағаттың орнына 10,5 сағаттық жұмыс күнін енгізу.

«...1895—1896 жылдардағы стачкалар, — деп көрсетті Владимир Ильич, — идея жағынан да, ұйымдастыру жағынан да социал-демократиямен байланысты бұқаралық жұмысшы қозғалысын туғызды» (Шығармалар, 20-том, 352-бет).

**XIX ғасырдың 90-жылдарының орта шеніндегі жұмысшылардың стачкалық қозғалысы**

Жылдар	1894	1895	1896	1897
Стачка саны	77	127	183	258
Қатысушылар саны (мың есебімен)	48,3	54,5	65,5	70,4

«Күрес одағының» қызметін сыпаттай келіп, Ленин былай деп жазды:

«Бұл ұйым, ешбір заговор ұйымдастырмай-ақ және өзінің күшін нақ сол социалистік күрес пен демократиялық күресті Петербург пролетариатының біріккен тұтастас тап күресі етіп қосудан ала отырып-ақ, жұмысшы қозғалысына сүйеніп пролетариаттың тап күресіне, капиталға қарсы және абсолютті үкіметке қарсы күреске басшылық етіп отырған, революцияшыл партияның нақ бастамасы емес пе?» (Шығармалар, 2-том, 377-бет).

«Күрес одағының» қызметін және ондағы Лениннің ролін еске түсіре келіп, профессионал революционерка З. П. Невзорова-Кржижановская былай деп жазды: «...Жұмысымызда ғажап тарихи бақытқа кенелгеніміздің бір сыры — әуел бастан РСДРП-ні В. И. Ульяновтың басқаруы, ол болмаған күнде РСДРП жұмысы басқаша жүріп, басқарыла түсер еді, басқа сыпат алар еді. Алғашқы үйірмелерден бастап РКП құрылғанға дейін Лениннің ақыл-парасаты, оның ерік-жігері, оның ұлан-ғайыр саяси көрегендігі партия қызметінің бүкіл өнбойынан көрніп отырды, оған бағыт сілтеді, оның өсу жолында негізгі белес болды. Асылы, партияның бүкіл тарихы сонымен бірге көсем өмірі мен қызметінің де тарихы».



## СИБИРЬДЕ АЙДАУДА

1897 жылғы 8 майдың кешінде В. И. Ленин айдалған жерге — Енисей губерниясы, Минусинск округының Шушенск селосына келді. Мұнда ол «**Россияда капитализмнің дамуы**» деген кітабын бітірді. Бұл шығарманың негізгі идеясы: Россияда капитализм тек өнеркәсіпке ғана емес, сонымен бірге ауыл шаруашылығына да барған сайын терең еніп отыр, соның негізінде еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтар барған сайын шиеленісе түседі, халық бұқарасының революциялық күресте жеңіске жетуінің шешуші шарты — пролетариаттың жетекшілік ролі, оның шаруаларды патша өкіметін, капиталистер мен помещиктер өкіметін талқандауға өз сонынан ерте аларлық қабілеті.

«Соқа мен егін үгетін соққы ағаштың, су диірмені мен қолмен тоқитып станоктың Россиясы плуг пен молотилканың, бу күшімен жүретін диірмен мен бу күшімен жүретін тоқыма станоктың Россиясына тез айнала бастады» (Шығармалар, 3-том, 660-бет).

Ірі машиналы өндірісті Владимир Ильич капитализм дамуының жоғарғы сатысы, техника мен адамдардың қоғамдық қатынастарындағы бүтіндей төңкеріс деп сыпаттады. Ал мұның өзі «осы заманғы қоғамдық қатынастардың негізі» болып шығады, соның арқасында пролетариат «бүкіл еңбекші бұқарасының және қаналушылардың авангарды» болады (сонда, 646—647-беттер).

Айдауда жүргенде Ленин Россияда маркстік партия құру жоспарын ойластырды. Бұл жөнінде оның достары мен серіктерінің естеліктері бар.

«Жалпак Енисейдің жағалауында, — деп жазды көп жыл өткен соң Г. М. Кржижановский, — менің Владимир Ильичпен соңғы бір қыдырған кезім мықтап жадымда қалыпты. Аязды айлы түн еді, қарсы алдымыздан Сибирьдің ашпақ қары үсті-үстіне ұшықпандап тұрды. Владимир Ильич маған өзінің Россияға қайтып барғаннан кейінгі жоспарлары мен ойларын ерекше бір шабытпен әңгімеледі. Партиялық баспа органын ұйымдастыру, оны шетелде шығарып тұру, сөйтіп осы орталық органның көмегімен партияны құру, ал мұның өзі пролетариаттың революцияшыл ұйымының бүкіл үйін салуға керекті бейнебір ағаш сияқты, — міне оның ой-түйіні осындай еді. Расын айтсам, маған әуелі ол осы бір партиялық газеттің ролін тым асыра бағалап отыр деген ой келді. Өмір шындығы Владимир Ильич белгілеген жолдың әбден дұрыс екендігін көрсетті».

«Ол ұйқы-күлкі көрмей, — дейді Н. К. Крупская, — өзінің жоспарын егжей-тегжейше дейін ойластырды, бұл жөнінде Кржижановскиймен, менімен ақылдасты, Мартовпен, Потресовпен хат алысып тұрды, олармен шетелге бару жайын келісті. Күн асқан сайын Владимир Ильичтің бойын шабыт билен, жұмысқа құлшына кірісті».

1898 жылы Минскіде РСДРП-нің Бірінші съезі болғанын білгеннен кейін Ленин қатты қуанды деп жазды кейін П. Н. Лепешинский: «Ол енді өзінің Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі екенін біздерге, өзінің айдаудағы ең жақын жолдастары мен пікірлестеріне аса бір мақтанышпен айтты. Ал біздің бәріміз бұл соны жаңалыққа керемет қуанып, бір жасап қалдық».

## ЖАҢА ТҮРПАТТЫ МАРКСТІК ПАРТИЯ ҮШІН

Россияда маркстік партия құру жоспарын шұғыл ойластыра жүріп, Ленин бұл істе жалпы орыстық саяси газет шешуші роль атқаруға тиіс деген қорытындыға келді.

«Искра» газетінің бірінші номері 1900 жылы декабрьде Лейпцигте шықты. Оның Ленин жазған «**Біздің қозғалысымыздың шұғыл міндеттері**» деген бас мақаласында жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты, берік, ұйымшыл маркстік партия құру қажеттігі дәлелденді. Мұндай партиясыз, деп жазды Владимир Ильич, «жұмысшы табы мойнындағы тарихи ұлы міндетті — өзін және бүкіл орыс халқын саяси және экономикалық құлдықтан азат ету міндетін — ешуақытта да орындай алмайды» (Шығармалар, 4-том, 389-бет).

«Искра» Ильичтің перзенті еді, ол әрбір номерді күші бұрын ойластырып, сарапқа салды, оған бар күш-жігерін жұмсады, — деп жазды Н. К. Крупская. — Болашақ газетке мықты тіректі пункттер құру үшін, газетті қабылдап, таратуды ұйымдастыратын көптеген агенттердің көмегін қамтамасыз ету үшін, көптеген қызметкерлер мен тілшілер топтастыру үшін ол айдаудан кейін бір жыл бойы Россияда тұрды».

«Искра» орта есеппен 8 мың, кейде 10 мың дана тиражбен шығарылып тұрды. Ол Россия жұмысшыларының арасына тез тарады. Газеттің «Біздің қоғамдық өмірімізден», «Жұмысшы қозғалысының хроникасы және фабрикалар мен заводтардан хаттар», «Партиядан», «Шетел хабарлары», «Революциялық күрестің хроникасы», «Деревнядан», «Почта жәшігі» деген 7 бөлімі болды.

Лениндік «Искра» партия кадрларын біріктіріп, басын құраудың және тәрбиелеудің, оларды маркстік айқын программасы, революциялық тактикасы, темірдей тәртібі бар жалпы орыстық бір орталыққа бағынатын пролетарлық партияға топтастырудың орталығы болды.

Экономизмді идеялық жағынан талқандауда, партия кадрларын марксизм негізінде топтастыруда В. И. Лениннің 1902 жылы мартта шыққан «**Не істеу керек? (Қозғалысымыздың толғағы жеткен мәселелері)**» деген кітабы аса маңызды роль атқарды. Маркс пен Энгельстің идеяларын ілгері дамыта келіп, Владимир Ильич бұл шығармасында жаңа тұрпатты партия туралы ілім жасады. Ленин өзінің кітабында

маркстік партия дегеніміз жұмысшы қозғалысын социализммен біріктіру деген түбірлі қағиданы тұжырымдады;

жұмысшы қозғалысы мен партияның бүкіл қызметі үшін революцияшыл теорияның орасан зор маңызын ашып, алдыңғы қатарлы күрескердің ролін тек алдыңғы қатарлы теорияны басшылыққа алған партия ғана атқара алады деп көрсетті;

партия — пролетариаттың саяси көсемі, жұмысшы қозғалысының жетекші күші деген мәселені шешті;

«экономистердің» оппортунизмінің идеялық қайнар көзі ең алдымен стихиялылыққа бас июде және жұмысшы қозғалысындағы социалистік саналылықтың ролін төмендетуде жатқанын көрсетті.

Жергілікті партия ұйымдарын «Искра» теңірегіне топтастыруда Ленин кітабының орасан зор маңызы болғанын айта келіп, «Искра» агенттерінің бірі П. Н. Лепешинский кейін былай деп жазды:

«Искрашылдық Петербург пен Москвада, революциялық қозғалыстың басқа да орталықтарында жеңіл шықты..., неге десеніз «Искра» үгітшілерінің қолында «Не істеу керек?» болған еді.

Лениннің және ол басқарған «Искраның» үш жылға жуық қызметінің арқасында Россия және халықаралық жұмысшы қозғалысында бет бұрыс кезең болған РСДРП(б) Екінші съезін шақыру идеялық, ұйымдық жағынан әзірленді.

Егер РСДРП-нің Бірінші съезінде небәрі 9 делегат болса, Екінші съезге 26 партия ұйымынан 51 шешуші дауысы бар 43 делегат, сондай-ақ кеңесші дауыспен 14 делегат қатысты. Съезде РСДРП Программасы мен Уставы қабылданды, оның басшы органдары сайланды.

«Съездің басты міндеті не еді? — деп Ленин сұрақ қояды да, бұдан кейін былай деп жауап береді: — «Искраның» ұсынып, дайындаған принциптік және ұйымдастыру негіздеріне сүйеніп нағыз партияны құру еді» (Шығармалар, 7-том, 213-бет).

Уставтың бірінші параграфы жөніндегі өз тұжырымын жақтай келіп, Ленин съезде былай деді:

«Біздің міндетіміз — партиямыздың беріктігін, ұстамдылығын, тазалығын сақтау. Біз партия мүшесінің атағы мен маңызын жоғары көтерген үстіне жоғары көтеруіміз керек» (Шығармалар, 6-том, 534-бет).

В. И. Ленин съезде басты тұлға болды, оның идеялық дем берушісі, Россияда шын мәнісіндегі революцияшыл маркстік партия, жаңа тұрпат-

ты партия құру жолындағы нағыз дәйекті күрескер болды. Мұны кейін съездің көптеген делегаттары, Владимир Ильичтің ең жақын серіктері атап айтты.

**Питер пролетары Александр Васильевич Шотман:**

«Лениннің өз тұжырымын қызу түрде, қайыспай жақтап сөйлеген сөзін тындағанымыз бар, ал бұдан оның партияны дұрыс ұйымдастыруға қаншалықты зор мән бергендігін түсіну қиын емес еді. Партия өз мүшелерінің программаны мойындап, мүшелік жарнаны төлеуімен бірге өзара байланысты болса ғана күшті болады деп ол қайта-қайта дәлелдеді. Революцияшыл пролетарлық партияның мүшесі болуға лайықты әрбір адам оның қатерлі жұмысына белсене ат салысуы керек, мұнда тек белгілі дәрежеде көмектесіп қою жеткіліксіз. Өз пәтерін үйірме жиналысына берген қайсыбір либерал буржуа партия мүшесі бола алмақ емес».

**Профессионал революционер Мартын Николаевич Лядов:**

«Съезд жұмысының ең алғаш басталған күнінен Ильичке етене жақын жүрдім. Партияға не керек екенін, оны қайда бастау керек екенін тек соның ғана кәміл білетіні айқын болды. Ол барлық мәселеде, тіпті ұсақ-түйектің өзінде принциптік позицияда тұрды. Барлық мәселеге оның өзіндік принциптік көзқарасы болды. Ол бірыңғай пікірі бар, бірыңғай қимыл жасайтын партия құрғысы келді, оның ойынша, партия өздерін социал-демократтар деп атайтын кім көрінгеннің жай көздейсоқ жиынтығы емес... Ол әрқашан съезді жоғарғы партия органы, партияға кіретін жеке ұйымдардың бәрінен жоғары әрі маңызды орган деп білді. Шетелдегі қалған жолдастар бар-жоғы шағын үйірмелердің мүшелері болудан аспаса, Ильич партияның нағыз жетекшісіне дейін өскен еді».

**Тула жұмысшысы Сергей Иванович Степанов:**

«Брюссельде де, Лондонда да съезд жұмысымен бірге Ленин біздің шетелде уақытымызды анағұрлым тиімді пайдалану жайын ұмыт қалдырған жоқ, сондықтан біз Европа жұмысшыларының тіршілігімен жақсылап танысып алдық. Революциялық ұрыстардың сөзсіз болатындығына, өкіметті өз қолына алып, қанаушыларды түпкілікті жеңуге пролетариат диктатурасын жүзеге асыру үшін жұмысшы табының өз революцияшыл партиясы болуының қажеттігіне ол бізді қайта-қайта сендірумен болды».

Қайтадан Россияға аттанар алдында Ленин бірнеше күн бойы бізбен бірге болды: бәрімізді жиып алып та, жеке-жеке де әңгімелесті, партияға жұмысшыларды көп тартыңдар, кәнігі революционерлермен байланысты нығайтыңдар деп ақ тілегін білдірді. Келесі съезде жолығысуға, өз жақтастарымызды көбейтуге ізгі ниет білдіріп, біз вокзалда жылы жүзбен қош айтысып, тарқастық».

РСДРП-нің Екінші съезінде басталған большевиктердің меньшевиктерге қарсы күресі съезден кейін бұрынғыдан да шиеленісіп кетті. Меньшевиктер оның шешімдеріне бағынбады, Плехановтың көмегімен «Искра» редакциясына басшылықты тартып алып, жікшілдік күрес жолына түсті. Нижегород партия комитетінің бір мүшесіне жазған хатында Н. К. Крупская 1904 жылы 26 мартта (8 апрель) былай деп хабарлады:

«Осы айдың аяғында съезд туралы, партиядағы істің жайы туралы Лениннің кітапшасы (көлемі әжептәуір, 8—9 табақ) дайын болады. Ол, сірә, көпшіліктің позициясын толық түсіндіретін шығар, ал менің өз басым кітапша партияда қазір орын алып отырған теориялық билықты біршама оңдайды ғой деген үміттемін».

Шынында да 1904 жылы көктемде В. И. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін (партиямыздағы кризис)» деген кітабы жарыққа шықты. Мұнда меньшевиктердің оппортунизмі әшкереленіп, жана тұрпатты партияның ұйымдық принциптері тұжырымдалды. Владимир Ильич бұл шығармасында өкімет билігі жолындағы күресте пролетариаттың ұйымнан басқа қаруы жоқ, осы ұйымның көмегімен ғана ол барлық еңбекшілерді революцияшыл армияға топтастырады деп жазды.

«Бұл армияға шіріп біткен орыс самодержавиясының өкіметі де, шіруге айналған халықаралық капитал өкіметі де төтеп бере алмайды» (Шығармалар, 7-том, 432-бет).

«Политическое самообразование»  
журналы, № 9, 1966 ж.

# Қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықтарды жою мәселесі

КПСС XXIII съезі совет халқының коммунизм орнату жолындағы айбынды күресіне творчестволықпен қорытынды жасап, еліміздің 1966—1970 жылдар ішінде халық шаруашылығын өркендетуге бағытталған негізгі міндеттерін белгілеп берді. Жаңа бесжылдықтың айрықша маңызы мынада: бұл бесжылдық коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасай отырып, совет адамдарының әл-ауқатын, олардың мәдениетін онан сайын арттыруға, қала мен деревняны бір-біріне елеулі түрде жақындастыруға жағдай жасауды көздейді.

Съездің шешімдері мен материалдарында коммунизм құрылысының аса берік ғылыми негізі—маркстік-лениндік теория онан әрі дамытылды.

Қала мен деревня арасындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық айырмашылықты жоюдың проблемаларын ғылыми тұрғыдан алып қарау партия мен халқымыздың еліміздегі коммунистік құрылыстың осы бір аса маңызды міндетін неғұрлым ойдағыдай шешуіне көмектесетін болады.

Коммунистік қоғамды орнату — күрделі де ұзақ процесс. Ол социализм кезеңін де басынан кешіреді. Сондықтан да қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық пен елеулі айырмашылықты жою сияқты өзара тығыз байланысты проблеманы шешуге тура келеді. Қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық — өндіріс құралдарына жеке меншіктіліктің шығуының және қоғамның антагонистік таптарға бөлінуінің тікелей салдары.

Таптық-антагонистік формациялардың күллі тарихы осы қарама-қарсылықтың ауқымында өрістеп келді. Бұл жөнінде Ф. Энгельс былай деп жазған болатын: қаланың деревнядан бөлінуі — «село халқы мыңдаған жылдардағы тонастыққа ұшыратты, ал қала адамдарын — әрқайсысын өзінің арнаулы қол өнері құлдыққа салды. Оның өзі село халқының рухани дамуы мен қала адамдарының күш-қайрат дамуының негізін жойды» (Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг». Алматы, 1957 жыл, 288-бет).

Қоғамдық өндірістің дамуына қарай қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық күшейе түсті. Ақыр-аяғында бұл капитализм тұсында деревняның түгелдей қалаға тәуелді болуына әкеп соқты.

Мұндай жағдайдың басты себебін буржуазиялық құрылыстың арғы тегінен іздеу керек. Өйткені капитализм кезінде қала деревняға қарағанда рақымсыз қанаушы болды, деревняны экономикалық жағынан өзіне бағынышты етті, саяси жағынан правосыз әрі сауатсыз қалдырды. Сондықтан «Қаланың деревнядан басым болуы (экономика жағынан да, ақыл-ой жағынан да, бүкіл басқа қатынастар жағынан да) товарлы өндірісі мен капитализмі бар барлық елдердің, соның ішінде Россияның да жалпы және сөзсіз болатын құбылысы...» (В. И. Ленин. Шығармалар. 2-том, 246-бет).

Қазіргі заманда капитализм өнеркәсіпті, ғылым мен мәдениетті негізінен қалаларда өркендетіп, деревняларды барған сайын құлдыраға түсуде, сөйтіп, қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты тереңдетіп, асқындыруда. Ал буржуазияның социологтары мұны сөзсіз болатын құбылыс және мәңгі-бақи осылай бола береді деп түсіндірмек болады. Мұндай ғылымға жат көзқарас капиталистік құрылыстың мәңгі жасай беруін көксейтін қанаушы таптардың мүддесін қорғайды.

Маркстік-лениндік ғылым мұндай қарама-қарсылықты жоймайынша деревняны жоқшылықтан, қайыршылықтан, правосыздықтан құт-

қаруға болмайды, миллиондаған деревня халқының мәдениеттен мұқтаждығын жоюға болмайды деп үйретеді.

Деревняны қалаға бағынышты ететін әлеуметтік жағдайларды жою үшін социалистік революция, социалистік өндірістік қатынастардың салтанат құруы қажет. Кезінде К. Маркстің өзі де «Қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық тек жеке меншіктілік шеңберінде ғана өмір сүре алады» деп көрсеткен болатын. Бұл қарама-қарсылықты толық жою ісі социалистік қоғамның материалдық-техникалық базасын жасау және өндіріс құрал-жабдығына біржолата қоғамдық меншік орнататын социализмнің толық жеңуі негізінде аяқталмақшы.

Біздің елімізде қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою процесі социализм құрылысының маңызды буыны болды. Социалистік қоғам орнатуға байланысты индустрияландыру, коллективтендіру, мәдени революция жасау шараларын жүзеге асырудың негізінде біздің елімізде қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық жойылды. Совет қоғамының таптық құрылымы, қалалар мен деревнялардың экономикалық және мәдени бейнесі өзгерді, социалистік негіз өріс алды. Сонымен бірге өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арасында жаңа қарым-қатынастар орнап, дамыды. Социалистік қалалардың белсенді көмегінің арқасында колхоздар мен совхоздардың еңбеккерлері ғылым мен техниканың, түрлі мәдени игіліктердің жетістіктеріне кенелді. Жұмысшы табы мен шаруалардың берік одағы, совет қоғамының моральдық — саяси бірлігі коммунистік құрылыстың аса маңызды шарты болды.

Әлбетте, экономикалық, саяси және мәдени саладағы бұл ұлы өзгерістер социализм тұсында да сақталатын қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықты түгелдей жойғандық болмайды.

Бұл айырмашылықты жою белгілібір материалдық және рухани ағы шарт жасауды тілейтін объективтік процесс. Қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықты толық жою коммунизмге қарай бірте-бірте аяқ басу процесінде ғана мүмкін болмақ.

КПСС XXIII съезінде атап көрсетілгендей, біздің еліміздегі экономика мен мәдениеттің қазіргі дәрежесі осы жолда едәуір қадам жасайды және біздің қалаларымыз бен деревняларымызда еңбек пен тұрмыс жағдайын елеулі түрде жақындастыруға қолайлы жағдай туғызады.

Партияның XXIII съезі маңызды әлеуметтік міндет — қала мен деревняның арасындағы елеулі айырмашылықтарды жою жолымен оған әрі алға басу, село халқының материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесін дәйектілікпен жақсарту беру және оны қала халқының тұрмыс дәрежесіне жақындастыру деп атап көрсетті.

Қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықтың мәні қала мен деревня арасындағы өндірістік-техникалық жағдайдың айырмашылығында; өнеркәсіпке қарағанда ауыл шаруашылығындағы өндіргіш күштердің анағұрлым төмен дәрежеде өркендеуінде; социалистік меншіктің екі түрінің орын алып отыруында; деревняның қалаға қарағанда мәдени-тұрмыс жағдайлары жөнінен артта қалуында болып отыр. Бұл айырмашылықтарды жоюдың шешуші шарты — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау.

Қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықты бірте-бірте жою өндіргіш күштердің қарыштап өркендеуіне, қала мен деревнядағы социалистік өндірістік қатынастарды жетілдірудің негізінде социалистік өндірісті оған әрі дамытуға байланысты.

Қазіргі айырмашылықтың сақталуы деревнядағы өндіргіш күштердің даму дәрежесінің кенжелеп қалуынан болып отыр. Сондықтан бұл айырмашылықты жою процесі ең алдымен деревнядағы өндіргіш күштерді оған әрі дамытуды, ауыл шаруашылық өндірісіне машиналы индустриялық әдістерді енгізуді талап етеді.

Біздің партия өткен жылдардың ішінде ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайту, оны техникалық жағынан жарақтандыру дәрежесін арттыру жөнінде орасан зор жұмыс жүргізді. Социалистік индустрияны дамытудың жетістіктері, жұмысшы табының белсенді көмегі соңғы жылдары мемлекеттің тек Қазақстан ауыл шаруашылығын дамытуға ғана 4 миллиард 172 миллион сом қаржы, республиканың колхоздары мен совхоздарына 169 мың трактор, 98 мың астық комбайнын, 79 мың жүк автомобилін, көптеген басқа да техника бөлуіне мүмкіндік жасады.

Осы шаралар колхоздар мен совхоздардың техникалық жарақтануын едәуір дәрежеде арттырды, оларды ірі, механикаландырылған шаруашылықтарға айналдырды. КПСС XXIII съезінде атап көрсетілгендей, «біздің колхоздарымыз бен совхоздарымыз қиыншылықтарға қарамастан, үнемі өсіп, өркендеуде, олардың экономикасы, материалдық-техникалық базасы нығаюда, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің әл-ауқаты мен мәдени-техникалық дәрежесі көтерілуде».

1965 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, қатты құрғақшылыққа қарамастан, салыстырмалы бағамен алғанда 55,3 миллиард сом болды, мұның өзі осының алдындағы жылдардың қай-қайсысынан болса да асып түседі. Еліміздің колхоздары мен совхоздары мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрінен де мемлекеттік жоспарды орындап шықты, өнім өндіруді едәуір арттырды.

Дегенмен ауыл шаруашылығы өте баяу дамуда. Оның себебі, өндірісті өркендетудің экономикалық заңдарының талаптары, қызметкерлерді материалдық жағынан ынталандыру принциптері бұзылды, дайындау жүйесінде елеулі кемшіліктер орын алды, ауыл шаруашылық органдары орынсыз жиі-жиі қайта құрыла берді, ауыл шаруашылық өндірісін арттыруда ғылымның ролі жете бағаланбады.

Партия мен совет халқы КПСС Орталық Комитетінің март (1965), май (1966) Пленумдары мен КПСС XXIII съезі шешімдерінің негізінде бұл кемшіліктерді түзетуге бағытталған шараларды дәйектілікпен жүзеге асыруда.

Ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін дамытуда техникалық прогресс үлкен роль атқарады. Техникалық прогрестің негізгі бағыты машиналар жүйесін жасау, комплексті механикаландыру, еңбекті энергиямен жарақтандыруды күрт арттыру. Қазір біздің елімізде астық өндіруді, қант қызылшасын, картоп, мақта, жүгері өндіруді толық механикаландыруға қажетті машиналар түгелдей дерлік шығарылады. Ендігі жерде басқа дақылдарды егу, жинау жұмыстарын механикаландыру үшін машиналар жүйесі жасалады. Жаңа бесжылдықта еліміздің колхоздары мен совхоздары 1 миллион 790 мың трактор, 1 миллион 100 мың жүк автомобилін, 550 мың астық комбайнын және басқа да техника мен жабдық алмақшы. Бес жыл ішінде колхоздар мен совхоздардың еңбекті энергиямен жарақтандыруы 1965 жылмен салыстырғанда екі есе артады. Қазақстанның ауыл шаруашылығы 191 мың трактор, 81 мың комбайн, 90 мың жүк автомобилін алады. Қысқасы, алдағы бесжылдықта ауыл шаруашылық өндірісінің көпшілік саласы негізінен толық механикаландырылады. Осының бәрі село еңбеккерлері еңбегінің сипатын түбірімен өзгертіп, бірте-бірте оны индустриялық еңбектің бір түріне айналдырады.

Қазіргі ауыл шаруашылық өндірісінің дәрежесінде механизатор—дикан мен малшы еңбегінің сипаты, бір жағынан, индустриялық жұмысшы еңбегіне, ал екінші жағынан агрономның немесе зоотехниктің еңбегіне жақындай түсуде. Механизацияның, ал одан соң автоматиканың бұдан былай да өсуі осы заңды процесті онан әрі күшейте түседі.

Өндіргіш күштердің даму дәрежесін, оларды пайдаланудың тиімділігін еңбек өнімділігінің өсуі дәлелдейді. Бұл тек ауыл шаруашылық өн-

ірісінің салаларын кең көлемде комплексті механикаландырудың, химияландырудың, электрлендірудің негізінде ғана жүзеге асырылады. Қана бесжылдықта совхоздар мен колхоздарда еңбек өнімділігін 40—50 процент арттыру көзделіп отыр. Мұның өзі экономикалық және мәдени тұрмыстық жағынан колхоз бен совхоз селосын социалистік қалаға едәуір жақындататын болады.

Ауыл шаруашылығындағы өндіргіш күштерді онан әрі дамытудың негізінде колхоздық-кооперативтік меншік жалпы халықтық меншікпен жақындасады, сөйтіп олардың арасындағы айырма бірте-бірте жойылады. Қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықты жоюдағы аса маңызды бағыттың бірі міне осы.

Алдағы уақытта меншіктің екі түрі біртұтас коммунистік меншікке ұласады. Алайда бұл мемлекеттік меншікті де, колхоздық-кооперативтік меншікті де жап-жақты өрістетуге және нығайту арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік меншік халық шаруашылығындағы барлық түбірлі өндіріс құрал-жабдығын қамтиды. Сондықтан да ол бүкіл халық өмірінің негізін қалайды. Оның күллі социалистік өндірістік қатынастар жүйесінде, колхоздық меншікті дамытып, жетілдіруде алатын орны айрықша. Бұл жайында КПСС Программасында былай деп айқын жазылған: «Колхоз құрылысының экономикалық жағынан гүлденіп өркендеуі колхоз меншігінің жалпы халықтық меншікке бірте-бірте жақындай түсуіне, ал болашақта бірыңғай коммунистік меншікке ұласуына жағдай жасайды».

Колхоздық-кооперативтік форма барған сайын бірте-бірте жалпы халықтық сипатқа ие болуда. Бұл, **біріншіден**, колхоздардың бөлінбейтін қорының ұдайы өсуінен, **екіншіден**, ауыл шаруашылығының барлық саласын барған сайын қоғамдық өндіріспен толық қамтудан, **үшіншіден**, колхозаралық өндірістік байланыстардың неғұрлым дами түсуінен; **төртіншіден**, мемлекеттік-колхоздық кәсіпорындар құрылысы арқылы колхоздың өндірістік қаржысының мемлекеттік қаржымен қосылуынан көрінеді. Қазір колхоздық-кооперативтік меншікте едәуір дәрежеде бүкіл халықтық меншіктің белгілері бар.

Мұның өзі колхозшы шаруаларды жұмысшы табынан алшақтатпайды, қайта оларды жұмысшылармен, барлық еңбекшілермен нық біріктіруге жағдай туғызады. Осының бәрі келешекте колхоз меншігінің бүкіл халықтық меншікке ұласуына әкеліп соғады.

КПСС Орталық Комитетінің март (1965 ж.) Пленумы мен партияның XXIII съезі соңғы жылдары колхоздарды жаппай совхоздарға айналдырудың теориялық жағынан қателігін, ал практикалық жағынан мүлде қолапайсыздығын атап көрсетті. Бұл екеуін ешқашан да қарсы қоюға болмайды. Қайта социалистік шаруашылықтың бұл екі түрін үйлестіре жүргізу керек.

Социалистік ауыл шаруашылығының дамуы, колхоз-совхоз құрылысының өсіп нығайуы село өмірінің барлық саласында үлкен өзгеріс туғызды. Жоғарыда атап көрсетілгендей, қазір деревняда өндіріс техникасы барған сайын шоғырлана түсуде, жергілікті кәсіпорындардың құрылысы кең өріс алуда, соған орай маман кадрлардың қатары көбеюде. Сондай-ақ село еңбеккерлерінің жалпы және техникалық білім дәрежесі ұдайы өсе түсуде. Тек біздің республиканың ауыл шаруашылығында ғана жоғары және арнаулы орта білімі бар 45 мыңнан астам маман жұмыс істейді.

Техникасын онан әрі қаулап өсуі, өндіріс процестерін электрлендіру мен механикаландыру, еңбекті ұйымдастырудың ғылыми әдістерін қолдану әрбір қызметкерден өзінің білімін, мәдени дәрежесін үнемі көтеруді, мамандығын жетілдіре түсуді талап етеді. В. И. Ленин коммунизм орнату үшін «мәдениетті, саналы, білімді еңбекшілер керек» деп ерекше

атап көрсеткен болатын. Коммунистік партия ұлы көсемнің осы өсиетін жүзеге асыру мақсатында бірсыпыра келелі шаралар қолданып отыр. Қазіргі уақытта деревня еңбекшілерінің жоғары және арнаулы орта дәрежелі білім алуға деген ынтасы бұрынғыдан әлдеқайда күшейе түсті. Село интеллигенциясының қаулап өсуі, колхоз, совхоз қызметкерлерінің мәдени-техникалық дәрежесінің артуы, селолық жерлерде мәдени және ғылыми мекемелердің өріс алуы — осының бәрі мәдениет саласында қала мен деревня арасындағы қарым-қатынасқа сапалы өзгеріс жасайды, олардың арасындағы елеулі айырмашылықты жоюға жәрдемдеседі.

Әдетте бұл екеуінің арасындағы мәдени айырмашылық деревнядағы тұрмыс салттарын дұрыс ұйымдастыруға елеулі кедергі келтіріп жүр. Себебі ескіліктің тұрмыстағы қалдықтары қаладан гөрі деревняда анағұрлым күшті. Мұндай айырмашылықты жою және қала мен деревня арасындағы мәдени-тұрмыстық жағдайларды жоспарлы түрде теңестіру, олардың тұрмыс дәрежесін онан әрі жақындастыру — жана бесжылдықта партияның XXIII съезі алға қойған аса маңызды міндеттің бірі.

КПСС Орталық Комитетінің март (1965 ж.) және май (1966 ж.) Пленумдары, партияның XXIII съезі негізін қалаған әлеуметтік-экономикалық алғы шарттар бұған даңғыл жол салып отыр. Атап айтқанда, колхозшы бұдан былай совхоз жұмысшысымен бірдей кепілді жалақы алатын болады. Демек, әлеуметтік тұрғыдан алғанда, енді колхозшы қала тұрғынына бұрынғыдан әлдеқайда жақындай түседі деген сөз. Қолхозшыларға пенсия тағайындау жүйесінің енгізілуі де село еңбеккерлерінің әл-ауқатын көтеруге бағытталған аса ірі әлеуметтік шара болып табылады.

Еңбекшілер табысының молаюы, мәдени дәрежесінің артуы, совет адамдарының рухани талап-тілегінің өсуі олардың тұрмысын жақсартуға, деревняның мәдени-тұрмыс жағдайын қаладағыға жақындата түсуге мүмкіндік береді. Осы күннің өзінде-ақ көптеген колхоздар мен совхоздарды қаладан ажырату қиын. Оларда, мәселен, көрікті қоғамдық тамақтандыру орындары, балалар мекемелері, клубтар, кітапханалар бар, тағы басқа мәдени құрылыстар кең көлемде жүргізілуде. Селолардың көпшілігінде жаңа үйлер қала тәртібімен салынууда.

Деревняны қалаға жақындатуда еңбекшілерге тұрмыстық қызмет көрсетудің мәні де орасан зор. Соңғы кездерде қала мен село еңбеккерлерін тұрмыстық жағынан қамтитын он мыңдаған жаңа ательелер, павильондар, шеберханалар және басқа кәсіпорындар ашылды. Мұндай тұрмыстық қызмет көрсетудің толып жатқан жаңа түрлері барған сайын кеңінен етек алуда. Мархабатты қызмет бюросы, халыққа заттарды уақытша пайдалануға беру, кәсіпорындардан, колхоздар мен совхоздардан заказ қабылдау үшін арнаулы бригадалар шығару сияқты игі қызмет формалары бұған айқын дәлел.

Тұрмыстағы ең зәру проблеманың бірі — тұрғын үй мәселесі. Қазақстан еңбекшілері өткен жетіжылдықтың ішінде тек мемлекеттік қаржы есебінен ғана 23 миллион 368 мың шаршы метр тұрғын үй алды, жетіжылдықта жалпы көлемі 42 миллион шаршы метрден астам үй берілді. Елімізде социалистік тұрмысты онан әрі жақсарту, қайта құру жөніндегі шаралар коммунистік тұрмыстың бірте-бірте орнығуына көмектеседі.

Біздің елдегі экономика мен мәдениеттің қазіргі дәрежесі қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықты бірте-бірте жою үшін қолайлы жағдай тудырады. Жаңа бесжылдық коммунистік құрылыстың осы бір аса ұлы әлеуметтік міндетін шешуде ірі қадам жасайтын болады.

**Т. ЖҰМАҒАЗИН,**

философия ғылымының кандидаты.



# Насихатшы кезекті сабаққа қалай даярланады?

Саяси оқуды жүргізуде насихатшыға қойылар басты талаптың бірі— тыңдаушыларды өтетін тақырыпқа қызықтыра біліп, олардың ғылыми көзқарасын қалыптастыруға көмектесу. Бұған қайткенде қол жетеді?

Мұның өзі, ең алдымен, насихатшының шеберлігіне, теориялық даярлығына байланысты. Насихатшылардың көп жылғы тәжірибесіне қарағанда саяси сабақты жүргізу әдісі көптеген элементтерден құралады. Оның ең негізгісі—насихатшының кезекті сабаққа әзірленуі. Білікті, тәжірибелі насихатшылар сабаққа даярлыққа оқу жылы басталмас бұрын-ақ кіріседі.

Саяси оқудың қай түрінде сабақ жүргізсе де насихатшы ең алдымен өз пәнін өте жақсы білуге тиісті. Бұл үшін ол өзінің саяси білімін марксизм-ленинизм классиктерінің теориялық еңбектерін, партия съездері мен Орталық Комитет Пленумдарының материалдарын үзбей оқу арқылы үнемі жетілдіріп отыруы керек.

Таяуда өткізілген насихатшылардың облыстық семинарында Нарынкол ауданындағы Н. К. Крупская атындағы колхоздың марксизм-ленинизм негіздері мектебінің жетекшісі А. Сәтбаев былай деді: «Колхозшылар арасында саяси сабақ жүргізе бастағаным асты. Осы уақыт ішінде менің көзім жеткені — өткізілетін сабақтың сапалы болуы насихатшы даярлығына көптеп-көп байланысты. Біраз жылғы тәжірибем маған аз да болса жеңілдік жасай ма деп ойлаушы ем, мұным қате екен. Әрбір сабаққа тиянақты әзірленген ғана тыңдаушылардың ілтифатына ие боласың. Насихатшы беделінің өзі де осыған тікелей байланысты».

Социологиялық зерттеудің нәтижесіне көз салсақ, кезекті сабаққа неғұрлым жақсы әзірленген насихатшылар ғана сабақты тартымды ете алады. Зерттеуде байқалғанындай, стажы әртүрлі 100 насихатшының 89 проценті жаңа сабаққа әзірлену үшін кемінде 2—3 сағат уақытын бөледі.

Көптеген тәжірибелі насихатшылар жыл бойы жүргізетін сабағының жүйесін күн ілгері жасап алады да, оған жоспарлы түрде әзірленіп отырады. Сабаққа даярланудың алуан түрлі әдісі бар. Оларды әркім өз біліміне, мүмкіндігіне қарай таңдап алады.

Келер сабаққа әзірлікті тақырыптың мақсатын анықтаудан бастаған жөн. Бұл орайда насихатшы жергілікті жағдайды, өз тыңдаушыларының білім дәрежесін ескере отырып, оқу программасы мен жоспарға сай керекті әдебиеттерді іріктеп алып, сабақты әңгіме, лекция, не теориялық конференция түрінде өткізуіне болады.

Тақырыпқа теориялық жағынан жан-жақты даярланған насихатшы конспект жасайды да, аса маңызды жайларды, цифрларды өзінің қойын кітапшасына көшіріп алады. Осындай әзірлік үстінде насихатшы жаңа материалды өз тыңдаушыларына неғұрлым түсінікті тілмен баяндаудың әдісін де қарастырады, оларға қойылатын сұрақты, берілетін тапсырмаларды реттейді.

Насихатшының өз білім дәрежесін кеңейтуіне оның күнделікті оқитын газет-журналдардан жинап отыратын қиындықтары, статистикалық мәліметтері көп жәрдемін тигізеді. Кейбір насихатшылар ондай қиындықтарды сақтау үшін арнайы папка арнаса, енді біреулері ондай мәліметтерді қойын кітапшасына жазып алып жүреді. Мұның пайдасы сол, жаңа фактілер, цифрлар, жергілікті материалдар—әрқашан да насихатшының қолында болады.

Талдықорған ауданындағы «Заря коммунизма» совхозында В. Ли жолдастың насихатшы болып істегеніне екі жылдан асты. Тәжі-

рибесінің аздығына карамастан Ли жолдас сабаққа даярланудың қалыптасқан жақсы әдісін игерген. Өткен оқу жылында оған тұңғыш рет Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихын оқытуға тура келді. Алғашында оған көптеген қиыншылықтар да кездесті. Марксизм-ленинизм негіздері мектебінде оқушылар көбінесе орта және ортадан төмен білімі барлар ғана еді. Ал В. Ли жолдастың мамандығы зоотехник болатын. Оқу жылы басталардан көп бұрын насихатшы сабақты жүргізуге мұқият даярлана білді. Соның арқасында ол өз тыңдаушыларына Совет Одағы Коммунистік партиясының даңқты тарихын мазмұнды да тартымды етіп түсіндірді.

Насихатшы «Россияда маркстік-лениндік партияны құру жолындағы күрес. Большевиктер партиясының ұйымдасуы (1894—1904 жылдар)» деген тақырыпты өту үшін үлкен даярлық жүргізді. Ол В. И. Лениннің «Неден бастау керек?», «Не істеу керек?», «Бір адым ілгері, екі адым кейін» сияқты еңбектерін қайтадан зер сала оқып шықты. Саяси оқу үйінің методикалық советіндегілермен пікірлесіп, олардан консультация алды. Сөйтіп күні бұрын әңгіменің жоспарын ыңғайлады. Оқылатын негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімін жасады.

Шынында мұның өзі өте күрделі әрі үлкен-үлкен тарихи оқиғаларға толы дәуір. Мұнда В. И. Лениннің және оның серіктерінің теориялық еңбектері, революциялық қызметі жан-жақты көрсетілуге тиісті. Сондықтан да Ли жолдас бұл тақырыптың марксизмнің дамуындағы лениндік дәуір, марксистік партияны құрудағы лениндік жоспар, лениндік «Искра» мен В. И. Лениннің «Не істеу керек?» атты кітаптарының тарихи ролі, РСДРП-нің II съезі сияқты аса маңызды мәселелерін тыңдаушыларға әсерлі де жатық етіп түсіндіре білді.

Марксизм-ленинизм негіздері мектебіндегі бірінші сабағын Ли жолдас өте жақсы өткізді. Міне содан бері ол әрбір жаңа сабақты өткізуге ерекше мұқият даярлануды өзінің күнделікті әдетіне айналдырған.

Саяси оқуды жүргізу әдісін жетілдіре беру әрбір насихатшыдан асқан шеберлікті талап етеді. Олар өткізетін әңгіме, лекция яки теориялық конференцияларда, кинофильм, карта, диаграмма, кесте, альбом сияқты көрнекі құралдарды жиі қолдану тыңдаушылардың сабаққа деген ықыласын арттырады. Бұл құралдарды орнымен дұрыс пайдалану насихатшыға байланысты.

Тыңдаушыларға практикалық тапсырма беру — сабақ сапасын жақсартудың тиімді тәсілдерінің бірі. Ол тапсырмалар тақырыпқа қарай әрқилы болып отыруы мүмкін. Бірде рефераттар жаздыру керек, енді бірде көрнекі құралдар даярлау, экскурсия жасап, музейлерге бару, революция ардагерлерімен, еңбек ерлерімен кездесулер ұйымдастыру, бірігіп ғылыми-документтік, тарихи-революциялық кинофильмдерді көру секілді әртүрлі тапсырмаларды орындатуға болады.

Алайда насихатшылардың бәрі бірдей ондай мүмкіндіктерді пайдалана бермейді. Социологиялық зерттеу көрсеткеніндей, марксизм-ленинизм негіздері мектебінің 100 насихатшысының тек II-і ғана техникалық құралды, 27-і көрнекі құралды, 13-і кинофильмді қолданса, ал революция ардагерлері мен еңбек ерлерінің кездесуін 31, музейге баруды 5 насихатшы ғана ұйымдастырған.

Әрине, әрбір насихатшының келесі сабаққа даярлану әдісі әрқилы болады. Негізінен алғанда ол сабақтың мақсатына орайлас болуы шарт. «Партиялық насихаттың ғылыми негіздері» атты кітапта («Мысль» баспасы 1966 жылы шығарған) сабақты өткізудің бірнеше жобасы ұсынылған. Олар мынадай. Кейбір сабақтың мақсаты өткен материалды қайталап еске түсіру болса, ал енді бір сабақта тыңдаушыларды жаңа материалмен таныстыру керек болады. Ал үшінші бір сабақта өткенді тыңдаушылардан сұрай отырып, жаңа материалды қоса түсіндіру қажет. Міне сабақтың осындай түрлеріне қарай насихатшы даярлығы әр алуан болуы

ерек. Тегінде қандай сабақты өткізерде болса да насихатшы өзінің теориялық, жалпы білім дәрежесін кеңейтіп отыруға бұрышты.

Әрбір насихатшыға Лениннің насихатшылық шеберлігінің ұлы мұрасы асқан үлгі бола алады. Ұлы көсемнің насихатшылық шеберлігіне ән қасиеттің бірі — оның жұрт алдында сөйлейтін әрбір сөзіне ерекше маңыз беріп, оған асқан төзімділікпен даярлануы. Н. К. Крупская өзінің «Ленин туралы» деген мақалалар жинағында В. И. Лениннің жұмыс стилі жайында айта келіп: Ленин өзінің асқан білімдарлығына, насихатшылық тәжірибесінің молдығына қарамастан, — ол көптеген баяндамалар жасап, қыруар насихаттық мақалалар жазса да, — өзінің әрбір сөзіне, баяндамасына, лекциясына асқан зергерлікпен даярланатын еді, — деп жазады. Бұдан біз ұлы көсеміз Владимир Ильичтің өзінің көпшілік алдындағы әрбір сөзіне мұқият қарағанын көреміз.

В. И. Ленин шығармаларының толық жинағының орысша бесінші басылуына енген көптеген жаңа материалдардан ұлы көсемнің өзінің насихатшылық өнеріне қандай қатаң талап қойғанын көруге болады.

Жұртты сендіре білу, тыңдаушылардың көңіл-күйін баурап алып, оған дер кезінде ықпал жасай білу, жалпы насихатшылық, үгітшілік өнерін Лениннен үйреніп отыру — әрбір насихатшының абыройлы парызы.

Соңғы кездері насихатшылар семинарында насихат жұмысының практикасы мен әдісі жөнінде тәжірибе алмасу салтка айналып отыр. Мысалы, насихатшының келесі сабаққа әзірленуі, тыңдаушылардың өздігінен оқуын ұйымдастыру, көрнекі және техникалық құралдарды пайдалану, жаңа материалды түсіндіру әдісі, тыңдаушыларға практикалық тапсырма беру мәселелеріне арналған баяндамалар марксизм-ленинизм негіздері мектептері жетекшілерінің облыстық курсына тыңдалды. Мұның насихатшылар үшін көмегі зор.

Облыстық саяси оқу үйі де өз тарапынан насихатшыларға үнемі жәрдем көрсетіп келеді. Мысалы, оқу үйінің методикалық советінің мүшелері мен консультанттары насихатшыларға арнап «В. И. Ленин — насихатшы», «Саяси әдебиетпен жұмыс істеуді В. И. Лениннен үйреніңіз», «Марксизм-ленинизм негіздері мектептерінде сабақ жүргізудің әдістері», «Теориялық семинарларды жүргізудің ерекшеліктері» деген тақырыптарда лекциялар оқып, баяндамалар жасады.

Облыстық саяси оқу үйі мен саяси кабинеттерде методикалық конференцияларды өткізу жөнінде, сондай-ақ насихатшылар жұмысын бағндайтын плакаттар, арнаулы листоктар, методикалық бюллетеньдер шығаруда жинақталған едәуір тәжірибе бар. Міне сол тәжірибе негізінде насихатшылардың шеберлігін жетілдіре беру қажет.

Г. ПРЯНИКОВА,

Алматы облыстық саяси оқу үйі  
менгерушісінің орынбасары.

### НАСИХАТШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ!

«Қазақстан коммунисті» журналы Сіздерге мына бір жайды ескертуді көп деп санайды: журнал бетінде саяси оқуға байланысты барлық тақырып толық қамтылмайды, солардың ішіндегі ең маңызды, түбегейлі мәселелер жайлы теориялық мақалалар, методикалық кеңестер беріліп тұрады.

Сонымен қатар, кейбір тақырыптар журналымыздың өткен сандарында жарияланған кетті. Оларды журналымыздың 1966 жылғы (№ 1—9) сандарынан қарап, пайдалануға болады. Мәселен, жаңа оқу жылының бас кезінде өтілетін «Коммунизмнің материалдық-техникалық базасының актуалды проблемалары» деген тақырып бойынша журналдың биылғы 5-ші (май) санында жарияланған «КПСС XXIII съезінің материалдарын оқып үйренушілерге көмек» деген методикалық кеңестің II бөлімін, оған қосымша 4-ші (апрель) номеріндегі Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі М. Бейсебаев жолдастың «Қазақстан жаңа бесжылдықта» деген мақаласын пайдалануға болады.

## Жаңа жүйе — жаңа қадам

Ақтөбе ферросплав зауытының коллективі жетіжылдықты жақсы табыстармен аяқтады. Коллектив бұл табысқа өндірістің техникасын жетілдіре беру, жаңа технологиялық әдістерді үнемі енгізіп отыру арқылы жетті. Ақтөбе металлургтері жетіжылдықтың ішінде конверторларда оттегін колдану, көмір тегінсіз феррохромды вакуум арқылы алу сияқты жаңа технологиялық әдістерді өндірісте сйдағыдай пайдаланды. Осымен бірге олар бірсыпыра қорытпалардың түрлерін алудың жаңа технологиялық әдістерін елімізде бірінші болып жасап шығарды.

Біздің кәсіпорын жетіжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап, елімізге керекті өнімдер шығаруды бір жарым есе арттырды, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде де елеулі табыстарға жетіп, рентабельді кәсіпорындар қатарына қосылды. Зауод коллективі жетіжылдықтың ішінде жоспардан тыс бір жарым миллион сомнан астам пайда алды. Кәсіпорын жұмысының экономикалық нәтижесі қысқаша айтқанда міне осындай.

Партия мен үкімет біздің металлургтердің жетіжылдық жоспарды орындауға сіңірген еңбегін жоғары бағалады. Зауод жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлерінің үлкен бір тобына Совет Одағының ордендары мен медальдары берілді. Балқытушылар бригадасының бригадирі коммунист Смағұл Үкібаев Ленин орденімен, балқытушылар Сертай Кеңжалин, Андрей Рудь, Хамиль Вафин Еңбек Қызыл Ту орденімен наградалды. Мұнан басқа жоғары наградаға ие болғандардың ішінде партияның XXIII съезінің делегаты краншы Фердаус Аққабылова, горновой Бекбатыров, слесарь Шамитько, қалыпшы Нұрғалиев және басқалар бар.

Партияның Орталық Комитеті сентябрь Пленумының жоспарлауды жетілдіре беру, өнеркәсіп өндірісін экономикалық жағынан көтермелеуді күшейту негізінде кәсіпорындарды жаңа экономикалық жүйеге көшіру жөніндегі шешімдері бүкіл еліміздегі сияқты біздің коллективте де жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің инициативасы мен творчестволық ой-өрісіне кең жол ашты. Коммунистер, барлық металлургтер: қол жеткен табыстар шек емес, тек ол бар мүмкіндіктің іске асқан бір бөлігі ғана, кәсіпорынның өскелең күш-қуаты, коллективтің жинаған тәжірибесі партия белгілеп отырған жаңа міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға, сөйтіп кәсіпорынның рентабельділігін мұнан да арттыра беруге көмектеседі деген берік шешімге келді.

Сөйтіп біздің зауод коллективі жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесіне көшуге әзірлік ісіне КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы өтісімен-ақ кірісті. Ең алдымен біз кәсіпорындағы экономикалық жұмысқа: цехтардың, бригадалардың, учаскелердің, бүкіл кәсіпорынның жұмысына экономикалық талдау жасауға, кадрлардың экономикалық білімін көтеруге баса көңіл бөлдік.

Біздің коллектив жетіжылдық жоспарды орындау жолындағы күрестің барысында-ақ экономикалық жұмыс жүргізу жөнінде елеулі тәжірибеге ие болған еді. Осының негізінде бізде зауод парткомында, цех

партия ұйымдарында, партия және кәсіподақ жиналыстарында бригадалардың, цехтардың және түрлі қызмет көрсету топтары жұмыстарының айлық, тоқсандық техникалық-экономикалық қорытындылары кеңінен талқыланып отырады. Цехтар мен бригадалардың айлық, тоқсандық есептеріне мына негізгі көрсеткіштер бойынша талдау жасалады: өнім өткізу жөніндегі жоспардың орындалуы, еңбек өнімділігі жөніндегі жоспардың орындалуы, өнімдердің өзіндік құнын арзандату жоспарының орындалуы. Әсіресе сапа көрсеткіштерінің жақсартылуына, жабдықтардың тиімді пайдаланылуына, жаңа техниканың енгізілуіне, социалистік жарысты, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың озық әдістерін қолдануға ерекше көңіл бөлінеді. Осы экономикалық талдаудың негізінде завод директоры бұйрық шығарады, онда ашылған кемшіліктерді жоюдың шаралары белгіленеді.

Партия ұйымы мен завод дирекциясы кадрлардың экономикалық білімін көтеру ісіне де ерекше көңіл бөлді. Өйткені партия мен үкімет белгілеп отырған экономикалық шаралардың ойдағыдай жүргізілуі өндірісті ұйымдастырушылардың экономикалық біліміне байланысты. Бізде басшы қызметкерлердің тұрақты жұмыс істейтін экономикалық семинары ұйымдастырылған. Оған цех, бөлім бастықтары, кәсіпорынның бас мамандары қатысады. Бұл семинардың жұмысын завод директорының экономикалық жұмыс жөніндегі орынбасары Г. М. Адоров жолдас басқарады. Соңғы айларда ғана семинарда «Шаруашылық есеп және оны нығайтудың жолдары», «Өндірістің негізгі қорлары және оны тиімді пайдалану жолдары», «Пайда және рентабельділік» сияқты проблемалар талқыланды. Мұндай проблемаларды талқылаудың бір тиімді жері: онда теориялық мәселелермен байланысты заводтың өндіріс жағдайына да толық талдау жасалуда. Семинарға қатысушылардың экономикалық жұмыс жөніндегі ұсыныстары біздің кәсіпорынның жаңа жүйеге көшуіне үлкен көмек болды. Бұл ұсыныстар қазір де оның жанаша жұмыс істеп, өндірістің тиімділігін арттыра беруіне көмектесуде.

Осымен бірге орта буын кадрлар — мастерлер, бригадирлер, жұмысшы активі үшін де экономикалық оқу ұйымдастырылған. Оны заводтың бас инженері В. М. Журавлев жолдас басқарады. Экономикалық оқудың бұл түрінде КПСС XXIII съезінің материалдары, Орталық Комитеттің сентябрь Пленумының шешімдері, социалистік кәсіпорын туралы Ереже кеңінен насихатталуда.

Партия комитеті мен завод дирекциясының жаңа жүйеге көшер алдында жүргізген әзірлік жұмысының қорытындысы жөнінде жалпы заводтық экономикалық конференция өткізілді. Конференцияда «Ферросплавтарды өндірудің экономикалық тиімділігін арттыру жолдары туралы» мәселе талқыланды. Конференцияның жұмысында металлургтер ерекше белсенділік көрсетті, олар өндірістің экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған жүздеген ұсыныстар енгізді. Бұл ұсыныстарды өндіріске енгізуден завод 400 мың сомдай пайда тапты.

Кәсіпорынның жаңа экономикалық жүйеге көшуге мүмкіндігі мен әзірлігі туралы мәселелер тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестерде де кеңінен талқыланды. Міне бұл шаралардың бәрі металлургтердің экономикалық, сол сияқты мамандық білімін көтере беруіне көмектесумен бірге жаңа экономикалық жүйеге көшу сияқты жауапты міндетті орындауға коллективті жаппай жұмылдыруды қамтамасыз етті.

Жаңа жүйеге көшудегі шешуші міндет — заводтың барлық учаскелерінің шаруашылық есепке көшуін қамтамасыз ету болды. Бұрын да біздің кәсіпорында шаруашылық есеп бар деп саналатын. Ол кезде шаруашылық есептің негізіне жалпы өнім шығару, еңбек өнімділігі, өнімдердің өзіндік құны сияқты көрсеткіштер алынып келді. Шаруашылық есепті бұлайша жүргізудің кемшілігі — әрбір цех жұмысының экономикалық нәтижесін — қанша нақты өнім өткізгенін, қанша пайда алғанын

есепке алуға болмайтын. Қазір басқаша, әрбір цехтың шаруашылық есебінің негізіне пайда, өнім өткізу, жалақының жалпы қоры алынады. Мұның артықшылығы, ол әрбір цехтағы өндірістің экономикалық тиімділігінің айнасы бола алады. Әрбір цехтың алған пайдасын анықтау үшін бізде қорытпалардың барлық түріне ішкі заводтық баға белгіленді.

Ішкі заводтық баға неден құралады? Ол цех шығарған өнімнің жоспарлы түсер құнынан, негізгі қор мен айналмалы қаржы үшін төленетін ақы мөлшерінен және цехтық сыйлық қорынан тұрады. Демек, цехтың белгілі бір мерзімде өткізген өнімінің құнынан бұл өнімдерді шығаруға жұмсалған шығын және негізгі қор мен айналмалы қаражат үшін төленетін ақша шығарылып тасталады, қалғаны цехтың таза пайдасы болады. Сыйлық қоры осының есебінен жасалады.

Ішкі заводтық бағаның бір артықшылығы — бұрын өндіріске аса қажетті, бірақ тиімсіз өнімдерді шығаруға әкімшіліктің араласуы керек болатын. Ал мұндай әкімшілік шаралар шынын айтқанда шаруашылық есепті жоққа шығаратын. Қазір заводтық ішкі баға мұндай өнімдерді шығаруда да цехтың пайда алуын қамтамасыз етті. Мұның өзі цехаралық өндірістік байланысты нығайтып, барлық цехтардың бірқалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

Кәсіпорынның жаңа жүйеге көшуінде және қазір оның ойдағыдай жұмыс істеуінде еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру лабораториясы елеулі роль атқаруда. Бұл лабораторияның құрылғанына онша көп уақыт болмаса да, ол бірсыпыра маңызды шараларды жүзеге асырды. Биылғы бірінші марттан бірінші июльге дейін еңбекті және өндірісті ұйымдастыруға көпшілік байқауы өткізілді. Осы байқаудың кезінде 400-ден астам ұсыныс түсті, оның жартысынан көбі осы кезде қолданылып жүр. Кейбір ұсыныстар лабораториялық сыннан өткізілуде. Мысалы, дайын өнімдер қоймасының бригадирі Бурковтың ыстық конверторлік феррохромды сүмен шаю туралы ұсынысы өндірісте сыналуда. Бұл әдіс шлақтың металдан айрылуын тездетіп, құймалардың таза болуына көмектесуге, оларды құю және тазарту жөніндегі жұмыстарды жеңілдетуге тиіс.

Біздің заводта көп уақытқа дейін даяр өнімдерді вагонға тиеу үлкен қиыншылық туғызып келді. Вагондар қолмен тиелді, осының салдарынан олардың орынсыз тұрып қалуы жиі болып жүрді. Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру лабораториясының қызметкерлері бұл учаскедегі еңбек ұйымдастыру мәселесін зерттеп, өздерінің ұсыныстарын енгізді. Қазір металдардың 70 проценті вагонға механизм күшімен тиеледі, мұның өзі вагондардың қарап тұруын жойды.

Жақында біздің заводтың бір топ металлургтері Нижний Тагиль металлургия, Челябинск, Серов ферросплав заводтарында творчестволық командировкада болып, олардың еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру тәжірибелерімен танысып қайтты. Олардың есептері заводтың техникалық советінде талқыланып, Урал заводтарының тәжірибесінен біздің жағдайымызға сай келетін еңбек ұйымдастыру тәсілдері іріктеп алынды, оны пайдаланудың шаралары белгіленді.

Жаңа шаруашылық реформасын жүзеге асыру әрбір металлургтен экономика мәселесіне терең үнілуді, есептей білуді, жұмыстың нәтижесіне күнделікті талдау жасап отыруды, сөйтіп өндірістің тиімділігін арттырудың жолдарын іздеу күресіне белсене қатысуды талап ететінін біздің алғашқы тәжірибеміз айқын көрсетіп отыр. Жаңа экономикалық жүйенің ойдағыдай жүзеге асырылуы кәсіпорын коллективінің белсенділігіне, әрбір еңбеккердің өндірістің тиімділігін арттыра беруге мүдделілігіне байланысты. Міне сондықтан да партия ұйымы өз жұмысында осы мәселелерге баса көңіл бөлуде.

Жақында партия комитетінің инициативасымен заводта партия-шаруашылық активінің жиналысы өткізілді. Онда коллективтің жаңа жағ-

дайда жұмыс істеуінің алғашқы қорытындылары талқыланды. Завод жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесі бойынша жұмыс істеген аз уақыттың ішінде елеулі табыстарға жетті. Коллектив жаңа көтеріңкі жоспарды ойдағыдай орындауда. Айта кететін бір жай, жоспарлаудың ескі тәртібі жағдайында кәсіпорын басшылары жоспарды неғұрлым аз алуға тырысатын. Және де мұндай кәсіпорын неғұрлым қолайлы жағдайда болатын, сыйлық алатын.

Біздің коллектив жаңа жағдайда жұмыс істей отырып, биылғы жеті айда товарлы өнім өткізудің жоспарын 104,7 процент, оның ішінде екінші тоқсанның жоспарын 107,8 процент орындады. 100 мың сомнан астам жоспардан тыс пайда алды. Осы уақыттың ішінде еңбек өнімділігін арттыру жоспары 106 процент орындалды. Еңбек өнімділігі екінші тоқсанда бірінші тоқсандағы жеткен дәрежесінен 4 процент жоғары болды. Міне бұл көрсеткіштер өндірістің қарқыны артып, жаңа жүйе өзінің өмірлік күшін терең аша түсіп келе жатқанын көрсетеді.

Мұның бәрі алғашқы кейбір нәтижелер ғана. Бізде жаңа жүйеге көшу ойдағыдай басталды деп айтуға болады. Ол әлі аяқталған жоқ. Дегенмен қазірдің өзінде үзілді-кесілді жасауға болатын бір қорытынды: жанаша жұмыс істеу кәсіпорынның басшыларынан, инженер-техник қызметкерлерінен бастап қатардағы жұмысшыларына дейін олардың белсенділігін, инициативасын, қоғамдық өндірістің тағдыры үшін жауапкершілігін бұрын болмаған дәрежеге көтерді. Міне мұны партия ұйымы кәсіпорынның жаңа жүйе бойынша келешекте де ойдағыдай жұмыс істей беретінінің кепілі деп есептейді. Екінші тоқсанның қорытындысы бойынша біздің завод еліміздің қара металлургия кәсіпорындарының бүкіл одақтық жарысында екінші орын алды, оған ақшалай сыйлық берілді. Бұл біздің коллективтің мүшелерін бұрынғыдан да жігерлендіре түсті.

Экономикалық жаңа жүйенің тағы бір артықшылығы, өндірістің тиімділігі артуымен байланысты — жұмысшылар мен қызметкерлерді экономикалық жағынан көтермелеу қоры жасалды. Қазірдің өзінде біздің заводта мұндай қордың көлемі 323 мың сомға жетті. Биылғы 1 апрельден бастап жұмысшыларға, инженер-техник қызметкерлерге сыйлық ақы берудің жаңа ережесі іске асырыла бастады. Жұмысшылардың жалақысы көтермелеу қорының есебінен алған сыйлық ақыларын қосқанда айына орта есеппен 8 процент артты. Мысалы, силикохром блогы жұмысшыларының орташа айлық жалақысы әр адамға шаққанда бірінші тоқсанда айына 180 сом болса, екінші тоқсанда 198 сомға жетті.

Осымен бірге завод қызметінің экономикалық тиімділігі артуы нәтижесінде биылғы жылдың 9 айы ішінде әлеуметтік-мәдени қордың көлемі 147 мың сомға жетті. Бұл қаржы завод жұмысшылары үшін тұрғын үйлер, балалар мекемелерін салуға және басқа мәдени-тұрмыстық шараларға жұмсалады. Сол сияқты өндірісті өркендету қорының мөлшері 254 мың сомға жетті. Бұл өткен жылғыдан екі есе көп. Қазір бізде осы қаржының есебінен даяр өнімдерді сақтайтын қойма және жаңа балқыту цехы салынып жатыр.

Завод өндірісінің тиімділігі және оның пайдалы жұмыс істеуі нәтижесінде жасалатын бұл қорлардың молая беруіне әрбір жұмысшы мүдделі. Өйткені бұл қорлар өндірісті өркендетуге, еңбек жағдайын жақсартуға беруге, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін көтере беруге қызмет етеді.

Завод коллективі жұмыстың жаңа жүйесіне көше отырып, қазір өзінің бесжылдық жоспарын зор ынта-жігермен талқылауда. Заводта шығарылатын өнімнің жалпы мөлшері бесжылдықтың ішінде екі есе ерттырылады. Әсіресе өнімнің сапасын арттыруға, қорытпалардың жаңа түрлерін өндіруді игеруге баса көңіл бөлінбекші. Бұл үшін қазіргі жұмыс істей тұрған жабдықтар мен агрегаттарды жетілдіре беру және қайта құру мақсаты көзделіп отыр.

Жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесіне көшу завод коллективі жұмысының осал жақтарын да көрсетіп берді, сонымен бірге кәсіпорын коллективінің алдына бірсыпыра жаңа проблемаларды қойды.

Өндірістің тиімділігін арттыру жолындағы күрес өнімдердің сапасына қатаң талап қояды. Сапалы өнімдер ғана тез өтеді. Осыған байланысты заводқа рудниктер беретін шикізаттың сапасы да елеулі проблемаға айналды. Соңғы кезде Донской руда басқармасы бізге сапасы нашар руда бере бастады. Бұл жағдай заводтың жұмысына салқын тигізуде. Сондықтан Донской руднигінде байыту фабрикасын салуды тездеткен жөн.

Жедел шешуді талап ететін екінші бір мәселе — осы бесжылдықта Ақтөбе бу электр станциясын табиғи газға көшіру. Сонда электр энергиясының түсер құны арзандай түседі. Мұның біздің заводтың шығаратын өнімдеріне, әсіресе оның өзіндік құнын арзандатуға тигізер әсері зор. Ферросплав өндірісі электр қуатын өте көп қажет етеді. Біздің заводтың шығарған қорытпаларының өзіндік құнында электр қуатының құны 45 процент орын алатынын айтсақ, бұл проблеманың маңызы өзінен өзі түсінікті болады. Экономистердің есебі бойынша Ақтөбе бу электр станциясын табиғи газбен жұмыс істеуге көшіру электр энергиясының құнын қазіргіден екі есе арзандатады. Бұл Ақтөбе заводы шығаратын қорытпаларды неғұрлым рентабельді өнімдерге айналдыра еді.

Партияның тарихи XXIII съезі бүкіл совет халқымен бірге металлургиягердің алдына да үлкен міндеттер қойды. Біздің коллективтің әрбір мүшесі бұл міндетті орындаудағы өз орнын, өз жауапкершілігін терең түсіне отырып, өндірістің тиімділігін арттыра беру жолында творчестволықпен аянбай жұмыс істеуде.

Мұның бәрі үлкен істің бастамасы ғана екенін, алда өндірісті ұйымдастыруды жетілдіре беру жолында күрделі міндеттер тұрғанын завод коммунистері мен жұмысшылары жақсы түсінеді. Олар келешекте де экономикалық реформаны толық жүзеге асырып, ферросплав өнімдерінің рентабельділігін арттыра беру жолында қажырлы күрес жүргізе береді.

**Н. ЛОКТЕВ,**

Ақтөбе ферросплав заводы партия  
комитетінің секретары.



# ИГІ ШАРАЛАР АЛҒА БАСТАЙДЫ

КПСС Орталық Комитетінің март (1965 ж.) Пленумы елімізде ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің жаңа программасын жасап берді. Пленум ауыл шаруашылығына басшылық жасауда орын алған кемшіліктерді және оны туғызған себептерді жан-жақты ашып көрсетті. Атап айтқанда, өндірісті жоспарлау, егіншілікті орналастыру, кредит, баға белгілеу жөнінде, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімдерін дайындауда көптеген кемшіліктер жіберілді. Бұрын шаруашылықта өсірілетін мал саны, түлігі, олардан алынатын өнім барлығы да жоғарыдан белгіленіп берілетін. Шаруашылықтың ішкі мүмкіндіктерін ескермей, істің байыбына бармай осылайша қара дүрсін басшылық жасаудан көптеген шаруашылықтар артта қалып келді. Пленум бұл қателіктерді түзетудің нақты шараларын белгіледі. Содан бері еліміздің ауыл шаруашылығының дамуында жаңа бетбұрыс, соны серпін, дұрыс бағыт қалыптасты. Осы мерзімнің ішінде Пленум белгілеген шаралар байыпты сыннан өтіп өзінің өміршеңдігін, колхоздар мен совхоздардың, бүкіл совет халқының мүддесіне сай келетіндігін көрсетті. Әсіресе бұрын артта қалған сала— мал шаруашылығының жылдам өркендеп келе жатқаны байқалады.

Соңғы жылдарға дейін мал шаруашылығы жөніндегі жоспарлы көрсеткіштердің бірде-бірін орындамай келген Индер ауданының Жамбыл атындағы совхозы КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы тудырған қолайлы жағдайларды пайдалана отырып, мал шаруашылығы жөнінде елеулі табыстарға ие болуда. Бұған совхоздар үшін мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың бірнеше жылға арналған тұрақты жоспарының белгіленіп берілуі үлкен әсер етті. Сайып келгенде, мұның өзі шаруашылық басшыларының, коллективтің ішкі мүмкіндікті дұрыс пайдалануына қолайлы жағдай туғызды. Олар фермаларда қандай мал ұстау керектігін, қандай қора салу, жемшөл базасын қандай бағытпен өркендету қажеттігін күн ілгері есептей алады. Қысқасы, Пленум шешімдеріне сәйкес совхоз жұмысшылары мен мамандарының мал шаруашылығы өнімдерін мол өндірудің барлық мәселелерін іскерлікпен творчестволық тұрғыдан өздерінің шешуіне еркіндік берілді.

Міне осы мүмкіндіктерді жамбылдықтар совхоз экономикасын көтеруге қалай пайдаланып отыр? 1964 жылы совхоз басшылары мен бас мамандары іскер кадрлармен нығайтылған-ды. Олар март Пленумының шешімдерін жүзеге асыруға кірісті. Мал шаруашылығының бұл совхоз үшін ең тиімді саласы—қаракүл қой шаруашылығын жедел өркендетуді қолға алды. Совхоз басшылары мен мамандары қаракүл елтірісінің сапасын арттыруға, ол үшін мал тұқымын асылдандыру мәселесіне алғашқы күннен бастап-ақ назар аударды. Отарларды саулықтардың жасына, воқына, тұқымына қарап сұрыптап ұйымдастыру қолға алынды. Бұрынғыдай мал басының өсу жоспары кеміп кетеді деп хауіптенбестен кәрі қойларды жайып семіртіп, етке өткізді. Олардың орны жас, сапалы өнім беретін малмен толықтырылып тұрды. Осы шараларды жүзеге асыру нәтижесінде көп қаржы үнемделді, совхоз кассасына мол табыс түсті.

Төл алуда да алдыңғы жылдармен салыстырғанда әлдеқайда ілгері басқандық бар. Төлдейтін әрбір жүз малдан: 107-ден қозы, 48-ден бұзау, 91-ден құлын алынды. Совхоз мемлекетке 3 669 центнер ет, 1 500 центнер сүт, 868 центнер жүн тапсырып, жоспарды артығымен орындады. 1966 жылдың бірінші жарты жылдығында совхоз коллективі қойды 40 576, сиырды 1 709, жылқыны 1 450 басқа жеткізіп, әр жүз саулықтан 141 қозыдан алды.

Март Пленумынан кейін тиянақты жоспар белгіленуі, мал шаруашылығы өнімдерінің мемлекетке сатып алу бағаларының арттырылуы, сондай-ақ жоспардан тыс өнімді көтеріңкі баға бойынша сатып алу жүйесін белгілеу совхоз коллективінің жемісті жұмыс істеуіне кең өріс ашып, өз ісіне сенімділік тудырды. Осының нәтижесінде жамбылдықтар мемлекетке мал өнімдерін тапсырудың биылғы жарты жылдық жоспарын асыра орындады. Мемлекетке 1 358 центнер ет, 705 центнер сүт, 10 000 дана сапалы қаракүл елтірісі сатылды. Бұдан екі-үш жыл бұрын аудандағы ең артта қалған шаруашылықтың бірі болып келген бұл совхоз қазір озаттар санатында. Алдыңғы жылдарды зиямен аяқтаған шаруашылықтың коллективі, өткен жылдың құрғақшылық болғанына, мал азығының тапшы болуына қарамастан, 1965 жылды 65 мың сомдай таза пайдамен аяқтап шықты. Бұл көрсеткіштер совхоздың қазіргі мүмкіншілігінен әлі де төмен жатыр, дегенмен совхоздың бір жыл ішінде экономикалық жағынан шыққан белесі оның үздіксіз өсуін паш етеді. Бесжылдықтың бастамасы үстіміздегі шаруашылық жылын 100 мың сомнан астам таза пайдамен аяқтамақ. Мұның негізі қазірдің өзінде жасалды. Совхоз мал өсірушілері биыл жоспардан тыс 6,5 мыңдай қозы, 40 центнер жоғары сапалы жүн алды.

Шаруашылықты неғұрлым тиімді жүргізу үшін жергілікті жерге кең инициатива берілуі бүкіл коллективті еселі еңбекке ынталандыра түсті. Негізгі өндірістік қорларды неғұрлым толық қуатымен пайдалану, өндірістік процестерді механикаландыру, малды жайып семірту, мал азығын үнемдеу арқылы өнімнің өзіндік құнын арзандату жолындағы күрес қыза түсті. Совхоз орталығынан ірілендірілген қой қыркү пункті салынды. Қой қыркү, жүн сұрыптау, агрегаттардың пышағын қайрау жұмыстарының бір орталыққа шоғырлануы еңбек өнімділігін едәуір арттыруға әсер етті. Бір жыл ішінде 20-дан астам моторлы құдықтар салынды.

Мал өнімдерінің өзіндік құнын арзандату шараларының тағы бірі — мал азығын үнемдеу. Жемшөпті малға ұқсатып беру нәтижесінде өткен жылы жүз тоннаға жуық мал азығы үнемделді. Мал семірту де жақсы ұйымдастырылған. Совхоз бойынша етке өткізілетін сиырдың орташа салмағы 217 центнерден белгіленген болса, совхоз бақташылары әр сиырдың орташа салмағын 335 центнерге жеткізді. Жылқының әрқайсысы 225 килограмнан етке өткізу белгіленген болса, іс жүзінде 286 килограмнан тапсырылды.

Сайып келгенде осылардың бәрі мал шаруашылығы өнімінің өзіндік құнын арзандата беруге ықпал жасауда. Егер 1964 жылы бір центнер сиыр етінің өзіндік құны 301 сом, қой еті — 93 сом, бір қаракүл елтірісінің өзіндік құны 12 сом болса, 1965 жылы бір центнер сиыр етінің өзіндік құны 152 сом, қой еті — 66 сом, бір қаракүл елтірісінің өзіндік құны 10 сом болды. Өнімнің түсер құнын кеміте түсу жолында еңбек ету совхоз коллективінің алдағы уақытта да негізгі мақсаттарының бірі болып қала бермек.

ҚПСС Орталық Комитетінің март Пленумында совхоздарды толық шаруашылық есепке көшіру міндеті қойылды. Осы арқылы совхоздардың шаруашылықтан алған таза пайдасы олардың өздерінде қалдырылып, оны шаруашылықты кеңейтуге, күрделі құрылысқа, озат еңбеккерлерді көтермелеуге, жұмысшылар мен қызметшілердің мәдени-тұрмыс жағдайын жақсартуға пайдалану мүмкіндіктері туатыны атап көрсетілді.

Бұл коллектив үстіміздегі жылдың екінші жартысында ауданда бірінші болып шаруашылық есепке көшті. Шаруашылық есепке көшер аяғында партия ұйымының тікелей басшылығымен оған дайындық жұмыстары жүргізілді. Коммунистер шаруашылық есеп негізгі және айнал-

малы қорды тиімді пайдалануды талап ететінін әрбір еңбеккерге жете түсіндірді.

Сонымен бірге совхозда өндірісті ұйымдастыру жүйесі, әкімшіліктің штаты, жұмыс нормасы, мал күту, жағар және жанар май жұмсау нормалары қайта қаралған.

Ішкі шаруашылық есептің (фермаларда, бригадаларда) тағы бір маңызды жағы — оның тәрбиелік ықпалының күштілігінде. Шаруашылық есеп өндірістік тапсырмалардың орындалуына адамдардың жауапкершілігін арттырады, оларды ысырапқорлыққа жол бермей, үнемшіл болуға үйретеді. Мәселен, мал азығын ұқыпты жұмсап үнемдеу қажеттігін, оның еңбек көрсеткіші үшін үлкен маңызы бар екенін қазір әрбір шопан түсінеді. Шаруашылық есепке көшкен фермадағы машинаның, трактордың немесе техниканың бірі бұзылып істен шығып қалуына ешкім де жол бермейді. Өйткені ішкі шаруашылық есеп жүйесімен жұмыс істейтін фермада негізгі өндірістік қорды (техниканы) пайдаланғаны үшін ақша ұсталады, яғни ферма жұмысшыларының еңбек ақысына мұның тікелей әсері тиеді. Ал бұрын бұзылып жатқан техникаға көп адам назар аудармайтын-ды.

Шаруашылық есеп — социалистік мемлекеттің экономикалық шаралар жүйесіндегі қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыратын шара. Олай болса, шаруашылық есепке толық көшу — қоғамдық еңбектің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, табысы аз шаруашылықтардың экономикасын көтереді. Сондықтан да КПСС XXIII съезінің халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспары жөніндегі Директиваларында совхоздарды шаруашылық есепке көшіру қажеттігі айтылып, март Пленумының бұл жөніндегі шешімдері құпталды.

Съезд белгілеген осы міндетті жүзеге асыру жөнінде совхоз басшылары мен мамандарының көптеген ұсыныстары мен пікірлері бар. Қаржыландыру жүйесін ұзақ мерзімді кредит берумен ауыстыру, сондай-ақ өндірісті табысты жүргізудегі материалдық ынталандыру арқылы совхоздарды толық шаруашылық есепке көшіре салу жетімсіз сияқты. Совхоздардың правосын кеңейте түскен жөн, — дейді олар. Еңбек ақы қорын, сондай-ақ күрделі құрылысқа жұмсалатын қаржы мөлшерін совхоздардың өзі шешетіндей дәрежеге жеткізу қажет деген пікірлері жоспарлау органдарындағыларға ой салса керек. Өйткені, бұл шаралар шаруашылық есепті практикалық істе қолдануды жетілдіре түседі. Сонда өндірістің әрбір саласын ұлғайту шаруашылықтың болашағына сәйкес жүргізілер еді. Қазіргі уақытта жоспарлау органдары күрделі құрылыс мөлшерін совхоздар сұрағаннан әлдеқайда төмен белгілейді. Құрылысқа бөлінген қаржыны тиімді пайдалану үшін совхоздарға кең право берілгені жөн. Сонда, март Пленумында атап көрсетілгеніндей, өндірістік құрылыстарды қоғамдық малдың түлігіне қарай белгілеуге, совхоз басшыларының қай жерден, қалай, не салу керектігін өздерінің шешуіне болады.

Март Пленумына дейін бастауыш партия ұйымдарының шаруашылық қызметіне ықпалы нашар болғаны мәлім. Бір кезде жоғарыдан үсті-үстіне беріліп жататын даурықпа нұсқаулар олардың шаруашылықтың жағдайына шын мәнісінде тереңірек үңілуіне мүмкіндік бермеді. Шаруашылықты жергілікті жердің ыңғайына қарай икемдеп жүргізу жөніндегі коммунистердің инициативалары қолдау таппай келді. Адамдармен, бұқарамен жұмыс жүргізу дәрежесі төмен болды. Ауыл шаруашылығын жедел өркендету жөніндегі март Пленумы ұсынған экономикалық шаралар партияның ұйымдық басшылығын жаңа дәрежеге көтеруді талап етті. Жамбыл атындағы совхоздың партия ұйымы да осы талаптар дәрежесіне сәйкес едәуір жұмыстар жүргізген.

Атап айтқанда, партия ұйымы адамдармен жұмыс істеуді жақсартып, бұқарамен байланысын нығайтты. Мамандардың өндірісті жетіл-

діру жөніндегі инициативасы қызу қолдау тауып, олардың ролі арттырылды. Озат әдістерді өндіріске енгізу партия ұйымының төл ісіне айналды. Совхозда 92 коммунист бар. Оның 78 проценті өндірістің шешуші буындарына жіберілген. Мал шаруашылығында 40 коммунист шопан, көмекші шопан, бақташы, сауыншы болып істесе, 20 коммунист сушы және механизатор. Коммунистердің көпшілігі ерен еңбектің үлгісін көрсетуде. № 1 ферманың шопаны Битанов Тәжіғұл төрт жыл бойы әр жүз саулықтан 130-135 қозыдан алып, орта есеппен әр қойдан 3,8 килограмнан жүн қырқып келді. Үстіміздегі жылы отарындағы саулықтың әр жүзінен 155-тен қозы алды. Үкімет оның бұл еңбегін жоғары бағалап жуықта Ленин орденімен наградтады. Сол сияқты коммунистер З. Өтепқалиев, Қ. Қапашев екінші тыңды игерушілердің алдыңғы сапында келеді.

Совхоз партия ұйымы кадрларды орналастыруға зейінмен карап, олардың өндірістік орнын неғұрлым дұрыс табуға талпынуда. Мәселен № 2 фермадағы жағдай көңілдегідей болмады. Партия ұйымы қабілетті ұйымдастырушы, инициативалы коммунист М. Жаналисов жолдасты сол ферманың коллективін басқаруға жіберді. Мұнда Жаналисов жолдас өзінің нағыз өндіріс командирі екенін танытты. Осында өткізілген зоотехникалық конференцияда шопандар ферма бойынша 130-дан төл алуға міндеттенген еді. М. Жаналисов жолдас басқаратын ферма совхоз бойынша СЖК препаратын бірінші болып қолданды. Соның нәтижесінде фермадағы саулықтардың әр жүзінен 155-тен қозы алынды. Ферма коллективі совхоз дирекциясы мен партия ұйымының ауыспалы Қызыл туын қолдарында берік ұстауда. Осы ферманың шопаны комсомолец Ескараев Кенжебайдың отарындағы саулықтың әр жүзінен 163-тен қозы алынды. Сөйтіп жас жігіт совхоздың 1966 жылғы ең үздік шопаны деген құрметті атаққа ие болды, бағалы сыйлықтар алды.

Совхоз партия ұйымы село еңбеккерлері арасындағы саяси-көпшілік жұмыстарын зерделі ұйымдастырған. Парткомның қарауындағы 45 үгітші, штаттан тыс 25 саяси баяндамашы КПСС XXIII съезінің тарихи шешімдерін кеңінен насихаттауда. Съезд шешімдері совхоз еңбеккерлерінің жүрегіне жаңа қуаныштың, жаңа мақсаттың, еңбекте жаңа лептің сәулесін құйып, бесжылдықтың биік белестерін жүзеге асыруға жұмылдыруда. Партия ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің нақты программасын жасаумен бірге село еңбеккерлерін материалдық жағынан ынталандыру принциптерін дұрыс қолдану қажеттігін көрсетті. Совхоздың бесжылдық жоспары мықты экономикалық негізге сүйеніп жасалған. Нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, совхоз коллективі бесжылдықтың аяғында қой санын 38 мыңға, ірі қараны 2 200-ге, жылқыны — 1 500-ге жеткізбек. Сонымен қатар мемлекетке ет тапсыру қазіргіге қарағанда 1,5 есе, жүн — 123 процент, қаракүл елтірісін тапсыру екі есеге жуық артады. Құрылыс жұмыстары да кеңінен өрістетілмек. 60-қа жуық тұрғын үй, сондай-ақ аурухана, балалар бақшасы салынады. Совхозға жоғары қуатты электр жүйесінен ток келеді. Село еңбеккерлерінің үйінде газ жанатын болады. Мұның бәрі совхоз коллективін бесжылдықты мерзімінен бұрын орындауға құлшындыра түсуде.

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы тудырған қолайлы жағдайларды пайдалана отырып, жамбылдықтар шаруашылық есепті игеру, өнімнің өзіндік құнын арзандату, жайылымды, ауыл шаруашылық техникасын дұрыс пайдаланудың шешімін табуды мақсат етіп отыр. Өндірісті интенсивті жүргізу, соның нәтижесінде еңбекті аз жұмсап, мол өнім алу жолдарын қарастыру — совхоз коллективінің ардақты міндеттері.

М. БӨЛЕКБАЕВ.

Гурьев облысы.

## БІЛІМ БҰЛАҒЫ МЕКТЕПТЕ

Қ. ЖАНАЕВ,

*Қазақстан КП Орталық Комитетінің ғылым және оқу орындары бөлімі меңгерушісінің орынбасары*

Биылғы, 1966—1967 жылғы оқу жылы — мектептерде КПСС XXIII съезінен кейінгі бірінші оқу жылы. Мұның өзі халық ағарту орындарына, партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарына оқу сапасын арттыру, жас өспірімдерге коммунистік тәрбие беру жөнінде іргелі міндеттер жүктеп, жана талаптар қояды.

Коммунистік партия совет жастарын, оның ішінде мектеп оқушыларын тәрбиелеуге ерекше маңыз береді. Балалар тәрбиесі — күрделі, жауапты іс. Коммунизмнің болашақ жалынды күрескерлерін шыңдау мектептің, семьяның, жұртшылықтың бірлесіп қимыл жасауын керек етеді. КПСС XXIII съезі «Комсомолды, жастарды совет халқының, Коммунистік партияның революциялық, еңбектегі және жауынгерлік дәстүрлері негізінде тәрбиелеу — аса маңызды міндеттердің бірі. Бұдан былайғы жерде де жігіттер мен қыздардың бойында жоғары идеялық сенім мен партия ісіне адал берілгендікті, социалистік Отанға деген сүйіспеншілікті, оны қорғауға әзір тұрушылықты, социализм елдерінің еңбекшілеріне деген туысқандық достық сезімді, барлық қаналушылар мен езілушілерге деген интернационалдық тілектестікті тәрбиелей беру керек» деп көрсетті.

Балалар мен жас ұландарды Отанның абзал азаматы етіп өсіруде, оларды адалдыққа, шыншылдыққа, еңбек сүйгішілікке, қайырымдылыққа, мәдениеттілікке, патриотизм мен интернационализмге тәрбиелеуде бастауыш, сегіз жылдық, орта мектептердің ролі үлкен. Мектеп өз шәкірттеріне жалпы біліммен қоса идеялық-саяси тәрбие береді, коммунизмнің жан-жақты жетілген, ер жүрек күрескерлерін даярлайды.

Соңғы жылдары біздің республикамызда мектептердің оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда едәуір табысқа қол жетті. Жергілікті партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, халық ағарту органдары тарапынан мектептерге басшылық, көмек күшейді. Мектептердің материалдық базасы нығайып келеді. Жаңадан әлденеше мектептер салынып, оқу кабинеттеріне ең тәуір құрал-жабдықтар бөлінуде. Педагог кадрларын даярлау, мұғалімдердің идеялық-теориялық дәрежесін көтеру сияқты нгілікті шаралар жылма-жыл қай облыста, қай ауданда болсын жүзеге асып жатады. Республикамызда тұңғыш рет мұғалімдердің білімін жетілдіретін Орталық институт құрылды. Оқу құралдары көптеп шығарылып, олардың сапасы жақсара түсті.

Мұғалімдеріміздің басым көпшілігі партия мен үкіметтің тамаша қамқорлығына өздерінің абыройлы еңбегімен жауап беріп, коммунистік құрылыстың ортақ ісіне лайықты үлес қосуда. Соңғы уақытта мектептердің оқытушылар коллективі оқу мен тәрбиенің әдіс-тәсілдерін жетілдіруге баса назар аудара бастады. Мұның оқушылар білімі мен тәртібіне нгі әсері тимей қойған жоқ. Біздің республикада 9 мыңға жуық мектеп, 24 мыңнан астам мұғалім өз оқушыларын бір класта екі жыл қалдырып

көрген емес. Бізде оқытушылар қауымы творчестволықпен жұмыс істейтін, оқушылардың жалпы білімін және политехникалық, еңбек даярлығын жақсартып отырған мектептер көп. Мұндай мектептерде өмірмен, коммунистік құрылыс міндеттерімен байланыс та тәуір.

Мәселен, Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Үңгіртас мектеп-интернатын алайық. Бұл мектеп-интернатта оқу-тәрбие жұмысы жақсы жолға қойылған. Мектептің оқытушылар коллективі шәкірттердің ғылым негіздерін терең үйренуіне, олардың ғылыми, материалистік дүниетанымын қалыптастыруға, коммунистік саналылығын арттыруға күнделікті көңіл бөліп отырады. Мектеп мұғалімдері ұстаздық өнердің мәдениеті үшін, мектеп үйінің тазалығы, көркем безендірілуі үшін күрес жүргізеді. Олар өздерінің күнделікті қызметінде комсомол, пионер ұйымдарына арқа сүйейді.

Үңгіртас мектеп-интернатында методикалық жұмыстың дәрежесі айтарлықтай. Мұнда озат тәжірибе секциялары бар. Мұғалімдер творчестволық еңбектің өнегесін көрсетіп, сабақтарда тиімді әдістерді жиі қолданады, көрнекі және техникалық құралдарды пайдаланады, оқушылардың программалық материалдарды толық меңгеруіне жетіседі. Оқытушылар коллективінің жемісті еңбегі нәтижесінде мектептегі 11 класстың 7-і толық үлгірімге жетті. 13 мұғалім өткен оқу жылын ойдағыдай аяқтады, бұларда класынан көше алмай қалған бала болған жоқ. Оқу-тәрбие жұмысын жақсы жолға қойғаны үшін Үңгіртас мектеп-интернатының директоры Жадрин Жұмабайға Қазақ ССР-інің мектепке еңбек сіңірген мұғалімі деген құрметті атақ берілді. Екі мұғалім «Халық ағартудың үздігі» белгісімен, 12 мұғалім мен тәрбиеші Қазақ ССР Оқу министрлігінің грамоталарымен наградталды.

Сол сияқты Шымкент облысы, Ленин ауданының Ленин атындағы орта мектебі, Қостанай облысы, Федоров ауданының Чехов бастауыш мектебі, Алматы облысы, Талдықорған ауданының Луначарский атындағы орта мектебі оқу-тәрбие жұмысында жылма-жыл елеулі табысқа жетіп келеді.

Республикамызда ұстаздық өнердің шеберлері толып жатыр. Олар өз ісін мінсіз атқарып, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, жетілген әдістері мен түрлерін іздестіріп, таба біледі, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласады. Сондықтан да олар халық құрметіне бөленген. Алматы қаласындағы № 2 орта мектептің ағылшын тілінің оқытушысы И. Тюфанова, Орал облысының Қазақстан поселкесіндегі № 1 орта мектептің оқытушысы Ю. Фокин, Қызылорда қаласының Орджоникидзе атындағы орта мектебінің бастауыш кластар мұғалімі Б. Жұмаева, Қарағанды қаласындағы № 34 сегіз жылдық мектептің оқытушысы К. Жакыпов міне осындай ұстаздар.

Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру, халық ағарту қызметкерлерінің озат тәжірибесін тарату, ұстаздардың алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай туғызу мәселелері партия комитеттерінің бюро мәжілістері мен пленумдарында, партия-совет активінің жиналыстарында, мектеп бастауыш партия ұйымдарының семинарларында жиі талқыланатын болды. Балалар тәрбиесіне өндірістік коллективтер де көңіл бөліп жүр.

Өткен жылдың аяғында Алматы қалалық партия комитетінің пленумы партия ұйымдарының жастар арасындағы идеялық-саяси тәрбиені жақсарту жөніндегі міндеттері туралы мәселе қарады. Пленумының ұйғарымы бойынша «Балаларымыздың болашағы үшін бәріміз де жауаптымыз» деген тақырыпта ата-аналардың қалалық конференциясы өткізілді. Конференция ата-аналар мен қоғамдық ұйымдарға едәуір түрткі болып, оқушылар арасындағы тәрбие жұмысын жақсартуға түсуге үлкен себін тигізді.

Республикамызда оқытушылар коллективі мен жұртшылықтың қызметін үйлестіру жөніндегі екібастұздықтардың тәжірибесі барған сайын

кең тарап келеді. Қазір көптеген қалалық және аудандық партия комитеттерінің жанынан балалар мен жастарға коммунистік тәрбие беру жөнінде советтер құрылды. Мысалы, Лениногор (Шығыс Қазақстан облысы) қалалық партия комитетінің коммунистік тәрбие жөніндегі советі жақсы жұмыс істейді. Советтің жанында эстетикалық, дене шынықтыру, мектепке дейінгі тәрбие, балалардың демалысын ұйымдастыру жөніндегі секциялар бар. Балалар мен жас өспірімдер тәрбиесіне Қарағанды қаласының жұртшылығы да ойдағыдай қолғабыс тигізіп келеді. Қаланың барлық ірі кәсіпорындары мен құрылыстарында мектепке көмектесу советтері жұмыс істейді.

Жұртшылықтың оқушыларға коммунистік тәрбие беру ісіне құлшына ат салысуы — бүгінгі күндерге тән құбылыс. Өйткені қаншама еңбек сүйгіш, қаншама талантты болғанымен, мұғалімге жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу өте қиынға соғады. Сондықтан бұл істе оған ата-аналардың, кәсіпорын, мекеме коллективтерінің, әртүрлі қоғамдық ұйымдардың көмегі қажет.

Соңғы жылдары мектеп бастауыш партия ұйымдарының ролі артты. Мектеп партия ұйымдары бұрынғыдан едәуір нығайып, олардың белсенділігі күшейді. Олардың көпшілігі өздерін жақсы ұйымдастырушы, шебер тәрбиеші ретінде көрсетіп, оқытушылар коллективінің шын мәнісіндегі жетекшісі болып алды. Бізде ұстаз қызметіне, сабақтардың идеялық-ғылыми дәрежесіне терең үнілетін, тәрбие жұмысымен байыпты шұғылданытын мектеп бастауыш партия ұйымдары аз емес.

Ақтөбе қаласындағы № 13 мектептің бастауыш партия ұйымы оқу-тәрбие жұмысын өзінің басты міндеті санайды. Мектеп коммунистері ғылым негіздерін оқытудың идеялық-теориялық дәрежесін арттыруға, мұғалімдердің озат тәжірибесін таратуға, оқушыларға коммунистік тәрбие беру ісін жақсартуға күнделікті көңіл бөледі. Мектепте өткізілетін партия жиналыстарында оқу мен балалар тәрбиесінің өзекті мәселелері жиі-жиі талқыланады.

Қазіргі уақытта партия комитеттері мектеп партия ұйымдарының жұмыс стилін жетілдіру қамын көздеуде. Целиноград, Қарағанды, Семей, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитеттері мектеп партия ұйымдары секретарьларының семинарын өткізді. Бұл семинарларда оқушы жастардың коммунистік тәрбиесіне партия басшылығы, мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру, мектептің қоғамдық ұйымдармен байланысын нығайту сияқты мәселелер сарапқа салынды. Мектеп партия ұйымдарының секретарьлары семинарларда жалпыға бірдей міндетті оқу заңын жүзеге асыру, оқушыларға еңбек, атеистік, эстетикалық, интернационалдық, әскери-патриоттық тәрбие беру жөнінде өзара тәжірибе алмасып, комсомол, пионер ұйымдарына басшылық, партия жұмысын жоспарлау, партия жиналыстарын даярлап, өткізу, коммунистердің саяси оқуын ұйымдастыру жайынан пікір алысты.

Алайда осындай жетістіктермен бірге кейбір партия ұйымдары мен халық ағарту органдарының мектептерге басшылығында елеулі кемшіліктер орын алып отыр.

Республикамыздың бірқатар мектептерінде ғылым негіздерін оқыту дәрежесі төмен, сондықтан шәкірттер жүйелі білім ала алмай жүр. Мұның басты себебі, жеке мұғалімдер оқушылардың ғылым-білімге ынта-ықыласын арттырмайды, пәндерді методикалық тұрғыдан нашар оқытады. Қазақстан жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандары орта мектеп бітіргендердің математикадан, физикадан, химиядан, орыс тілінен білімдері саяз екенін көрсетіп жүр. Республика мектептерінде жылма-жыл көптеген бала кластан класқа көше алмай қалады.

Осы арада орта мектептерді алтын немесе күміс медальмен бітіргендердің де институттарға емтихан тапсыра алмай жүргенін қынжыла айтпасқа амалың жоқ. Биылғы қабылдау емтихандары кезінде де әлденеше

медалист қанағаттанғысыз баға алды. Ал бұл нені көрсетеді? Кей жерлерде мектеп басшылары мен оқытушылар, халық ағарту орындарының қызметкерлері орта мектеп бітірушілерді медальдармен наградтауға қатаң талап қоймайды, тіпті кейде тамыр-таныстыққа, көз бояушылыққа жол береді. Бұдан шығатын қорытынды, медаль ең үздік, ең білімді түлектерге берілуге тиіс, алтын медальдің құнын түсірмеу керек.

Міне осындай фактілер мұғалімдер арасында өзінің жалпы білімі мен идеялық-саяси дәрежесін көтермейтін, сабақ беру шеберлігі төмен, қазіргі педагогика ғылымы мен практикасына терең зер салмайтын адамдар бар екенін көрсетеді. Мысалы, Шнелі ауданының (Қызылорда облысы) «Гигант» совхозындағы сегіз жылдық мектептің биология пәнінің оқытушысы Төлегенова өз пәнін жетік білмейді, биология ғылымының соңғы жетістіктерін қадағалап отырмайды, керек десе ол еліміздің атақты күрішшісі, көрші колхозда еңбек ететін Ыбырай Жақаевтың бір гектар жерден қанша күріш алатынын да білмейді. Міне мұндай жағдайдың мұғалім деген ардақты атқа кір келтіретіні сөзсіз.

Ғылым негіздерін оқыту дәрежесін биік сатыға көтеру — оқушыларға коммунистік тәрбие беруде табысқа жетудің маңызды шарты. Мұғалімдер әрбір оқушының терең де жүйелі білім алуы үшін күнделікті қажырлы күрес жүргізіп, олардың ішкі жан дүниесін, жақсылығы мен жамандығын бес саусағындай білсе, өз тәрбиесіндегі әрбір баланың тәуір мінез қалыптастыруына ерінбей-жалықпай қамқорлық жасаса, мақсатына жетеді.

Ғылым негіздерін оқытудағы кейбір кемшіліктер жеке мектептерде маман педагог кадрларының жетіспеуінен де болып отыр. Мысалы, физика, химия, математика пәндерінен, орыс тілі мен шетел тілдерінен оқытушылар әлі кеміс. Бізде жоғары және орта оқу орындарын бітірушілер саны жыл сайын көбейіп келеді. Бірақ соған қарамай, көптеген облыстарда, әсіресе Алматы, Қостанай облыстарында педагог кадрлары тұрақтамайды. Оның басты себебі, жергілікті жерлерде оқытушыларға тиісінше тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасалмайды.

Қазақстан мектептерінің оқытушылар коллективтері, партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары балалар мен жас өспірімдер арасындағы тәрбие жұмысында бай тәжірибеге ие болды. Оқушылар демалысын ұйымдастырудың көптеген жаңа түрлері, аула клубтары, еңбек пен демалыс лагерьлері, жас топшылардың, шекарашылардың, милиция жас достарының клубтары, балалар кітапханалары, кино театрлар, қоғамдық негіздегі музейлер пайда болды.

Дегенмен кей жерлерде оқушылар арасындағы тәлім-тәрбиеге тиісінше көңіл бөлмеу фактілері бар. Қайсыбір кәсіпорындарда, колхоздар мен совхоздарда құрылған семья мен мектепке көмектесу советтерінің аты бар да, ісі жоқ. Жеке мектеп бастауыш партия ұйымдарының, оқытушылар коллективінің балалар тәрбиесіне жете мән бермеуінен кей жерлерде идеясыздық, биморальдық қылықтар бой көрсетіп жүргенін жасыруға болмайды.

КПСС XXIII съезі үстіміздегі бесжылдықта жалпыға бірдей орта білім беруді негізінен аяқтау міндетін қойды. Сондықтан биылғы оқу жылы мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда жаңа белес болғалы отыр. Мектептердің бастауыш партия ұйымдары мен оқытушылар коллективі шәкірттерге терең білім берумен бірге олардың бойында коммунистік идеялылық, революциялық саналылық егу жолында тынбастан еңбектенуге міндетті. Совет адамдарының еңбектегі ерлігі, қанарлы күндердегі қаһармандығы, ғылым мен техникадағы, мәдениеттегі орасан жетістіктер — оқушы жастарға идеялық-саяси тәрбие берудің басты қайнар бұлағы.



# Абай шығармаларындағы ақындық сөз орамы

Орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкин өз ұлтының әдеби тілінің негізін қалауда қандай еңбек сіңірсе, Абай Құнанбаев та қазақтың әдеби тілінің негізін қалауда сондай еңбек сіңірген. Сондықтан Абай тілінің ерекшелігін әркім әр тұрғыдан үңіліп зерттей берсе, мұның ешбір артықшылығы болмасқа керек. Абайдың «толғауы тоқсан» тілінің алуан сырын түсіну әсіресе, Абай тілінің сөздігін жасаушыларды көп ойландырып, толғандырғаны белгілі.

Абай шығармаларының тілі жайында С. Мұқанов өзінің «Жарқын жұлдыздар» атты еңбегінде: «Зор жүректен, зор ақылдан шыққан, мағынасы терең, түрі көркем сөзді ұға білуге де біраз ақыл керек» дейді. «Көзбен көр де, іштей біл» деп Абайдың өзі айтқандай, ақынның ойын іштей түсінгенмен, оны қағаз бетіне түсіріп, басқа адамға түсіндіру қиын-ақ. Егер «Күн — күйеу, жер — қалыңдық», «Сен жаралы жолбарыс ең», «Күйрегі — шаян, беті — адам, байқамай сенбе құрбыға», «Өткен өмір қу соқпақ, қыдырады талайды», «Талаптың аты арындап», «Кәрі Каспий қара көк көзін ашты», «Жас жүрек жайып саусағын», «Адасқан күшік секілді, ұлып жұртқа қайтқан ой» тәрізді өлең жолдарындағы күйеу, қалыңдық, жаралы жолбарыс, шаян, қыдыру, саусақ, адасу, ұлу деген сөздерге әдеттегі түсіндірме сөздіктегідей тура мағынасында «жолбарысты» — ақ деп, «күн күйеуді» — үйленетін жігіт деп, «жер қалыңдықты» — әлі ұзатылмаған оң жақтағы ару деп түсіндірсек, онда ақынның айтып отырған ойын тап баса алмаған болар едік.

Абай тілінде сөздің тура мағынасынан көрі теңеу, метафора, астарлы сөз, көкесін, шенеу, сықақ, мысқыл, бір нәрсені екінші нәрсеге балау, айтайын деген ойын алыстан срағыту, бүркемелеу, табиғатты адам өмірімен салыстыру, оны адамша сәйлету, тілсізге тіл, жансызға жан бітіру, сезім дүниесін суреттеу жағы басымырақ болып отырады. Бұл жай профессор Х. Жұмалиевтің Абай тілі жайындағы зерттеулерінде жақсы талданған. Абайдың сөз қолданысын зерттеудегі негізгі мақсат — ақын не жайында айтып отыр, неге теңеп, неге балап, неге меңзеп отыр, қысқасы ақынның ойын деп түсіндіру, әр алуан кестелі сөздің сырын ашу. Сөзіміз дәлелді болу үшін бірді-екілі мысал келтіре кеткен орынды.

«Кәрі Каспий қара көк көзін ашты,  
Жылы жүзбен Терекке амандасты».

Бұл өлеңдегі «амандасу» деген сөзді ақын Терек өзенінің Каспий теңізіне келіп құюын көдімгі көңілде адамдардың ықыласты кездесуі бейнесінде қолданған. «Екі езуім көпіріп, айғайласам, шын құтырсам, шың тасты тербеткенімдегі» «айғайлау», «екі езуі көпіру» дегендер арқылы судың қатты тасқынын суреттеген. Сол сияқты «Қызыл арай сары алтын шатырына, күннің көшке кіргенін көрді көзім» дегенде де, осындай жан бітіп, жайнап тұрған табиғат сыры бар.

«Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы».

«Айнала» деп ақын өлеңнің ұйқасы мазмұнына сай, керексіз сөзі жоқ, жинақы болуын айтып отыр.

«Барасың қайда, қайда болмай маған,  
Жас өмір алтын-күміс жарқылдаған».

Ақын бұл өлеңде қызықты жастық өмірді жарқылдаған алтын-күміске теңеп отыр. Абай өлеңдерінде кездесетін сөз мағынасының көпшілігі осы тектес болып, әрі әдемі, әрі ойлы ұғым береді.

А. Құнанбаев шығармаларында қолданылған сөз саны алты мыңдай десек, тұрақты сөз тіркестерінің саны одан едәуір көбірек. Біз көбінесе осы тіркестердің жайына тоқталмақпыз. Ақынның тіліндегі сөз тіркестерін бірнеше түрге бөлуге болады.

1. Абай қазақ тілінде бұрыннан бар, тұрақты сөз тізбектерінің мағынасын да, орнын да өзгертпей пайдаланған: аян беру, іске тату, ісі түсу, жатып ішер, ішін күйдіру, ішкен мас, жеген тоқ, ішін тарту, алаған қолым-береген, бес бересі, алты аласы жоқ, аруақ аттау, артын тілеу, ақ көңіл т. б.

2. Әдетте идиома, фраза, тұрақты сөз тіркестерінің өлеңмен келгенде тұрақты орны ауысып отыратын кездері болады. Абай қолданысында қазақ тіліндегі сол бұрынғы тұрақты сөздер өлең ұйқасына түсіп, әр жолға бытырайды да, өлеңге ажар береді. Мысалы:

«Ұрлық пенен қулыққа  
Байлағанда кестің бау.  
Берерменге бесеусің,  
Аларманда және алтау».

Бұл өлеңде данышпан ақын қазақтың «бау кеспе» (барып тұрған ұры деген мағынада) дегені мен «берерменге бесеу көп, аларманға алтау аз» деген тұрақты сөз тіркесін бірнеше жолға тарата қолданған. Бірақ мұнымен қазақтың байырғы идиома, фразаларының түсінігі әдемілене, анықтала түспесе, кем соғып тұрған жоқ.

«Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,  
Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың?».

Бұл өлеңде де қазақтың «қырқын мінсе, қыры артылмас» (түкке тұрғысыз) деген идиомасының арасына әртүрлі сөз қосып, айтайын деген ойын күшейтіп отыр.

«Өңкей уды жиып ап  
Себеді сорлы жүрекке»

дегенде де «у себу» тіркесіндегі «у» мен «себу» сөздерінің арасына ой ұғымын үстей түсетін бірнеше сөзді әдейі сиғызған. Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болар еді.

3. Абай қазақ тілінде бұрыннан бар тіркестерді өзінің қалыптасқан ұғымынан өзгеше пайдаланады. «Қара көңіл» деген сөз тіркесі қазақ ұғымында «арам ниетті» дегенді білдірсе, Абай оны «қайғылы, жабырқақты» деген мағынада қолданады («қара көңілім оянсын»). Ал «арам қылу» деген тізбекті «жат, бөтен болу» дегеннің орнына жұмсайды («Қылдың арам ойыңды, бір бұрмадың мойныңды»). «Асық ұтыс» деген сөз тіркесі қазақ ұғымында «кезек ұтыс» дегенді аңғартса, оны Абай өзгермелі, тұрақсыз қарым-қатынас деген ыңғайда алған.

«Асық ұтыс сықылды алыс-бөріс  
Тірі жанның қылығы бүгін тегіс».

Сондай-ақ «шыр айналуды» ойланып-толғану деген мағынада, «жол азықты» рухани нәр ретінде, «бөтен сөзді» айтайын деген ойға қатысы жоқ, артық сөз деген ұғымда, «сылқ-сылқ күлуді» — судың сылдыры орнына пайдаланады.

4. Абайдың өзі жасаған, өзіне тән тұрақты сөз тіркестері де аз емес. Олар «толғауы тоқсан», «көңілдің ерні кезеру», «үміттің аты еперу», «көзге ұру», «нұрлы ақыл», «ой көзімен қарау», «жас бұлт», «долы қол», «улы сия», «қан жүрек», «өшкі көздену», «адам аулау», «адам сауу», тағысын тағылар. Біз бұл арада Абайға дейін қолданылмаған тіркестер жайында айтып отырмыз. Әрине, Абайдан кейінгі, әсіресе, қазіргі ақын-жазушыларымыздың шығармаларында Абай жасаған тіркестерді қолдану жиі ұшырайды. Мәселен, Абай «Көңілімнің күні өткен соң» десе, Н. Әлімқұлов өзінің бір өлеңінде:

«Көңілдің күні көзіңді аш,  
Менің бір мауқым басылсын», — дейді.

Абай «Әжімсіз ақ саусағы іске ыңғайлы» десе, С. Бақбергенов: «Мырзаш Жамалдың сүйріктей аппақ, әжімсіз ақ саусақтарын алақанына салып, үнсіз отыр» деп жазады («Алтын емелден асқанда»).

Д. Әбілев («Ақын арманында») Абайдың:

«Әжімді жүзі тершіген  
Кәрі жартас таң қапты» —

дегенін қара сөзге айналдырған. Мұндай мысалдар тіптен көп. Мұның аты — Абайдың көркем тілін игеріп, орынды пайдалана білу деген сөз.

5. Кейбір сөз тіркестерін ұлы ақын ой орайына қарай дөрекі мәнде де қолданған. Бұған мысал ретінде «ірге аудару», «сары жұрт», «үзіп-жұлып алу», «асты-үстілі болу» деген тіркестерді келтіруге болады.

«Саудайы-ай сауды алмадың, сырқауды алып,  
Бір пәлеге жолықтың шырқау барып.  
Ала жаздай көгалды бір көрмедің,  
Сары жұртқа қондың ба ірге аударып».

Абаймен замандас Дүйсенқұл деген кісі өзімен ауылдас Жақып дегеннің күйеуден шыққан ауру қызын алғандығын «сары жұрт», «ірге аудару» тәрізді сөз тіркестерін қолдану арқылы мысқылдап отыр.

6. Абай тілінде кездесетін сөз тізбектерінің бір саласы араб, парсы тілдерінен алынған. Мәселен, «әһли кітаб» — кітабы, оқуы бар жұрт деген сөз. «Ғафур рахим» — кешірімді, мейірімді, «мектеп харбия» — әскери мектеп, «сахиб ниғмәт» — ризық беруші, «шамси жиһан» — жиһанның күні т. б.

Тағы бір айта кететін нәрсе, Абай қолданған сөз тіркестерінің кейбіреулері кемінде екі, үш түрлі ұғымды қамтиды. Мысалы, «Шыр айналу» деген сөз тіркесін бірде: — Палицын бай есікке келіп еді, шыр айналды күңк етіп әлгі бүкір деп, біреуге қарсы беттей алмау, бата алмау деген ұғымда қолданса, бірде:

«Жұрттың бәрі сөз сатқан,  
Сатып алып не керек?  
Екі сөзді төңірі атқан —  
Шыр айналған дөңгелек», —

деп табансыздық, тұрақсыздық көрсету деген ыңғайда пайдаланады. Тағы бір жерде:

«Қайғы болды күйгендей,  
Ол қуатым еді рас.  
Көзге тамшы тигендей  
Шыр айналды артқы жас» —

деп не істерін білмей дағдару, қатты күйзелу деген ұғымда айтылған. Қысқасы, «шыр айналу» тіркесі үш түрлі мағынада алынған. Сол сияқты «көзін ашу» деген тіркес үш түрлі ұғымды білдіреді: а) назар аудару деген мағынада, ә) жадырау, сергу деген мағынада, б) Каспий теңізін адамға балап қолданады («Көрі Каспий қара көк көзін ашты»). Осы тәрізді «жаны ашу» деген тұрақты сөз тіркесі де бірде өсіркеу, аяу, бірде ызалану, күйіну деген ұғымды білдіреді.

Осы сыпатты қазақтың «өңі қашу» деген сөз тіркесінің Абай шығармаларында адамның, заттың түрі, түсі жайындағы тура мағынасы кездеспейді. Керісінше екі түрлі ауыс мағынасын ақын әдемі пайдаланған.

«Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,  
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.  
Таң атқан соң шығарын күннің біліп,  
**Өңі қашып**, бола алмас бұрынғыдай».

Бұл арадағы «өңі қашу» — жарығы бәсеңдеу, бозару дегенді білдірсе, көңілдегі керікті ой ауыздан шыққанда **өңі қашады** деген нақыл сөзіндегі «өңі қашу» — дәл ойдағыдай болмау, солғынырақ шығу дегенді аңғартады.

Абай тілін зерттеуде негізгі нысанаға алып отырғанымыз академик М. О. Әуезовтың басқаруымен 1957 жылы шыққан екі томдық жинағы. Абайдың өз қолынан жазылған түп нұсқа жоқ екені баршаға аян. Сондықтан бұл 1957 жылғы жинақты шығарушылар Кәкітайдың, Мүрсейіттің нұсқаларын және совет дәуірінде басылған Абайдың өз жинақтарын салыстыра отырып, көптеген текстологиялық зерттеу жүргізген. Дегенмен бұл жинақта ешбір кемшілік жоқ дөуден аулақпыз. Жинақты Мүрсейіттің қолжазбаларымен салыстырып көргенімізде кейбір байқалмай кеткен я баспадан кеткен қателер де бар екен. Мұның бір себебі, әріптің асты-үстіне белгі қойылмай, араб жазуының үлгісімен жазылған Мүрсейіттің қолжазбасын, 1909 жылғы С. Петербург баспасын әркім өртүрлі оқығандықтан болса керек. 1957 жылғы жинақта:

«Қайғы шығар ілімнен,  
Ыза шығар тілімнен»,

— делінсе, 1933 жылғы жинақтың І. Жансүгіров жазған кіріспесінде «Қайғы шығар елімнен» делінген. Демек, «ілімнен» деген сөздің бірінші буыны «ел» деп те, «іп» деп те оқылғаны байқалады. «Ет жүрек» деп те, «ит жүрек» деп те оқуға болады. Сонымен қатар кейбір қателер редакциялау мен корректорлардың салақтығынан кеткен. «Талақ етіп бұл ғаламды» дегенде «ғалам» сөзі «ғылым» болып кеткен. «Бұл көзге көрінген, көңілге сезілген ғаламды қандай құдіретпен орналастырған» деген қара сөзде «орнастырған» болып «ла» буыны түсіп қалған.

Екінші томның аяғында берілген түсініктемеде: М. Ю. Лермонтовтың «Утес» деген өлеңінің аудармасы («Жартас») Кәкітай, Мүрсейіт қолжазбаларындағыдай:

«Әжімді жүзі тершіген  
Көрі жартас таң қапты:  
— Бәрі осы-ау, — деп, құз деген  
Томсарып тұрып жылапты»,

— деп берілді деліне тұра, кітапта «құз» сөзі «қыз» болып басылып кеткен. Осы тақылетті «Қыз сөзі» деген атпен берілген өлең бірінші томда:

«Тал жібектей оралып,  
Гүл шыбықтай бұралып,  
Салмағыңнан жаншылып,  
Қалсын құмар бір қанып», —

— деп басылған болса, Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында осы бір ауыз өлеңнің үшінші жолы «Тамағыңнан жан жылып» делінген. Бұл өлең жолы өлдеқайда сыпайы, дұрысында Абайға лайығы осы болу керек. Тағы да:

«Сіз — қырғауыл жез қанат,  
Аш бетіңді, бер қарат.  
Жақындай бер жуықтап,  
Тамағыңнан аймалат»

деген өлеңде «Аш бетіңді, бер қарат» жолы Мүрсейіттің екі қолжазбасында да «Ұш бетіңді бер қарат» екен. Бірақ 1909 жылғы Петербург баспасынан шыққан тексте «Аш бетіңді» делініп кетіпті. Осыдан алынған болу керек. Дұрысында, ақын адамды қырғауылға теңеп отырған соң, құсқа «бетіңді аш» дегеннен гөрі «бетіңді бері қарата ұш» делінетіні айқын ғой.

Бірінші томда басылған «жалаңқая» сөзінің тарихы да көңіл аударарлық.

«Жарлы алады қызметпен өткерем деп,  
Елубасы — жар салып, леп берем деп.  
Жалаңқая жат мінез жау алады.  
Бермей жүрсен, мен сені жек көрем деп».

Бұл текстегі «жалаңқая» сөзі Мүрсейіттің екі қолжазбасында да «жалаң қаққан» болып жазылыпты. Ал, Петербург баспасында «жалаңқа я жат мінез жау алады» делініп, «я» сөзі «тайға таңба басқандай» алдыңғы сөзден бөлек-ақ жазылса да, текстологтар байқаусыз алдыңғы «жалаңқа» сөзіне қосып жібергені сезіліп тұр. Абай елінде «жалаңқа» деген дара сөз — жұқалаң, жоқ-жітік, ашпа-жалап, сұрамсақ деген мағынада қолданылатын көрінеді. Ең болмағанда Мүрсейіт қолжазбаларындағыдай «жалаң қаққан» делінсе де мағынасы түсініксіз «жалаңқаядан» өлде қайда тәуір болар еді.

«Мап мен бақтың кеселі ұя бұзар» дегенде «кеселін» деп басылған. «Ұстаздық қылған жалықпас» дегенде «ұстаздық» сөзі «ұстаттық» болып қате кеткен. «Бүгін сүйсем, сені алсам — ертең жалығып» дегендегі «жалығып» сөзі «жалқып» болып, «ығ» дыбыстары бір ғана «қ» дыбысымен берілген.

«Ол күнде көз жетпесті көп көздеген,  
Түгел білім қайда екен деп іздеген»,

— дегенде «білім» сөзі «білем» деп басылған.

Әрине, мұндай қателерден басқа әлі күнге даулы сөздер де бар. Мүрсейіттің қолжазбасына түгелдей табынуға болмайды, ол да сын көзімен қарауды керек етеді. 1957 жылғы жинақта «Қорлық пен мазағына табынса да» деген өлең жолындағы «табынса» сөзі «табылса» болып қате басылып кеткен болса, Мүрсейіттің екі қолжазбасында да (1905, 1910) «табылса» делінген. Мұны құптауға болмайды. Өйткені алдыңғы жолда «Саған жар менен артық табылса да» дей отыра, Абай ол сөзді екінші рет қайталауы мүмкін емес. 1957 жылы шыққан жинақта:

«Орыс сияз қылдырса,  
Болыс елін қармайды.  
Қу старшын, аш билер  
Аз жүрегін жалғайды»,

— делінсе, М. Әуезов өзінің «Әр жылдар ойлары» атты еңбегінде «Өз жүрегін жалғайды» деп, «аздың» орнына «өз» деп берген. 1957 жылғы жинақта «Асау жүрек аяғын шалыс басқан» делінсе, профессор Құдайберген Жұбанов өзінің Абай жайындағы зерттеуінде Абайдың өлеңінен үзінді келтіріп, «Асау жүрек» деген жолдағы «жүрек» сөзін «жүйрік» деп алған. Әрине, текстология жұмысында әлі де талас пікірлер бола беруі мүмкін. Кейбір даулы сөздер үңіле зерттеуді керек етеді. Абзалы, ұлы ақын шығармаларының текстологиясын қарастырғанда Абай творчествосының жарық көре бастаған кезеңдерінен бергі жылдардағы кітаптарын, қолжазбаларын, газет, журналдарда жарияланған («Дала уалаяты», «Айқап», «Абай», «Таң» т. б.) нұсқаларын қарап шыққан теріс емес.

Қысқасы, Абай тілі — әркім әр тұрғыдан зерттей беруіне құшағын кең ашатын мол қазына. Абай тілі — көркемдігі күшті, сезімге әсер еткіш, мазмұны терең, мағынасы алуан түрлі бай тіл.

Г. ЖӨРКЕШЕВА,  
филология ғылымының кандидаты.

# «Интернационалдың» авторы

(Э. Потьеңің туғанына 150 жыл)

...Москва. Кремльдің съездер сарайы. Совет Одағы Коммунистік партиясының кезекті XXIII съезі жүріп жатыр. Ұлы жиын өзінің алтыншы күнгі мәжілісін әдеттегіден өзгеше бастады. Председательдік етуші делегаттарға таяуда ұшырылған советтік «Луна-10» автоматты станциясының дүние жүзінде тұңғыш рет Айдың орбитасына шығарылып, оның серігіне айналғанын хабарлады. Қенеттен күллі әлемге таныс, халықаралық жұмысшы табының гимні «Интернационалдың» әуені сонау космостан естілді. Съезд делегаттары, сондай-ақ 86 елден келген коммунистік және жұмысшы партияларының, ұлттық-демократиялық, солшыл социалистік партиялардың өкілдері орындарынан тұрып, гимнің асқақ үнін толқыған сезіммен тыңдай қалды.

Міне осы тарих сахнасына бұдан 95 жыл бұрын шығып, күрес пен жеңіс жырына айналған — «Интернационал» өлеңінің авторы — карапайым француз жұмысшысы, Париж Коммунасы мүшелерінің бірі Эжен Потье. Оның туғанына биыл 150 жыл толып отыр.

Эжен Потье 1816 жылғы 4 октябрьде Парижде жұмысшы семьясында туды. Потье он төрт жасынан бастап өлең жаза бастайды. Оның «Бостандық жасасын!» деген тұңғыш өлеңі 1830 жылы жазылған. Осыдан бастап ол жұмысшылардың ауыр тұрмысы, бостандық туралы революциялық бағыттағы өлеңдер жазады. 1848 жылғы атакты француз буржуазиялық революциясы кезінде ол қолына қару алып, баррикадалық ұрыстарға қатысады.

Э. Потье — Бірінші Интернационалдың жұмысына белсене қатысып, оның француз секциясын басқарады. 1871 жылы Париж Коммунасы құрылғанда атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Коммуна құлағаннан кейін Потье сырттай өлім жазасына кесіледі. Міне дәл осы кезде ол «Интернационалды» жазады.

«Интернационал» өлеңінің жазылуы мен оның дүние жүзіне тарауы ғылыми коммунизмнің негізін салушылар Карл Маркс пен Фридрих Энгельс ұйымдастырған халықаралық жұмысшы табының тұңғыш бұқаралық ұйымы Бірінші Интернационалдың тарихымен тығыз байланысты.

Бірінші Интернационалдың халықаралық жұмысшы қозғалысындағы алғашқы ірі жеңісі Париж Коммунасы болғаны мәлім. Коммуна 72-ақ күн өмір сүріп, қанға боялып, жеңіліс тапса да, оның идеясы мәңгі жасап қалды. Париж көшелері баррикадалардан тазартылып болмай-ақ, қаһарман коммунарлар жерленген зираттағы гүл шоқтары солып үлгермей-ақ, коммунарлар гимні «Марсельеза» үні сөнбей-ақ, дүниеге тағы бір қуатты үн, тағы бір ұран келді. Бұл 1871 жылдың июнь күндерінде жұмысшы ақын, Париж Коммунасының мүшесі Эжен Потье жазған «Интернационал» еді.

Потье бұл өлеңді жазғанына бір ай болмай жатып өз Отанынан кетуге мәжбүр болды. Өйткені «талқандап зорлықшыл жалғанды, теңейміз тепкіде қалғанды» деп ұран тастаған, бұдан бұрын да қанаушы тапқа деген уытты өлеңдерімен белгілі болған оны қанаушы тап қуғынға ұшыратты. Қуғын-сүргін жылдары ол Бельгияда, Англияда, Америка Құрама Штаттарында болып, сол елдердегі жұмысшы қозғалысына белсене араласады. 1873—1880 жылдары ол Америкада фабрика жұмысшысы бола жүріп, сол жылдары құрылған Солтүстік Америка социалистік жұмысшы партиясының бас секретарь-казначейі міндетін атқарады.

1880 жылдың аяғында Потье өз Отанына қайтуға рұқсат алады. Отанына келгеннен кейін ол революциялық істерге бел шеше араласып,

француз жұмысшы партиясына мүше болады. Революция, күрес туралы өлеңдер жазуын тоқтатпайды. Бұл кезде Францияда елеулі өзгерістер болған еді. Жаңадан жұмысшы партиясы құрылды. Елде ғылыми социализмнің қағидаларын уағыздайтын түрлі баспасөз органдары пайда болды. Соның бірі — сол кезде апта сайын шығып тұрған «Социалист» журналы. Бұл журналда үзбестен Эжен Потьенің Париж Коммунасының өшпес ерлігін насихаттайтын, еңбекшілерді қанаушыларға қарсы күреске шақыратын революциялық өлеңдері басылып тұрды.

Бұл жылдары Потье өзінің науқастығына қарамастан өлең-жырды үсті-үстіне жаза берді. 1884 жылы Потьенің тұңғыш өлеңдер жинағы, ал 1887 жылы екінші жинағы шықты.

Жастайынан тұрмыстың ауыр азабын басынан кешірген Эжен Потье 1887 жылдың 6 ноябрінде 71 жасында Парижде қайтыс болды. Потьені жерлеу көп адам қатысқан бейне бір демонстрацияға айналды.

«Интернационал» өлеңінің мазмұны мен идеясы К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік партия манифесінің» идеясы негізінде жазылған.

«Интернационалды» күллі жер жүзі еңбекшілерінің жауынгерлік гимніне айналдырған Пьер Дегейтер деген бельгиялық қарапайым ағаш ұстасы. Ол да Потье сияқты кедей семьяда туып, жеті жасынан бастап күн көрістің азабына ұшыраған кісі. Кейіннен ол семьясымен Францияның Лилль қаласына келіп қоныс тепкен. Ол бос уақытын музыкаға арнап, сол қаладағы жұмысшылар хорын басқарған, өзі де бірталай ән шығарған әуесқой-композитор.

Пьер Дегейтер «Интернационалға» арнап ән шығаруы жайында былай дейді: «Бір күні Лилль қаласындағы жұмысшылар хорының бір мүшесі маған қайтыс болған жұмысшы ақын Эжен Потьенің өлеңдер жинағын беріп жатып: осыдан қолайлы бірдеке таппас па екенсіз. Революциялық әндер бізде аз ғой. Ал революциялық әндер керек-ақ...—деді».

Одан кейін Дегейтер өлеңдер жинағынан «Интернационалды» оқиды. Оқып отырып, өлеңнің буын үндестігі мен ырғағының ән нотасына оңай үйлесетінін көріп, жұмысшылар хорына лайықты нота текстінің алғашқы жолын жазады. 1888 жылдың 23 июні — «Интернационал» тарихында оның жаңадан түлеп, қайта туған күні. Өйткені бұл күні ол қалың көпшілік аядында хормен гимн түрінде тұңғыш орындалған еді.

Міне осыдан кейін «Интернационалдың» елден елге таралған салтанатты шеруі басталады. 1889 жылы болған Интернационалдың әйгілі Париж конгресінде (оның жұмысына Энгельс қатысқан) француз делегаттары «Интернационал» гимнін көптеген достарға таныстырады. Сөйтін «Интернационал» 1889 жылы Бельгияда, 1890 жылы Англияда, Германияда шырқалады.

Ал «Интернационалдың» біздің елімізге таралуының тамаша шежіресі бар.

1889 жылы француз социалистерінің әртүрлі топтары мен ұйымдары Парижде өздерінің бірінші Бас конгресіне жиналады. Бұл жиынға сол кездегі орыстың революционер ақыны, эмигрант Аркадий Яковлевич Коц та қатысады.

Бұл туралы Коц өз естелігінде: «Ұдайынан бірнеше күнге созылған конгрестегі айтыс-тартыстың ешқайсысы да француз социалистерінің басын біріктіруге әсер ете алған жоқ. Ол ол ма, конгресс бітер күнгі мәжілісте айқай-шу, қайдағы бір құлаққа жағымсыз ызыңдар пайда болып, жиналғандардың берекесі каша бастады... Кенеттен мінбеге қолында қызыл туы бар біреу шығып туды жайғанда, одан «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұран көпшіліктің көзіне оттай басылды. Сол-ақ екен, жан-жақтан «Интернационалдың»:

«Аттан, азап шегіп жаншылған,  
Әлемнің күл мен аштары!»—

деген шумағы залды дүр сілкіндіріп, көпшіліктің еңсесін бірден көтеріп жіберді. Мінбедегі қызыл тудың астына ойда жоқ жерден Жорес, Лафарг, Гед және басқалар жинала қалды. Хор бірден бірге өрлеп, конгресс залын көкке көтеріп, қаһарлы күшке айналып:

«Интернационалмен  
Өркендер адамзат!» —

деген жеріне келгенде көпшілік бірін бірі құшақтап, сүйісіп жатты» деп жазады.

Осы көріністен үлкен ләззет алған А. Я. Коц «Интернационалды» орыс тіліне аударуға бел байлады. Арада үш жыл өткен соң Коцтың аудармасымен «Интернационал» 1902 жылы Лондонда шығатын орыс социал-демократтарының «Листки жизни» журналында басылып шықты.

Ал «Интернационалдың» нотасы тұңғыш рет Россияда 1906 жылы орыс музыканты Д. А. Черномордиковтың құрастыруымен шыққан «Алғашқы революциялық әндер жинағында» жарық көрді. Содан кейін-ақ ол біздің еліміздің әр түкпірінде айтыла бастады. «Интернационал» гимні өзінің ғасырға жуық өмір сүрген тарихында қаһарман жұмысшы табымен, бүкіл еңбекші халықпен талай-талай таптық шайқастар мен күрес-терде бірге болып, бірге шырқалды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін «Интернационал» жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекеті— Советтер елінің Мемлекеттік Гимні болып қабылданды.

Дүние жүзі еңбекшілерінің ұлы көсемі В. И. Ленин «Интернационал» гимніне, оның авторына өте жоғары баға берді. В. И. Ленин 1913 жылғы 3 январьда «Правда» газетіне «Интернационалдың» авторы Эжен Потьенің қайтыс болуының 25 жылдығына арнап «Евгений Потье» атты мақала жазды. Онда данышпан көсеміміз: «Саналы жұмысшы қандай елге тап болса да, тағдыр оны қайда айдап апарса да, Отанынан алыста жүріп бөтен тілді білмей, таныстары болмай, өзін қаншама жат санаса да, «Интернационалдың» таныс ырғағы бойынша ол өзіне жолдастар мен достар таба алады» деп тебіренген сезіммен пролетариат гимнінің тарихи маңызын дәл сыпаттап берді. Ал өлеңнің авторын В. И. Ленин: «Ол жыр арқылы жігерлендіретін ең ұлы насихатшылардың бірі еді», — деп өте жоғары бағалады (Шығармалар, 36-том, 201—202-беттер).

1928 жылы Совет Одағына «Интернационал» әнінің авторы Пьер Дегейтер келді. Ол кезде композитор сексен жаста еді. Еліміздің түкпір-түкпірінде шырқалған өз творчествосының жемісін көрген композитор ерекше толқыған қуанышты сезіммен еліне қайта оралды. Дегейтер 1932 жылы 84 жасында қайтыс болды.

1944 жылы елімізде Мемлекеттік Гимнің бекітілуіне байланысты ВКП(б) Орталық Комитетінің қаулысы бойынша «Интернационал» партия гимніне айналды.

«Интернационал» қазақшаға алғаш рет 1917 жылы Октябрь революциясынан кейін аударылды. Ал 1960 жылы оны бір топ қазақ ақындары қайта өңдеп аударды.

Бұдан 95 жыл бұрын сонау Францияда туған «Интернационал» қазірде заманымыздың ақыл-ойы, ар-намысы болып отырған Совет Одағы Коммунистік партиясының, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің гимніне айналды. Сондықтан «Интернационалдың» авторы, қарапайым жұмысшы ақын Эжен Потьенің есімі де ұрпақтан-ұрпаққа кете береді.

А. ҚАЛИҒОЖИН,  
Ғ. ЗҮЛХАРОВ.

## БАҚЫЛАУ ПРАВОСЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНЫЛСЫН

Сырдария ауданының көптеген шаруашылықтарындағы өндіріс және сауда орындарындағы бастауыш партия ұйымдары өздеріне КПСС Уставы берген үлкен бір правоны — әкімшілік жұмысына бақылау жүргізу правосын дұрыс пайдаланбастан келеді. Олардағы бақылау ісі көбінесе шаруашылық басшыларының өндірістік жоспардың орындалуы жөніндегі есебін тындаумен ғана тынады. Партия комиссиялары күнбе-күнгі бақылауға араласпайды, тіпті олардың көпшілігі тек қағаз жүзінде ғана бар.

Мәселен, Аманкелді атындағы және «Қараөзек» совхоздарындағы партия комиссияларының не жұмыс жоспары жоқ, не мардымды бір ісі жоқ. Ал «Қомсомол» совхозы мен тәжірибе күріш станциясының партия ұйымдары әлі күнге дейін комиссия құрмастан келген. Дәл осындай күйкі жайлар Жамбыл атындағы, «Қызылту», «Октябрь» колхоздарындағы бастауыш партия ұйымдарына да тән. Ол ол ма, кейбір партия ұйымдары комиссияларға мүше етіп, дәл осы комиссиялар жұмысын бақылауға алатын адамдардың өздерін ұсына салған.

Бұл бастауыш ұйымдардың бақылау правосын дұрыс пайдалануына Сырдария аудандық партия комитеті немқұрайды қарайтынын, оны әшейін бір басы артық жұмыс деп білетінін көрсетеді. Соңғы бір жарым жыл ішінде аупартком бюросы бұл жөнінде бірде-бір рет мәселе қарамаған.

Қызылорда облыстық партия комитетінің бюросы аупарткомның назарын осы кемшіліктерге аударып, бастауыш партия ұйымдарының әкімшілік қызметіне бақылау жүргізу правосын дұрыс пайдалануына бағытталған шаралар белгіледі.

## ПЛЕНУМ ПАРТКОМНЫҢ ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ

Республикамыздың маңдай алды кәсіпорны — В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты парткомының жұмысында талай-талай тәлім аларлық жайлар бар. Ұйымдастырушылық және партиялық-саяси жұмысты тығыз ұштастыра отырып, партия ұйымы комбинат коллективін өндірістік міндеттерді ойдағыдай шешуге жұмылдыра білуде. Әсіресе жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне көшуге әзірленуде коммунистер үлкен өнеге көрсетіп отыр.

Комбинат ай сайын жоспарды асыра орындаумен келеді. Тек жарты жылдың ішінде коллектив жоспардан тыс 592 мың сом пайда түсірді. Сөйтіп В. И. Ле-

нин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты СССР Түсті металлургия министрлігі бойынша бірінші орынға шықты.

Жақында Өскемен қалалық партия комитетінің пленумында комбинат парткомының жұмысы жайлы есеп тыңдалды. Партия ұйымының, бүкіл комбинат коллективінің іс тәжірибесі жан-жақты талданып, кемшіліктер көрсетілді.

Пленум комбинат парткомының жұмысын жақсартуға түсуге бағытталған нақты шаралар белгіледі.

## ТӘЖІРИБЕ ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Қостанайдағы жасанды талшық зауытының, «Большевичка» фабрикасының, құрылыс машиналарын жөндеу зауытының, ТЭЦ-тің және басқа да кәсіпорындардың коллективтері шаруашылықты жүргізудің жаңа жүйесіне көшуге қызу әзірлік жүргізіп келеді. Арнайы құрылған комиссиялар жаңа жағдайға тұтас көшудің жоспарын жасап, жүзеге асыруда.

Бұл кәсіпорындарда жоғары рентабельділікке қол жеткен, өндірістің барлық буынына шаруашылық есеп енгізілген, жаңа талаптарға сәйкес экономикалық-жоспарлау ісін жетілдіру мықтап қолға алынған. Жасанды талшық зауыды жарты жылда өнім өндіруді өткен жылдың осы мерзімдегі көрсеткішіне қарағанда 25 процент арттырып отыр.

Қостанай қалалық партия комитетінің бюросы жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне көшуге жақсы әзірлік жүргізіп отырған жасанды талшық зауыды мен «Большевичка» фабрикасының тәжірибесін мақұлдады. Сонымен бірге қалалық партия комитетінің бюросы автомобиль жөндеу зауыды, нан пісіру комбинаты, мебель фабрикасы, шина жөндеу зауыды, тұрмыстық қызмет көрсету фабрикасы және басқа да біраз кәсіпорындар бұл іске әлі күнге кіріспей отырғандығын атап өтті.

## СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

Павлодар облыстық партия комитеті қалалық және аудандық партия комитеттерінің ұйымдастыру бөлімдері менгерушілерінің семинарын өткізді. Онда бастауыш партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналысын өткізу тәжірибесі жөнінде, партияға адам алу тәртібі және жас коммунистерді тәрбиелеу жайлы, коммунистің дербес ісін қараудың ерекшеліктері туралы баяндамалар тыңдалды.

Семинарға жиналғандар партиялық-ұйымдастыру жұмысының келеді жайлары жөнінде пікір алысты.



# ЖУРНАЛ ОҚУШЫЛАРЫНА

Құрметті достар! Қазір елімізде баспасөзге жазылу жаппай жүріп жатыр. Бұл іске партия ұйымдары тікелей басшылық етуде. Жер-жерден редакцияға келіп жатқан журнал жан ашырларының хаттарына қарағанда «Қазақстан коммунистіне» де жазылудың барысы жаман емес. Журналдың көп тарауына ауыл-село активтері, әсіресе бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары ерекше ат салысуда.

Журнал жан ашырларының үнемі көрсеткен осындай игі қамқорлық, қолғабысы арқасында «Қазақстан коммунистінің» тиражы жыл сайын өсіп келеді. Егерде бұрнағы жылы журналды алдырушылар 25 мың болса, 1966 жылы журналға жазылушылар саны 36 мыңға жетті. Биылғы жазылу нәтижесінде келесі жылы журнал оқушылары бұдан да көбейе түсер деп үміттенуге болады.

«Қазақстан коммунистінің» бетінде күллі еліміздің өмірінде КПСС Орталық Комитетінің 1964 жылғы октябрь Пленумынан кейінгі болған жаңа серпіліс, мол тыныс, соны леп бар өрнегімен бейнеленуде. Партия, совет, комсомол ұйымдарының күнделікті тұрмысындағы жақсы нышан, бағалы бастама, айшықты істер ортаға салынуда. Бұқаралық-саяси, партиялық-ұйымдастыру жұмыстарының жақсы үлгілерін, оны ұйымдастырудағы ойларын айтып, бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары жиі-жиі мақала жаза бастады. Осыған орай журналда «БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ СЕКРЕТАРЫНЫҢ ТРИБУНАСЫ» атты рубрика ашылды.

Соңғы кездері редакцияға қатардағы коммунистерден партия тұрмысына байланысты, әсіресе ішкі партиялық демократияның барынша өрістеуіне сай көптеген сұрақтар түсуде. Мұның өзі, бір жағынан, оқушылардың партия тұрмысы мәселелерін жетік білуге ынталана түскенін аңғартса, екіншіден, жұрттың осынау ынта-ықыласы журнал редакциясына үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан да журналда «СҰРАҚҚА ЖАУАП» деген түпкілікті мүйіз ұйымдастырылып отыр.

Қымбатты жолдастар! Сіздер «Қазақстан коммунистіне» үзбей «МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ТЕОРИЯСЫН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК» деген рубрикамен жарияланатын теориялық, саяси, методикалық мақалаларды оқуыңызға болады. Журналда КПСС XXIII съезінің шешімдерін насихаттайтын материалдар, коммунистік құрылымның көкейтесті мәселелері, философия, нақты экономика, Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы, саяси экономия, ғылыми коммунизм мәселелері жайында мақалалар жиі жарияланады.

Журналда республика партия ұйымдарының жұмысына ерекше көңіл бөлінеді. Облыстық, қалалық, аудандық комитеттердің шаруашылыққа жасайтын партия басшылығы, бастауыш партия ұйымдарының жақсы жұмыс тәжірибесі қорытылады және ішкі партиялық жұмыстар кеңінен жазылып отырады.

Еліміздің өмірінде болғалы отырған екі ұлы той — Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл, Ұлы Октябрь социалистік революциясына 50 жыл толуына орай журналда «ДАҢҚТЫ ҚОС МЕРЕКЕ АЛДЫНДА» деген рубрикамен мақалалар берілуде. Бұл материалдардың бастауыш саяси мектептің тыңдаушыларына көмекші болатыны сөзсіз.

«Қазақстан коммунисті» журналы негізінен ауыл-село коммунистеріне арналған. Бұдан насихатшылар, үгітшілер, мұғалімдер, ауыл шаруашылығының мамандары, интеллигенттер өздеріне қажетті материалдарды тауып алады.

Құрметті оқушылар! Баспасөзге жазылу кезінде Сіздер өздеріңіздің ақылшы, кеңесші журналдарыңыз — «Қазақстан коммунистіне» бұрынғыдан да көп кісі жазылуы ұйымдастырар деген үміттеміз. «Қазақстан коммунисті» оқушы 36 мың адамның әрқайсысы журналдың жалынды насихатшысы әрі жан ашыры болады деп сенеміз.

Редакция «Қазақстан коммунистіне» жұртты көп жаздырып, белсенділік көрсеткен ауыл-село активтері жөнінде материалдық-моральдық жағынан көтермелеу шарасын қолданады, үздіктерін журнал бетінде жазып отырады. Журналдың тараду қорытындысы жайында редакцияға хабарлап, хат жазуларыңызды сұраймыз.

«Қазақстан коммунисті»  
журналының редакциясы.

## РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

УГ09622  
Заказ 1193  
Тираж 35913

Қ. Сағындықов (бас редактор), З. Айтмағамбетов (жауапты секретарь), Ж. Бектепов, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Мәдиев, К. Мендібаев, Ш. Өржанов, Т. Ыдырысов.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: редактор — 2-23-03, секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, идеология және экономика бөлімдері — 2-57-23.

6/Х-1966 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub> 2,5 қар. — 6,85 авт. табақ

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы.